



# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ, бірін дос,  
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№43 (3989), 31 қазан, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz



## Көрнекті жазушы Сапарғали БЕГАЛИННІҢ туғанына 130 жыл

6-7



ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ  
ТЕКТІЛІК

12



Өмір мектебінде  
ОҚУШЫДАН  
ОҚЫТУШЫ КӨП

14-15



ҚОҢЫР ҚЫРДА  
қоңырқайлау күй  
шалып...

16-18



КӨЗІ ЖАСТЫ  
күлегеш қыз

### «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазпошта» АҚ  
бойынша

Жеке жазылушыларға:  
Қалаларда:  
1 айға – 925,82 т.  
3 айға – 2 777,46 т.  
6 айға – 5 554,92 т.  
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен  
ауылдарда:  
1 айға – 925,82 т.  
3 айға – 2 777,46 т.  
6 айға – 5 554,92 т.  
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:  
Қалаларда:  
1 айға – 1918,53 т.  
3 айға – 5755,59 т.  
6 айға – 11511,18 т.  
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен  
ауылдарда:  
1 айға – 1720,82 т.  
3 айға – 5162,46 т.  
6 айға – 10324,92 т.  
12 айға – 20649,84 т.

БІРҚАТАР ҚАЛАМҒЕР МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Президент Республика күні қарсаңында бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқан және белсенді қоғамдық қызмет атқарған бірқатар азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында еңбек ардагерлері, жұмысшылар, өндіріс, бизнес, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау салаларының өкілдері, әскерилер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, спортшылар, мәдениет және өнер қайраткерлері бар.

Қазақстанның халық жазушысы атағына жазушы Ғ.Қабышұлы, акын М.Айтқожа, ие болды.

**Ғаббас Қабышұлы – Қазақстанның халық жазушысы**



Ғаббас Қабышұлы – көрнекті жазушы, публицист, аудармашы, сыншы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстанның құрметті журналисі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. 1989 жылы Қазақстан Жазушылар одағы құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясы алқасының бөлім меңгерушісі, 1994–1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының екінші хатшысы болды.

«Мінездеме», «Мысықта сақал неге жоқ?», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой...», «Халиңіз қалай?» «Кадр мәселесін... мәселе шешеді», «Жетім жиналыс», «Екі хикая», «Көлденең кітап», «Сағыныш сазы», «Адамның кейбір кездері», «Жолаушылар», «Төрт хат», «Тарғыл тағдыр» т.б. кітаптардың авторы. Чехов, С. Михалковтың, украин, серб, түрік, молдован жазушылары шығармаларын қазақ тіліне аударған.

**Марфуға Айтқожа – Қазақстанның халық жазушысы**



Марфуға Ғалиқызы Айтқожа – көрнекті акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Парасат, Құрмет ордендерінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Акынның алғашқы өлеңдер жинағы «Балқұрақ» деген атпен 1962 жылы жарияланған. Кейіннен әр жылдары «Шындағы жазу», «Жастық шақ», «Аққуым менің», «Қаракөз айым», «Баянжүрек», «Көзімнің қарасы», «Ақ бесігім», «Жарқыра, менің жұлдызым», «Қыран жеткен», «Таңдамалы», «Сағыныш сазы», «Жапырақ сілкінген кеш», «Аңсау», «Аққу жүрек», орыс тілінде «Утверждение», «Голубые

голуби», «Струна степей», «Горсть земли», «Украшение коня», «Летние росы» және т.б. өлеңдер жинағы жарық көрді. Бірқатар шығармалары болгар, поляк, венгр, чех, парсы т.б. тілдерге аударылған.

**II дәрежелі Барыс орденімен акын Иран-Ғайып Оразбаев марапатталды.**



Иранбек (Иран-Ғайып) Оразбаев – көрнекті акын, драматург, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Алғашқы «Жүрек жырлайды» атты жыр жинағы 1974 жылы жарық көрді. Кейін «Тың құрбаны», «Хайуандық комедия», «Күшігінен таланған», «Мен ішпеген у бар ма?», «Батқан кемеңнің бейбақтары», «Желжуан», «Құдай қарғағандар», «Жамбылдың қызыл жолбарысы», «Негізгі шаруа», «Қанына тартқан қыңырлар», «Алтын адам», «Алтын ажал», «Киелі күнә», «Хан–Абылай–Сабалақ», «Жәбекшаған», «ГүлНәр», «Театр Романы», «Қорқыттың көрі», «Мауглидің оралуы», «Махамбет», «Қашғария», «Былыққа батқан қала», «Керкеткен» атты драмалық дастандарын жазды. «Глаза ночи» (1983), «Царь слова» (1984), «Наследник» (1988) атты кітаптары орыс тілінде жарық көрді. 1990 жылы үштомдық, ал 2006 жылы 13 томдық таңдамалысы оқырмандар қолына тиді.

**Ақын Әсия Беркенова III дәрежелі Барыс орденімен марапатталды.**

Еліміздің рухани кемелденуіне және зияткерлік әлеуетінің дамуына елеулі үлес қосқаны үшін белгілі ғалымдарға, мәдениет қайраткерлеріне және өндіріс саласының өкілдеріне Парасат ордені берілді. Олардың қатарында ақындар Ғалым Жайлыбай, Серікбай Оспанұлы, Айтқали Нәріков пен белгілі қаламгер Жақыпжан Нұрғожаев бар.

Сол сияқты қаламгерлер Сәкен Сыбанбай, Талғат Айтбай, Сағынгерей Байменов, Алматы Исаділ, Әлібек Шегебай, Көлбай Адырбекұлы Құрмет орденімен марапатталса, Мәди Айымбетов, Берік Жүсіпов, Әшірбек Көпішев, Марат Тоқашбаев, Дандай Ысқақ, Сүлеймен Мәметов, Әлібек Қаңтарбаев, Бауыржан Бабажанұлы, Серікзат Дүйсенғазы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанды.

Жанар Әбдешова, Гаухар Жұмағұлова, Ислам Жеменей, Асылбек Ихсан, Мақсат Мәліков, Магамедин Обылқасымов, Бейбіт Сарыбаев, Ырысбек Дәбей, Жангелді Немеребаев, – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қазақстанның халық артисі атағына музыка, театр және кино өнерінің көрнекті қайраткерлері – Б.Әбділманов, М.Өтекешова, А.Жайымов, Т.Жанқұл, Ш.Жанысбекова, Б.Ибраев, К.Қазақбаева, Р.Машурова лайық деп танылды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атағы мәдениет саласының көрнекті өкілдері З.Алтынбаеваға, Ә.Алтынбекке, Н.Жмеренецкаяға, Б.Қажыбаевқа, белгілі кәсіпкер, қоғам қайраткері И.Сауэрге және тағы басқаларға берілді.



Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратында 25 қазан – Республика күні қарсаңында мемлекеттік наградаларға ие болған бірқатар қаламгерді марапаттау рәсімі болып өтті. Наградаларды Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов табыстады.

Салтанатты жиынды ашқан Мереке Әбдешұлы ұлттық мерекемен құттықтап, қаламгерлер қауымының Тәуелсіз Қазақстанды көркейту жолында жүзеге асырып жатқан жұмыстарын атап өтті.

Жиын барысында Жақыпжан Нұрғожаев Парасат орденімен, Талғат Айтбай, Алматы Исаділ, Сағынгерей Байменов, Көлбай Адырбекұлы Құрмет орденімен, Әшірбек Көпішов, Марат Тоқашбаев, Дандай Ысқақұлы, Сүлеймен Мәмет Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағымен, Жанар Әбдешова, Гаухар Жұмағұлова, Мақсат Мәлік, Бейбіт Сарыбай, Магамедин Обылқасымов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапа-

тталды. Сондай-ақ Қазақстан Жазушылар одағының Құрметті жазушы атағын Бейбіт Қойшыбаев, Айша Көпжасарова, Ольга Шиленко иеленді.


«Терең білімді, ерен тәрбиелі тұлға – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті болуы ұлттық руханиятымыздың қанатты қарыштауына жол ашты.

Мемлекеттік марапатқа ие болған, жалаулы жүйріктер ғұмырлы болыңыздар, сіздердің және өзімнің атымнан, Мемлекет басшысына арнайы рақметімізді «Тұран» күйімен жеткізуді жөн көрдім!» – деп II дәрежелі Барыс орденінің иегері, дауылпаз күйші Шәміл Әбілтаев қоныр домбыраны сөйлетті.

\*\*\*

Сол күні Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов Қазақстанның халық жазушысы атанған көрнекті қаламгерлер Ғаббас Қабышұлы мен Марфуға Айтқожаның шаңырақтарына арнайы барып, қаламгерлерлерді Республика күнімен және құрметті атаққа ие болуларымен арнайы құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына бақ-береке тіледі.

**ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ ҚР ҰЛТТЫҚ АРХИВІНЕ ТАПСЫРЫЛДЫ**



25 қазан – Республика күні қарсаңында көрнекті жазушы, мемлекет қайраткері Шерхан Мұртазаның қолжазбалары мен құнды құжаттары Астана қаласындағы Ұлттық архивке ресми түрде табыс етілді.

Құжаттарды мұрағатқа табыстау шарасына белгілі қоғам қайраткерлері, жазушының туыстары, әдебиеттанушылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Тапсырылған құжаттар қатарында жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты бұрын еш жерде жарияланбаған сирек фотосуреттері, жеке хаттары, жазба дәптерлері мен басқа да тарихи-мәдени маңызы зор құжаттары бар. Жалпы жиыны архивке Шерхан Мұртазаның 6 мың парактай қолжазбасы тапсырылған.

Айта кетейік, қаламгердің мұраларын жинақтап, сақтап, оны ҚР Ұлттық архивіне ресми түрде табыстаушы «Қазақ газеттері» серіктестігінің «Egemen Qazaqstan» ұжымы.

## ЖАСТАР ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақ-Британ техникалық университеті ғимаратында 25 қазан – Республика күніне орай зиялы қауым өкілдерінің алматылық жастармен, студенттермен кездесуі өтті.



Кездесуге Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мұрат Жұрынов, ғалым, қоғам қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Асқар Жұмаділдаев, филология ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнертану институтының директоры Кенжехан Матыжанов, Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлықбек Есдәулет, әлеуметтік ғылымдар докторы, профессор, академик Серік Сейдуманов қатысты.

Кездесуге Кенжехан Матыжанов модераторлық етті.

Шара барысында Алматы қалалық мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев жиналған қауымды Республика күнімен құттықтап, ұлттық мерекенің мән-мазмұнына тоқталды.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов Тәуелсіздік декларациясы – Қазақстанның дербес даму жолын айқындаған тарихи құжат екендігін, ол мемлекетіміздің егемендігін нығайтып, тәуелсіздіктің конституциялық және саяси негізін қалаған маңызды тарихи шешім болғанын атап өтті: «Бұл – тәуелсіздігіміздің берік негізін айқындаған, ел бірлігі мен рухының мерекесі. Бүгінгі табысымыз – кешегі ұрпақтың еңбегі мен ерлігі, ал ертеңгі жарқын болашағымыз – білімді, намысты, отаншыл жастардың қолында. Біз жастарға зор сенім артып отырмыз. Республикамыздың болашағын қалайтындар да, даңқын шығаратындар да – жастар!» – деді М.Құлкенов.

## АБАЙ МЕКТЕБІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Алматы қаласында 21 заманауи мектептің құрылысы жүріп жатқаны көпшілікке мәлім. Соның бірі де бірегейі – Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты.



Бұл оқу ордасы – Үкімет қаулысымен 2006 жылы Абайдың есімі берілген, елімізге және төрткүл әлемге танымал, соның ішінде ұлтымыздың рухани өміріне елеулі үлес қосқан тұлғалар білім алған мектеп. Мектептің атақ-абыройы республикаға ғана емес, алыс-жақын шетелдерге де белгілі.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов бастаған қаламгер қауым Абайдың есімі беріліп, оны абыроймен көтеріп келе жатқан тарихи білім ордасының жаңа ғимаратының құрылыс жұмыстарымен, оқу ордасының болашақ жоспарларымен танысты.

Мектеп басшылығымен әңгіме барысында Мереке Құлкенов қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын осындай білім ошақтарының ел руханияты үшін үлкен маңызға ие екенін атап өтті. Соның ішінде Қазақстан Жазушылар одағы мен Абай ұлттық мектебінің өзара ынтымақтастығы туралы сөз болды.

туындылары, әдеби-сын мақалалар, танымдық эсселер мен зерттеулер, әлем классиктерінің шығармашылық тәжірибелері мен құпиялары, сондай-ақ жас қаламгерлердің шығармалары тұрақты түрде жарияланып тұрады. «Жұлдыз» – өткеннің мұрасын, бүгіннің үнін және болашақтың үмігін тоғыстырған рухани әлем! Осы рухани әлемнен кол үзбеңіз. Қолданңыз, жазылыңыз.

## КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

«Alatau Creative Hub» орталығында Кітапханашылар күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.



Жиынға Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов пен Алматы қаласы мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев қатысып, кітапханашыларды кәсіби мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар кітапхана қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің және Алматы қаласы әкімінің атынан медальдармен және Алғыс хаттармен марапаттады.

## ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕҢСЕЛІ КҮНІ



ҚР Ұлттық кітапханасында осындай тақырыпта өткен салтанатты шара барысында бірқатар кітапхана қызметкерлері марапатталды.

25 қазан – Республика күні қарсаңында бірқатар азамат Мәдениет және ақпарат министрлігінің марапатына ие болды.

Сала мамандарына «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі мен Құрмет грамоталарын Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы табыстады.

Шарада Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесі И. А. Крылов атындағы қалалық балалар кітапханасының қызметкері Гүлназ Құдыспекова және акын Гүлнұр Зұлқаршын «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, Қазақстан Жазушылар одағы сатира кеңесінің хатшысы, сатирик Үміт Зұлхарова Құрмет грамотасымен марапатталды.



## МАЗМҰНЫ МӘНДІ ШАРА

Республика күніне орай «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында ел рухын көтерген, тағылымы терең, мазмұны мәнді «Республика рухы – болашақтың бағдары» атты кеш өтті.

Шараға қазақ руханиятының көрнекті өкілдері мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Қазақстанның құрметті жазушысы Жұмаш Кенебай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, акын Ұлықбек Есдәулет, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері, «Алатау арайы» газетінің тілшісі, акын Қуат Қайранбаев,

сондай-ақ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Нұржан Мүсірәліұлы мен Шамалған ауылдық округі әкімдігінің бас маманы Баян Садырбайқызы кештің қадірлі қонағы болды.

Кеш барысында Қарасай аудандық мәдениет үйінің талантты әншілері өнер көрсетіп, В.Белинский атындағы орта мектептің кадет сыныбы қадірлі қонақтарды патриоттық әндермен қарсы алды. Шараға қатысушы меймандар өз кезегінде елдің ертеңі жастарға тәуелсіздіктің киесі мен жауапкершілігі жөнінде тағылымды сөздер айтты.

Алматы облысы

## «ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Құрметті оқырман! Қазақ руханиятына ғасырдан астам уақыт бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан «Жұлдыз» журналына 2026 жылға «Қазпошта» арқылы жазылу науқаны басталды.

«Жұлдыз» – қазақ әдебиетінің алтын ұясы, ұлт сөз өнерінің рухани ордасы. Журнал бетінде қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясының озық

Жеке адамдар үшін	Қала	Ауыл	Мекемелер үшін	Қала	Ауыл
Индекс: 75685	Бағасы	Бағасы	Индекс: 25686	Бағасы	Бағасы
1 айға	1183,86	1183,86	1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58	3551,58	3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16	7103,16	6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14206,32	14206,32	12 айға	17394,24	16846,32

Нұрдаулет АҚЫШ,

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері*

**С.Бегалин есімін Кеңес дәуіріндегі әдебиет оқулықтарынан көңілімізге тоқып өстік. Әсіресе көбірек оқығанымыз – ол кісінің «Тайатқан тауынан табылыпты», «Сәтжан» деген әңгімелері. Кейін әдеби ортамен араласа бастаған кездерде осы көрнекті жазушыны тірідей көру бақытына ие болдым. Рас, қатар жүріп сырлас бола алғаным жоқ. Жасы сексеннен асса да, бойы тіп-тік, қара шашты, ұзындау қияқ мұртты ақсақалдың көсіле сөйлегенін естіген емеспін. Кейде жиналыстың төралқасында тапжылмастан отырса да, сөз сөйлеуге сұранбайтын.**

Өмірбаянмен таныссам, Сапарғали Ысқақұлы 1895 жылдың 24 қарашасында қазіргі Абай облысы, Абай ауданының аумағындағы Дегелең деген жерде өмірге келіпті. Семей қаласындағы орыс-қазақ училищесін бітірер-бітірместен, 1916 жылы майдан шебіндегі қара жұмысқа алынып, бірінші дүниежүзілік соғыстың біраз эпизодтарын өз көзімен көруі де – қаламгер өміріндегі елеулі оқиға.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, С.Бегалин жергілікті жердегі басқару саласында әртүрлі деңгейдегі жауапты қызметтер атқарған. Мысал үшін алғанда, 1929–1935 жылдары Дегелең болыстық атқару комитетінің төрағасы, Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім менгерушісінің орынбасары, аудандық халық соғы сияқты лауазымдарымен қайнаған қарбаластардың алдыңғы қатарында жүрген.

Кейінірек Қазақ егіншілік халық комиссариатында, Түрксіб темір жол басқармасында жауапты қызметтер атқара келіп, ұзақ жылдар бойы «Теміржолшы» газетінде, Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты (қазіргі Әдебиет және өнер институты), Қазақстан Жазушылар одағында еңбек еткен екен. Қаламгер 1983 жылы өмірден өтті.

Соңғы қызметтерінде жүрген кезінде ол ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу саласында да бірсыпыра жүйелі жұмыстар тындырғанын факті ретінде ғана еске салып өткен жөн болар.

Ұзақ шығармашылық сапарында оның қаламынан жиырманын үстінде поэма, оннан астам повесть, жүздеген әңгіме, тоғыз пьеса, бір роман, көптеген естеліктер, зерттеулер, мақалалар туды. Бір қаламгердің шығармашылық ғұмыры үшін бұл тізім аз жұмыс емес.

Әсіресе көбірек талданатыны – «Бала Шоқан», «Сәтжан» повестерінің көркемдік жетістіктері. С.Бегалиннің балаларға арналған шығармаларының өзінде уақыт тынысы, тарихи шындықтың көркемдік шындыққа айналуындағы шығармашылық ізденістері сәтті көрініс тапқан.

Көркемдік сипаты жалпы ортақ талапқа өз деңгейінде жауап бере алатын көптеген туындыларды өмірге әкелген, өз заманының танымал қаламгері болған Сапарғали Ысқақұлының балаларға арналған шығармалары жиырма бірінші ғасырдың биігінен қараған жағдайда да идеялық-көркемдік құнын жоғалта қойған жоқ. Құрғақ мәлімет ретінде келтіре кетсем, оның «Көксегеннің көргендері» (1948), «Ермектің алмасы» (1955, 1985), «Сәтжан» (1947, 1973, 1978), «Жас бұқа» (1953), «Жеткіншектер» (1960), «Мектеп түлектері» (1961), «Төл басы» (1947), «Бақыт» (1956), «Сырлы қайнар» (1963) «Шоқан асулары» (1971), «Қыран туралы аңыз» (1976) атты прозалық жинақтарына топтастырылған жекелеген әңгіме-повестері жас оқырманды уақыт шындығымен ұшастыра алатын дүниелер еді.

Бұл аталғандардан басқа «Замана белестері» атты романы (1975) мен екітомдық таңдамалы шығармалар жинағы (1979) оқырман игілігіне айналды.



## ӨТКЕН КЕЗЕҢНІҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕШІСІ

Қазақтың көптеген прозашыларының әдебиет табалдырығын, ең алдымен, өлеңмен бастайтыны жазылмаған дәстүр десе де болады. Сапакең де осы үрдіспен жүріпті. Оған дәлел – 1914 жылы «Айқап» журналында басылған «Қазақ қыз-бозбалаларына» деген тұңғыш өлеңі. Одан кейін көп ұзамай жазылған «Азамат арманы», «Көшер ме тұман серпіліп» деген өлеңдері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі атышулы қанды оқиғаларға арналған екен.

Оның поэзия жанрын бір ақындай тәп-тәуір менгері алғанын аңғартамын – «Азамат арманы», «Көшер ме тұман серпіліп» (1916), «Жылаған жұрт уанды» (1917), «Тау сыры» (1938), «Тансық» (1940), «Машинист» (1944), «Алтай аңызы» (1947), «Қыран кегі» (1943), «Цимлян теңізі» (1953), «Таңдамалы» (1956), «Сырлы қайнар» (1963) т. б. өлеңдері мен поэмалары. Бұл аталғандардың басым бөлігі балалар әдебиетінің ауылынан алыс емес, осы салаға қажетті көркемдік компоненттері толық, жас оқырманның қабылдауына лайықты. С.Бегалиннің өлеңдерін зер салып, көңіл қойып оқыған адам оның сазды лирик, сыршыл ақын екеніне көз жеткізе алар еді.

Адамгершілікке үндеген ақын ел кезетін жалқаулардың теріс мінездерін сықақтай отырып, оларды адал еңбекке, білім алып, оқу оқуға шақырды.

*Түтіні шыққан ауылдың,  
Түстігін аңдып, телмірме.  
Еңбекке ұмтыл, ерінбе...  
Жалдан да, адал ақша тап.  
Өмірді босқа өткізбей,  
Жас шағында оқып бақ! –*  
деген өлеңінің идеялық ұстанымы бүгінгі күні де көнере қойған жоқ.

Оның балаларға арналған тапқақ, жаңылтпаш, жұмбақ өлеңдерінің тілі жеңіл, мазмұны да ұғымға ауыр емес.

Қандас азаматтардың ерлігін, батырлығын мадақтайтын «Алтай аңызы» (Төлеген Токтаров туралы), «Қанатты қазақ» (Нұркен Әбдіров туралы) поэмалары – Ұлы Отан соғысы шындығын сәтті бейнелеген шығармалар қатарында.

Заман трагедиясы «Абақ арманы», «Айдос», «Баян жүрек», «Қыран кегі», «Бибі ханым» поэмаларынан қылаң береді. Олардан халқы үшін туған ерлердің қатыгез қоғаммен алысып өткен ауыр жағдайлары, халық басындағы күйзеліс анық аңғарылады. Бірден басын ашып алу керек, бұл соңғы тізімдегілердің кейбіреулерін таза балалар әдебиетінің туындыларына жатқыза алмаймыз.

С.Бегалиннің басқа да замандас қаламгерлері тәрізді арнайы акцент жасай отырып жазған тақырыптарының бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес халқының қаһармандық ерлігі. Оның Кеңес Одағының

Батыры атағын алған жерлесіміз Нұркен Әбдіровтің ерлігін жырлауға арналған «Қанатты қазақ» поэмасының көркемдік лейтмотиві патриоттық екпінге толы. Қазақтың қос қаһарман қызы Әлия мен Мәншүкті прототип етіп алған «Ажар» поэмасында ел басына қатер төнген шақта қазақ қызының өзі сұранып, майдан шебіне аттануы, сол соғыста көрсеткен ерліктері суреттеледі.

Оның шығармашылығы туралы пікірлер баршылық. Соның кейбірі мынандай:

«Сапекең өз машығы – өз сөз өрнегі, өз мазмұны, өз ерекшелігі бар белгілі қазақ ақыны болуымен қатар, есімі бүкіл Совет еліне мәлім балалар жазушысы. Оның кезінде одақтық жүзде алған «Сәтжан» повесі жүз мыңдаған тиражға бірнеше тілге аударылып, Отанымыздың түкпір-түкпіріне тарап кетті» (Зейнолла Кабдолов, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы).

«Сапекеннің «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Бала Шоқан» сияқты повестері қазақ балаларына да жете таныс. «Сәтжан» повесі балалар кітабына арналған одақтық конкурста бәйге алып, орыс тіліне, сол арқылы басқа халықтар тілдеріне аударылды. Бұл шығармаларында Сапекен бүгінгі ұрпаққа ауыл балаларының бүгінгі тіршілігін, өмір, табиғат танауы жаңа істерін тамаша етіп айтып берді. «Бала Шоқан» халықтың дана ұлдарының балалық шағын әңгімелей отырып, сол дәуірдің тарихи шындығымен таныстырады. Көпті көрген, халық даналығын бойына жиған ақсақал жазушымыздың қай кітабы болса да, қазақ оқырмандарының үлкен-кішісіне бірдей ортақ. Ол – данышпан халықтың бай тәжірибесін әңгімелеуші» (С.Қирабаев, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы).

С.Бегалиннің «Бала Шоқан» повесінде Шоқанның бала кезі «отбасы ошақ қасындағы өмірі», өсіп-өнген ортасы, өзі қамқорлығын көрген атасы Шыңғыс, әжесі Айғанымнан бастап, бірсыпыра туыстары қысқаша болса да повестің әр тұсынан шап беріп қалып жатады. Шығармада Шоқан жастайынан ұстамды, ақылды, жан-жағына байыптап ой көзімен қарай білетін зерек бала ретінде бейнеленген.

Жарқын талантымен, өлшеусіз еңбегімен қазақ халқының асыл перзенті ретінде тарихта қалған ұлы тұлғаның балалық, жастық шағы туралы әңгімелеуі уақыт шындығына сай. Қазақ халқының он тоғызыншы ғасырдағы тұрмыс-тіршілігі де, тарихи ерекшеліктері де назардан тыс қалмаған. Автор Шоқан неліктен осындай ұлы тұлғаға айналды деген сұрақтың жауабын өскен ортасынан табады.

С.Бегалин жалпы персонаждарды бейнелегенде ұзақ сонар баяндауға немесе терең

суреттеуге бой алдыра бермейді. Бұл арада ол кісінің сүйенетін көркемдік тәсілдерінің бірі – нақтылық, қысқалық. Бірақ соның өзінде де кейіпкер бейнесін сол жекелеген штрихтар арқылы есте қалатындай етіп суреттеуге бейім.

Қалай айтсақ та, Сапарғали Бегалиннің қазақ балалар әдебиетін дамытуға қосқан үлесі әлі де назар аударарлық деңгейде. Балаларға арнап жазған өлеңдері мен әңгімелері тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Бір шығармаларда жас жеткіншектің жақсы үміті, талабы, әр іске икемділігі, құмарлығы сипатталса, енді бірінде олардың әртүрлі мінез-құлқы мен алуан әрекеттері суреттеледі. Бірсыпыра өлең мен әңгімесі балаға өмір сырларын, табиғат құбылыстарын танытуға арналған.

Оның балалар прозасындағы көркем кеністігі – қақаған аяз, дүлей боран, шыжыған ыстық, жайдары жайлау. Кейіпкерлері – дала төсін жайлаған кесек тұрпатты, ірі мінезді жылқышылар, малшылар, аңшылар, солардың өнеге-үлгілерін ұстанған жасөспірімдер.

Халықтық дәстүрді бойларына сіңіріп, табиғат аясында өскен жасөспірімдердің жан дүниелері де таза. Міне, осындай кейіпкерлердің бірі – «Сәтжан» повесіндегі Сәтжан деген жеткіншек. Ол өзінің досы Жанай екеуі жазғы демалыстарында колхоз бұзауларын бағып жүреді. Сөйтіп, колхоз малын көбейту жөнінде түрлі қиялдарға да беріліп қояды. Бүгінгі эгоизм мен өктемдік асқынған жаһандану дәуірінің балалары мұндай энтузиастарды түсіне алмаулары да ықтимал. Повесте Зейне ана, аңшы Серікбай, кенші Петр тәрізді ересектер бейнелері де жақсы бедерленген.

Әдебиеттанушы ғалым Н.Ғабдуллиннің «Сәтжан» – жеткіншектерге аю, қасқыр, жолбарыс, ителгі, бүркіттер психологиясын ұғындырып, аң аулау тәсілдерін үйретіп, қоғамға белсенділігін күшейтетін шығарма» деген пікірі дәлелсіз, жадағай сөз емес.

Жазушының «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Сымбатты Сима» және басқа повесть-әңгімелері тәрбиелік қуатымен күшті. Өскелең ұрпақтың бойындағы мөлдір сезімді, тазалық пен адамгершілік нышандарын оқырманға үлгі ете алуының өзі шеберлік. С.Бегалин шығармаларының сюжеттері бала ұғымына жақын қызықты болып келеді. Аңшылық әңгімелерін айтқан жерлерінде автордың беріле суреттейтін тұстары да аз емес. Повестің орыс тіліне аударылып, Москва мен Ленинградта бірнеше рет басылып шығуы соның дәлелі.

С.Бегалин аса ділмар емес, айшықты сөздерді қолдануы сирек. Бірақ соған қарамастан, балалар бейнесін көз алдына жұқалап болса да, елестете алады: «Әншейінде жай қимылдап, сөзді сараң сөйлейтін Сәтжанның мына сияқты әрі тез, әрі тапқыш қимылына Жанай таңданғандай бетіне қарай берді» деген сөйлемді алып қарайықшы. «Жай қимылдап, сөзді сараң сөйлейтін» Сәтжанның қандай бала екені оқырманға да аңғарылып қалады.

С.Бегалин елуге жуық әнге өлең мәтіндерін жазған. Халықтар достығы, 2 рет «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталуы да осы еңбектердің жоғары жақтан еленгендігінің белгісі еді.

Бүгінгі таңда жазушының атында кітапханалар, көшелер бар. Ол кісінің мерейтойларына орай есімін қайтадан жаңғыртардай етіп, жыл сайын «Бегалин оқуларын» өткізіп тұрса да, артықтық етпес еді.

С.Бегалиннің балалар мен жасөспірімдер жазушысы болуының басты себептері де жас ұрпақты тәрбиелеудегі осындай тәрбиелік ұстанымнан туындайды. Жас оқырмандарға арналған шығармалары, негізінен, өзі көрген өмір тәжірибесі мен өзі ортасында жүрген тіршілік көріністерін реалистік тұрғыдан әңгімелеумен ерекшеленеді. Балаларға арналса да, үлкендердің де қызығып оқитын шығармалары да баршылық.

Сапарғали Бегалин – балалармен бірге ересек оқырмандарға да арнап әдебиетіміздің поэзия, проза жанрларында тартымды, толымды шығармалар берген суреткер, шығармашылық ұзақ ғұмырында бабымен еңбек етіп, артында елеулі мұра қалдырған қаламгер. Кеңес дәуіріндегі қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде оның есімі әдебиет шежіресінде өзіндік орынға ие екенін ұмытпаусымыз керек.

Сөз басын осындай сұраулы сөйлеммен айдарлауымның себебі – әр адамды күндердің күнінде осы бір сұрақтың жиі-жиі мазалайтыны кәміл екеніне көз жеткізгенім дер едім. Иә, шынында да әр адам өз ұрпағына не қалдыруы керек? Бірден жауап бере салу, әрине, оңай емес.

Өмірге келген әрбір адам өз ұрпағына талмай өсиет айтып, шыққан тегін, ата-баба шежіресін және өзінің басып өткен өмір жолын ауызша түрде өнеге етіп, балалары мен немере-шөберелерінің жадында сақталуы үшін жиі-жиі құлақтарына құйып отыратыны белгілі. Дегенмен сол өсиет, өнеге, ұрпаққа деген аманатты жазбаша түрде қалдыруды әр адам өз міндетім деп санамайтыны шындық. Соның салдарынан кейінгі ұрпақ көп жағдайда өз ата-бабасын тектеп, таратуда көмескілікке, күмәнділікке ұрынып жататыны жасырын емес.

Бұл жолы менің қалам алғандағы мақсатым – жеке бір адамның басып өткен өмір жолы жайлы немесе оның қоғамда атқарған қайраткерлігі жөнінде жазу емес. Бүгінде жасы 87-ге толып, киелі абыздықтың ардақты ауылына абыроймен жетіп, өсіп-өнген бала-шағасы мен немере-шөберелерінің ортасында маңына саясын жайған алып бәйтеректей мамыражай күй кешіп, Құдай қосқан қосағы Сара Әжіғалиқызымен жұбын жазбай 64 жыл өмір сүріп келе жатқан Жұбатқан ағаның анығырақ айтқанда, Жұбатқан Аманғалиұлы Ниткалиевтің тасқа таңба басқандай етіп өз немере-шөберелеріне арнап жазған өсиетнамасын оқып шыққанда, мемуарлық жанрдағы стилі мен формасында өзіндік бір ерекшелігі бар осы бір дүние жайлы әңгіме қозғау көкейіме орала берді.

Жұбатқан ақсақалдың «Өмірдегі дара жол іздерім – немере-шөберелеріме өсиет» деп аталатын, өз ұрпақтарына арнаған көлемі небәрі 80 беттен тұратын шағын ғана кітабын оқып шыққанда, бұл қымбат дүниенің кейбіреулердің бірнеше том етіп шұбыртып жазып жататын ғұмырбаяндық роман-эсселерінің жүгін көтеріп тұрғанын айқын сезіндім. «Немерелерім, шөберелерім! Болашақта қоғамнан қалмай, білімді, мәдениетті, ақылды болуға, еліміздің саяси және әлеуметтік проблемаларын дұрыс түсіне білуге тырысыңыздар. Оның барлығы сіздердің тыныс-тіршіліктеріңізге, ақыл-ойларыңызға тікелей байланысты екенін ұмытпаңыздар!» деген терең жан толқыныстарымен басталған ақсақал өсиеті кітаптың алғашқы бөлімінен-ақ адамның өз ұрпағына деген ыстық та жүрек түбінен елжірей шыққан ата тілегі кімді болса да тебіреніске түсірері анық. Өсиет кітабындағы Жұбатқан ақсақалдың сонау қапалы 1938 жылы өзінің өмірге қалай келгені жайлы қысқаша баяндауы ұрпақтарына ел басынан сондай бір қасіретті жылдардың өткенінен хабар береді. Ал «Бабаларымның дара жолы» деген бөлімінде ата-ананың өз перзентіне деген шексіз сүйіспеншілігінің қаншалықты жоғары екені айтылады.

Аманғали әке мен Қазына ана өткен ғасырдың 1955 жылдары қияндағы Гурьев облысының (қазіргі Атырау) Құрманғазы ауданындағы қызметін тастап, үй-жайын басқаға аманаттап, жалғыз ұлының қасында болу үшін Алматыға келеді. Олар аядай бір бөлмелі пәтер жалдап, бастарына түскен қиындықтың қандайына болса да бел буып, тек баласының амандығын тілеп, жұпыны өмірдің өзін ұлының қасында тойдай көріп өмір сүреді. Осы қысқа ғана баяндаудың өзінен-ақ балаға деген әкелік, аналық сезім мен шексіз қамқорлық жайлы ата естелігін оқыған бүгінгі немере-шөберелердің тебіреніссіз қалмасы анық. Бұл жолдарды

# ҰРПАҚҚА ӨСИЕТ

## НЕМЕСЕ ӘР САНАЛЫ АЗАМАТ ӨЗ ҰРПАҒЫНА НЕ ҚАЛДЫРУЫ КЕРЕК ?

оқыған әр жас ұрпақтың бойына ата-анаға, туысқа, жалпы адамзатқа деген мейірім деп аталатын қасиетті ұғым сіңіп, кеуделеріне адамгершіліктің биік те адал ұстанымы ұялары сөзсіз.

Жарық дүние жаратылғалы бері теңіз толқындарының бірінен соң бірі лықсып келіп, жағадағы жартасқа соғылып, ғайып болып жататыны секілді, адам өмірі де тоқтаусыз ағылып, бір ұрпақ кетіп, орнына екінші толқын келіп жатады. Ол – адамдар легі. Толқынның жағаға соғылып жоқ болатыны сияқты, адамдар да өмірге келеді, кетеді, тағы келеді де кетеді, бірақ қандай із қалдырды.


Адамның есімін адам қойғанымен, оның сол атқа лайық болуын, тағдырын бір Жаратушы өзі реттеп тұратын болса керек. Жұбатқан ағамыздың әкесі Аманғали 1937–1938 жылдардағы қиын-қыстау заманда қазақтың елім деп еңіреген атпал азаматтары саяси қуғын-сүргінге ұшырап, екі ағасы шетінеп кеткен кезде дүниеге келіп, анасы Қазынаның қайғысын басып, көңілін жұбатқандарынан, оның есімін азан шақырып Жұбатқан деп қойған екен.

Айта кету керек, Ұлы Отан соғысы кезінде мектеп оқушысы бола тұра, Жұбатқан аға қолынан келгенше небәрі 7–8 жасында ауылдың шаруашылығына белсене араласып, үлкендермен бірге түрлі жұмыстар атқарған. Мысалы, жеміс-жидек теру, малдарға жем-шөп беру және басқа да шаруаларға қолғабыс еткен.

Сондықтан Жұбатқан аға соғыс жылдарында жап-жас болса да еңбек майданының мүшесі болып, мемлекетіміздің қамқорында болған деуге болады. Осыны ескере отырып, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мырза 2025 жылғы 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай абзал азамат ағамызды арнаулы медальмен, құттықтау хатпен және ақшалай сыйлықпен марапаттағаны өте орынды деуге негіз бар. Әр адам жасы саналы шаққа жеткеннен кейін үнемі өткенін сараптап, өмірінің әр кезеңін қорытындылап, айналасында болып жатқан жақсы-жаман құбылыстарды жадында зерделеп түйіп, өз кезінде еш боямсыз, өңін өзертпей қағазға түсіріп, кейінгіге дерек етіп, ұрпақтарына өнеге етіп қалдырып отырған адамдардың, шын мәнінде, артында сайрап ізі қалып, есімі де өшпейтінін айтсақ, мұнымызды ешкім сәуегейлік дей қоймас.

Жасынан еңбекке араласқан ол қатарынан оқ бойы озық азамат болып жетіліп, еліміздің ең таңдаулы және тұңғыш ашылған (1928 жылы) қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1960 жылы Экономикалық-география мамандығын бітіріп шықты, сол жылдан бастап ғылыммен шұғылданып, әрі қарай жоғары оқу орындарында желкілеп өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты білім және ғылым нәрімен сусындатты, атап айтқанда, педагогикалық университет, Халық шаруашылығы, Еуразия нарық институты. Шәкіртерінің көбі бүгінде елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, атақты педагогтар, ғалымдар, бизнес өкілдері, ірі банк басшылары қызметінде жемісті еңбек етуде.

Қоғамнан қоғам ауысып, бүгінде ұрпақтар психологиясы өзгеріп, еңбектеген сәбиден еңкейген қартқа дейін санасын ғаламтор билеген мына заманда, жоғарыда



айтқанымыздай, сол ғайыптық құшағына еніп кеткеніне сан жылдар өткен қазақ ауыз әдебиетінің өлшеусіз қазыналарын алғаш жинап, зерттеушілердің бірі, Кеңес Одағының Батыры, белгілі ғалым, ол кезде Абай атындағы ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық университеті) ректоры Мәлік Ғабдуллинмен естен кетпес кездесуін ерекше тебіреніспен еске алып, еліміздің ардақты ғалым-экономистері мен көрнекті өнер және спорт қайраткерлерімен де, атап айтқанда, есімдері аңызға айналған Яхия Аубакиров, Қабі Окаев, Марат Кенжегүзін, Райымбек Сейтметов, Абдусалам Нұрмаханов, Ғұсман Қосановтармен қоян-қолтық араласқан кездерін, сондай-ақ біртуар талант, жұмбақ акын Жүмекен Нәжімеденов пен асқақ ойлары кеудесінде тулап өткен ғаламат жазушы Асқар Сүлейменов сынды әдебиет дүлдүлдерінің есімдерін ерекше ілтипатпен атап, олармен бірге өткізген сыйластыққа толы жылдарын да Жұбатқан ақсақал өз өсиет кітабында тегіннен-тегін әңгімелемесе керек. Бүгінгі немере-шөберелері олардың есімдерімен танысқан сон: «Міне, біздің атамиз осындай ірі тұлғалармен дос, дәмдес болған екен-ау!» деген мақтаныш сезімдері оянып, олардың шығармашылығын іздеп, тауып оқып, бойларына дайытатыны кәміл.

Өмірде өзіне лайық жар таңдап, отау құрып, ұрпақтарына отбасылық сыйластық пен ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген жоғары деңгейдегі жан ұғынысының да қаншалықты кастерлі екенін Жұбатқан ағамыз өмірлік жолдасы, асыл жары, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, эпидемиолог-инфекционист, бүгінде медицина саласының үздігі, немерелерінің сүйікті әжесі Сара Әжіғалиқызы туралы да ұрпақтарына әсерлі баяндаған. Әрине, ұрпақтарының бәрі де: «Біздің әжемиз міне, осындай адам!» – деп әркез мақтан тұтатыны анық. Өйткені ата-әжесін мақтан тұту – әр немерені арманы емес пе? Сөз реті келгенде айтпасқа болмас, сол немерелерінің сүйікті әжесі Сара Әжіғалиқызын 85 жасқа толған мерейтойымен мен де шын жүрегімнен құттықтаймын!

«Өмірімнің жалғасы, көзімнің нұры – немере-шөберелерім!» – деп Жұбатқан ақсақалдың өзі айтқандай, жанының жайқалған жапырақтары іспетті немерелеріне бала деп қарамай, әрқайсысын азамат санап, терең мағынаға толы ойлы өсиетін былайша жалғастырады: «Айналайындар, Руслан – Әйгерім, Айбек – Анеля, Анвар – Сабина, Алмас – Адина, Айбар – Айымжан,

Алима, Айтуар, Айна, Алишер! Болашақта елдегі және өмір жолдарыңызда табысты болып, ортаңыздан қалмай, білімді, мәдениетті, ақылды болуға, еліміздің саяси және әлеуметтік проблемаларын дұрыс түсіне білуге тырысыңыздар. Оның барлығы сіздердің тыныс-тіршіліктеріңізге, ақыл-ойларыңызға тікелей байланысты екенін ұмытпаңыздар, сүйікті немерелерім!

Өз мінін, кемшіліктерін байқамаған адам, жетістікке мастанған адам өркенділікке ұмтыла алмайды. Ата өсиеті үнемі естеріңізде болсын!» – деп әр немересінің есімін атай отырып және оларға асқан сыпайылық пен жоғары мәдениеттілікпен сөйлеудің өзін үлгі ете отырып, олардың жалындаған жас жүректеріне ізгілік дәнегін себеді.

«...Адам туғаннан ақылды, әдемі, бақытты, ұлы тұлға болам деп ойламайды. Оның өмір жолындағы адал еңбегіңіздің, адамгершілігіңіздің, кішіпейілділігіңіздің, байсалдылығыңыздың, ақыл-ойыңыздың арқасында бірте-бірте қалыптасады. Осы ізгі қасиеттерді сіңіргенде ғана қоғамдағы өз орныңызды адаспай табасыздар. Еш уақытта жасампаздыққа, орынсыз жасампаздыққа шабыттандудың қажеті жоқ. Қатарластарыңыздың, аға-бауырларыңыздың ізгі істеріне, жетістіктеріне шын ниеттеріңізбен қуанып, ұсыныстарына үлкен сенім білдіріп, жоғары адамгершілігіңізді таныту керек. Әріптестеріңізді руға, жерге, елге бөлмей, қолыңыздан келгенше қолдау көрсетіп, көмектесуге тырысқандарыңыз жөн.»

Жұбатқан ақсақал жүрегінен жарып шыққан осы өсиет, өнегелерін Арслан, Аделя, Айдан, Айсара, Заури, Айлин, Айсұлтан, Ақбар, Анвар есімді шөберелерінің де есіне салып және бұны болашақта қалдағалап отыруды сүйікті балалары Серік пен Берікке, сондай-ақ қызы Әселге тапсырады, яғни бұл дегеніңіз, ата тілегі мен өнегесінің ұрпақтан-ұрпаққа сайрап жетіп отыратынының кепілдігі болса керек.

Иә, бүгінде экономика ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор, өмірінің 60 жылдан астам уақытын еліміздің ең таңдаулы оқу орындарында сапалы білім берумен өткізген Жұбатқан Ниткалиев ақсақал өз немерелері мен шөберелеріне арнап жазған аталық өсиетінде осылай деп терең толғана сөзін арнайды. Бұл ұзақ та қалтарысқа толы өмірді бастан өткізіп, қандай адамдық қасиеттердің кез келген адамды ойлаған асыл арманының асқақ шыңына адастырмай жетелеп алып шығатынына көз жеткізген абыз ақсақалдың өз ұрпағының өмір жолына сілтеген айқын бағдары іспетті.

Бұл – біз сөз еткен шағын кітап-өсиет-намадағы бүгінгі және барша келер ұрпаққа да арналған аталы сөз, өмірдегі пендеуі тірліктің қандайынан болса да жоғары тұратын тұтқыры биік, жаны таза, санасы суретк, кез келген кедергіні ой-жігерінің қаттылығымен, білімділігімен жеңетін, тілдікті ту ететін рухы мықты ұрпақ болып қалыптасуға тәрбиелейтін даналық мәйегі іспетті.

Сөзіміздің басындағы сұрағымыздың жауабын да тапқандаймыз.

Дана Абайдың сөзіне жүгінсек:

«Білімден шыққан сөз – талаптыға болсын кез».

**Шахмет ОРАЗЫМБЕКҰЛЫ,**

ақын,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Еліміздің инженерлік саласының көшбасшысы болып саналатын. Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп «Еңбек адамы 2025» республикалық байқауының тұсауын кесті. Бұл байқау әдебиеттегі жұмысшы инженерлер бейнесі, қалың өндірістің ортасында табанақы, маңдай термен ел игілігіне ерен еңбегімен олжа салып жүрген мыңдаған еңбек адамының тыныс-тіршілігі бейнеленген шығармалардың байқауы болатыны хақ. Бұл жолы «Қазақ әдебиеті» газеті «Еңбек адамы 2025» байқауына арналған кезекті материалды оқырман назарына ұсынады.



Шархан ҚАЗЫҒҰЛ

*Ғасырдан астам уақыт ішінде ұлттық төл ұғымымызға айналып үлгерген мұнай деген сөз ойға оралса, алдымен, еске түсетін санаулы шаңырақтың бірі — Балғымбаевтар әулеті.*

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Қазақтың шежіресі — ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан рухани арқау. Әрбір ұрпақ — сол арқаудың өрнегі, нақтырақ кестелесек, «тарих-тағдыр-тектілік-тәрбие» төрттағанының тоғысы. Шежіре — өткенді жадыда сақтайтын, бүгінгі құрметтейтін, болашақты бағдарлайтын ілім. Ол уақытты кеңістікте үшке бөліп, адам деген ардақты атты бір арнаға тоғыстырады: өткені — тағылым, бүгінгі — жауапкершілік, ертеңі — үміт. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген сөздің мәні де осында жатыр. Өз тегін білген адам тамырына су құйған бәйтерек секілді дауылға да, қуаңшылыққа да төтеп береді. Ата-бабаның есімі мен ерлігін есте сақтау — құрмет қана емес, сонымен бірге ұрпаққа аманат. Себебі, шежіре — адамдар тізімі емес, әрбір атаның бойындағы мінез, өнеге, тағдыр жолы. Бірінің батырлығы, бірінің білімі, бірінің әділдігі, бірінің еңбекқорлығы — бәрі-бәрі келесі буынға ықпал ететіні — дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Біз дәрелбақиға аттанғанша жарық дүниенің бүкіл болмысын түсініп үлгереміз бе?! Жаратылысты былай қойғанда, адамның өзін-өзі тануы үшін жалғыз өмір жете ме? Дау жоқ, арши түскен сайын жұмбағы жұмыртқалай беретін бес күн жалғанның тылсым тұңғығына жету мүмкін емес. Адамды, болмыс атаулыны жүрегімен зерттеуде ынты-шынтысымен шын берілген ұрпақ қана жаратылыс құпиясы құпиялардың құпиясы екеніне анық көз жеткізеді. Аталы сөзін айтып, ұрпағын соған ұйытып, бекзаттыққа тәрбиелеген алдыңғы толқын өкілдері парасаттылық пайымынан бір жанылмай, құпия құлпының кодын табудан күдерін үзбей күн кешкені де — ақиқат. Сондықтан болар, ұрпақтар сабақтастығына адал келесі буын да көнеден жеткен мол мұраны төрт қырынан түгел қопарып, жаратылыс атаулының қалған сырына барынша қанығуға құлшынып, қамшының сабындай қысқа өмірін шексіздікке тартылған негенама беттерін қысқартуға арнайды. Не үшін? Келер ұрпақтың алдында ұятқа қалмауы үшін. Келешектің алдында абыройлы қалпын сақтап қалуы үшін.

Сонымен... Тарихтан бастайық. Кіші жүздің он екі ата Байұлының үлкен бір тармағы Ысық руының ұранына айналған Бәйтерек батыр — өмірде болған адам. Қазақ даласын жоңғарлардан қорғап, ел шетіне жау тигенде қол бастаған Бәйтерек

батыр оншақты жігітпен қонтайшы ордасына барған жерінде қапияда қаза тапқанын қазақтың аса талантты жазушысы Рахымжан Отарбаев Ысық шежіресіне арналған «Бәйтерек» кітабында әдемі келтіреді. Әрі-бері шабысып, сонынан бітімге келгенімен, жоңғар жағы қазақтарға қыр көрсетуін қоймай, жағдай әбден ушыққан соң Бәйтерек бастаған топ келісімге барған. Алдыңғы айқаста үш батырын жер жастандырған жігітті жоңғарлар жазбай таниды. Қазақтарды қорламақ болған олар батырдың алдына арам өлген малдың етін қояды. Намысқа булыққан Бәйтерек жігіттерін ертіп дастарқаннан тұрып кетеді. Әттең, жоңғарлардың да жымсықы ойы бар екен. Жүз шақтысы сонынан қуады. Қазақтар найзасын ойнатып қарсы тұрады. Жаудың көздегені бәрі емес, ішіндегі біреуі болып шықты. Ысқырып жеткен садақ оғы топ ішінен Бәйтеректі табады.

Талықсып кетіп, есін жиған сәтінде жанындағы жолдастарына өзін демі үзілген жерге жерлеуді тапсырады. Жау қорламас үшін қабірінің үстін тегістеп кетуді де қоса айтады. «Ау, артынан қалай табамыз?» деп сасқандарға «Оң уысымды жазбандар, кейін тал өсер, бәйтерек болар» деген екен, жарықтық. Содан араға үш жыл салып ағайындары іздеп келсе, қабір үстіне жас шыбық бой түзепті. Кейін ол алып бәйтерекке айналады. Ысық батырының шын есімі аталмай, кейінгі ұрпаққа осылай Бәйтерек болып жеткен. Қайткенде де, Бәйтерек батырдың Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбаймен тұтас ғұмыр кешкені кәміл. Батыр Баянмен замандас болғаны да анық. Әттең, ертерек қаза тауып кетсе керек, үш жүздің басы қосылып, жоңғарды жапыра жеңген ұрыста қазақ қолын басқарған батырлар қатарында есімі аталмайды.

Бірде Нұрберген Балғымбаевтың бай кітапханасынан «Казаско-русские отношения в XVI—XVIII веках» атты антиквар көргенім бар. Көне кітаптағы ресми құжаттардан бұл әулет өз бастауын XVIII ғасырдан алатынын білдім. Бұрынырақ Балғымбаевтардың Қаратау батырдың тікелей ұрпағы екенін Фариза Онғарсынова апамнан естігенмін. Әлгі кітапта Қаратау бидің әкесі Өмірзақтың аты аталады. 1748 жылы 12 тамызда Әбілқайыр хан қастандықпен өлтірілгеннен кейін Бопай ханым ұлы Нұрәліні хан тағына отырғызуды сұрап төрт айдан кейін патшайым Елизавета Петровнаға елшілік тобын аттандырады. Оның құрамында 20 төре мен 7 қарадан шыққан старшын барған. Соның бірі — Өмірзақ ағамыз. Делегация алдымен Мәскеуге жетеді. Онда оларды белгілі тарихшы-шығыстанушы Владимир Вельяминов-Зернов қарсы алады. Ол қазақ тобының жетекшісі, Әбілқайыр ханның күйеу баласы Жәнібек сұлтанның тамыры болғандықтан ба, әлде Орынбордың генерал-губернаторы И.И. Неплюевтің сұрауымен бе, өзінің Мәскеудегі Никитский көшесіндегі №14 үйінде алыс жолдан шаршап келген қазақтарды қолды-аяққа тұрмай бір апта күтеді. Патшайымның қабылдауына баратындарға сәнді киім тігу үшін аршын-аршын жақсы мата сатып алуға жағдай жасайды. Одан соң делегация Санкт-Петербургке жол тартады. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Ресей империясының астанасына ат басын тіреген аталарымыз Елизавета I патшайымның

қабылдауына сол күткеннен 1749 жылдың 6 наурызында бір-ақ кіреді. Осындай ұзақ сапар. Осындай қысқа тарих.

Аталмыш кітапта Өмірзақтың баласы Қаратау би туралы да жазылыпты. Көне басылымда 1787 жылдың 23 қазанында Екатерина II патшайымның оған ру старшыны атағын беру туралы грамотасы жарияланған. Жалақысына дейін көрсетілген: ай сайын күміспен 100 рубль және жылына 627 келі ұн. Ұлт тәуелсіздігі үшін күресіп, қазақ елінде демократияның негізін салған Сырым

алтын — біреулер үшін тек байлықтың көзі, ал Балғымбаевтар әулеті үшін өмірдің мәні, атадан балаға жалғасқан үлкен жауапкершілік.

Қазақ мұнайы дегенде көз алдымызға, ең алдымен, жүзін жел қағып, күн қақтаған, табиғаттың кез келген қатал мінезіне қайыспай қарсы тұратын шар болаттай шындалған еңбек адамының бейнесі келе қалатыны бар. Боз інгені боздаған, боз даласы талай құқайды көрсе де тозбаған киелі өңірдің базары мен ажарын ашқан байлықты игеру сом

# ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ

Датұлының оң қолы болған Қаратау Өмірзақұлын халық батыр деп те, би деп те ардақтаған. Мұның бәрі қарадан шыққан Сырым Датұлы мен Қаратау Өмірзақұлының екеуі де мемлекеттік үлкен көлемде ойлай алатын ірі қайраткер болғанын дәлелдейді. Олар өздеріне дейінгі жұрт естімеген ел билеудің жаңа формасы — Халық кеңесі институтын өмірге әкелді. Оның үстіне, бұл тек қазақ халқының тарихында ғана емес, бақ-дәулеті кемеліне келіп тұрған сол тұстағы өркениетті елдердің өзінде де жүзеге аса қоймаған демократиялық ел басқару идеясының өмірге енуі еді. Тіпті Париждегі қалалық өзін-өзі басқару органы — Париж коммунасын құрған 1789—1794 жылдардағы Ұлы француз революциясынан төрт жыл бұрын қазақ даласында дүниеге келген аталмыш ел басқару әдісі шынында да әлемдік масштабтағы ірі бетбұрыс еді. Иә, Ысық руының Сарысық тармағынан тарайтын осы Өмірзақ би мен Қаратау батырдың тікелей ұрпағы — Балғымбаевтар әулеті.

Әулет демекші, бір әулет бар: ғасырлар бойы пештің жалынына қарап, иленген қамырдың иісін сезіп өседі. Ауылдағы ең атақты наубайшы атанған атасы таң бозынан пеш жағып, күлдің қызуын қолымен тексерген. Оның баласы сол пештің жанына бала күнінен жүгіріп келіп, ұнға толы қаптарды көтерісіп, нан илеуді үйренген. Ал немересі сол отбасылық наубайханада бабасының рецептімен нан пісіреді. Наубайшылар династиясы осылай қалыптасады. Олар басқа мамандық таңдамайды. Тек әулеттің мамандығын ары қарай жалғап, сол әулеттің дәстүрін жалғастырудан ғана ләззат алады. Содан да болар, олардың қолынан шыққан нанды жеген адам тек нанның дәмін ғана емес, әулеттің тарихын да сезеді. Кез келген еңбек династиясының құндылығы да осында жатыр. Балықшылар әулеті теңізді өз үйіндей көреді. Атасы қайыққа мініп, жылым тартудан жалықпайды. Балалары су ағысының бағытын, балықтың қайда шоғырланатынын әкесінен үйренеді. Ал немерелері бүгінде «суға құрметпен қара» деген сол баяғы ескі ережеге бағынады. Балықшылардың ғажап династиясы осылай қалыптасады. Егіншілер әулеті — жердің иісін сезгіш жандар. Бір ұрпақ бидай ексе, келесі ұрпақ сол жерге арпа, жүгері, тіпті бау-бақша егіп, жаңа тәсілдер енгізеді. Бірақ бәрінің жүрегінде бір түсінік бар: жер — тіршіліктің анасы. Малшылар династиясы да — кен даланы мекендеген, жылқының дүбірімен өскен әулет. Атасы асыл тұқымды жылқы баптаған, әкесі қой шаруашылығын дамытқан, ал немересі жана заманның ветеринарлық білімін қолданып, сол дәстүрді жалғастырып келеді. Мұндай әулеттер — бір ғана мамандықтың емес, тұтас өмір салтының шырақшылары. Олар тек кәсібін ғана емес, бабадан қалған рухты, өмірлік қағиданы, дүниетанымды ұрпаққа аманат етеді. Дала төсіндегі қара

білекті, от жүректі ата-бабаның кәсібі еңбегінен басталғанын ешқашан ұмытпауымыз керек. Қазақстанның батысында ата кәсіпке айналған мамандық иелерінің талай династиясы өмірге келді. Солардың ішінде Балғымбаевтар әулеті ең алдымен аталады.

Бұл мұнайшылар әулетінің тарихы өткен ғасырдың басынан басталады. Әулеттен шыққан алғашқы мұнайшы Балғымбай иен далада мұнара орнатып, аптап ыстық пен аязға қарамай, жер астындағы қазынаны жарыққа шығарды. 1911 жылы «Ағайынды Нобельдердің мұнай өндірісі серіктестігі» Қазақстанда ең алғаш көмірсутегін алуды өндірістік масштабта бастағаны тарихтан белгілі. Балғымбай ағамыз осы кәсіпорынның мұнара монтаждау цехында еңбек еткен. Оның балалары кеңестік кезеңде де, тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарында да шеттерінен мемүндәлаған мұнай мұнаралары мен бұрғылау алаңдарында тыным таппай жүрді. Жаңа технологиямен танысып, шетелдік әріптестерден үйреніп, өздері басқарған ұжымның ынтымағын сақтай білді. «Мұнайшы жалғыз болмайды, мұнай — команданың ісі» деген ұстаным оларды да, жанындағы серіктерін де алға жетеледі. Ал бүгінде олардың балалары заманауи басқару пультінен ұңғымалар көрсеткішін бақылап тұр. Олар әр вахтаға шыққан сайын атасы мен әкелерінің мұнай кеніштерінде жүрген кезін міндетті түрде еске алады. Бұл — әулеттің қасиетті жәдігері, өткен мен бүгінді жалғап тұрған белгі.

Балғымбай әулетінен тарайтын тұқым-жұрағаттан қалың қазақ құлағдар және бұл әулеттің көпшілігі мұнайшы мамандығын таңдап алғаны да ел аузынан түскен емес. Атакәсіп дегенді біз кейде жеңіл-желпілеу айта саламыз, кез келген жерге сыналай саламыз. Ал түсінген адамға бұл киелі ұғым екені даусыз. Сол Балғымбай ағамыздан бастау алған ізгі ниеттің орта жолда шорт үзілмей, дәстүр сабақтастығын саналылықпен әрі қарай жалғастырып әкеткен әулеттің ауызбірлігін, түсіністігін, туыстық-адалдығын, ең алдымен, астын сызып айтып кету — парыз.

Балғымбайдың бес ұлының үшеуі Ұлы Отан соғысына қатысып, елге аман есен оралды. Ұлдары Қойшығара, Өтеп, Өтәлі, Салтанат, Мақаш — мұнайшы әулетінің екінші буыны. Бесеуі де — Атырау өңірінде кәсіби мұнайшылықтың қырсырын меңгерген тарландар. Тұңғышы Қойшығара ағамыз мұнай кәсіпшілігінде қарапайым моторист болып жүрген жерінен соғысқа аттанған. Өтеп — осы әулеттен шыққан алғашқы дипломат мұнайшы. Екінші дүниежүзілік соғыстан елге аман-есен оралған соң Гурьев облыстық партия комитетінде қызмет етіп, одан Алматы Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Жылыой ауданын басқарды. Атырау қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды. «Қазақстан» мұнай бірлестігі басшыларының



# ТЕЖІТІЛІК

бірі болып жүргенінде 49 жасында кеніш басында өмірден озды. Үшінші ұлы Өтәлі жетпісінші жылдары Қазақстан азаматтық авиация басқармасының басшысы болған, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Николай Кузнецовпен бірге екінші дүниежүзілік соғыста санитарлық авиацияда ұшқыш болып, талай ерлік көрсеткен. Соғыстан соң «КазНИПИнефть» институтында бас инженер болып, мұнай кәсіпшіліктерінің инфрақұрылымдарын салып, көз тартар тұрғын үйлерден бастап, сән-салтанаты мен сәулеті жарасқан әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың небір озық жобаларын өмірге әкелді. КСРО-ның еңбек сіңірген геолог-барлаушысы Салтанат Балғымбаев 1977–1981 жылдары Ауғанстандағы кеңестік мамандар тобының жетекшісі және сол елдің табиғи ресурстар министрінің кеңесшісі болды. «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты кеніштің бірі қазір осы кісінің атымен аталады. Балғымбай атамның кенже ұлы Мақаш та – атақты Теңіз кенішін ашқан мұнайшы-геолог, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Мұнайшы әулетінің үшінші ұрпағының басында Нұрлан Өтепұлы тұр. Талай рет халықаралық кездесулерде шетелдіктердің оған сүйсіне де тамсана қарағанын көргенде, ұлтым үшін қуанатынмын. Бой десең, бой бар. Ой десең, ой бар. Келбеті келіскен оның көзінен жанының сұлулығы да атой салып тұратын. Нәзік сұлулық емес. Сұңғыла сұлулық. Болмыс-бітім тұтас табиғи ақытықпен көмкерілген оның бойындағы қуатты гармония Жайықтың толқындарындай асқақ көрінетін. Ең бастысы, адамға тән асыл қасиеттері еркіндік пен кендіктің символына айналып кеткен дала мен шексіздіктен бастау алып жатқанын жазбай танысын.

Бұрғылаушының көмекшісі ретінде 17 жасында қара жұмысқа араласып, ауыр еңбектің отын көсеген ол өзінің кәсіби жолында түрлі сатылардан өтті: бұрғылау бригадасында жөндеуші, токарьдың көмекшісі, күрделі және жерасты ұңғымаларын жөндеу шебері, одан кейін Жайық-Еділ сағасында басшы қызметтерде жұмыс істеді. «Ақтөбемұнай» бірлестігінде бас инженер қызметін атқарды. 1986 жылдан 1992 жылға дейінгі кезеңде КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі газ өндіру Бас басқармасы бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарған Нұрлан Өтепұлы – одақтық ведомствода жұмыс істеген үшінші және соңғы қазақ. АҚШ көрген. Атақты «Шеврон» компаниясында тәжірибеден өткен. 1994 жылы Мұнай

және газ министрлігіне басшы болып келген Нұрлан Балғымбаев басты-басты бағыттарды анықтап берді: біріншіден, өнімділігі азая бастаған Өзен кен орнын Дүниежүзілік даму банкінің көмегімен сауықтыру мәселесін алға қойды және ол жүзеге асырылып, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының екінші тынысы ашылған болатын. Екіншіден, Ақтөбедегі Жаңажол газ өңдеу зауытын кеңейту қолға алынды. Үшіншіден, Атырау мұнай өңдеу зауытын толық қайта жаңартудан өткізуді жоспарлады. Бұл жоба да кезең-кезеңімен толықтай жүзеге асырылды. Төртіншіден, Шымкент мұнай өңдеу зауытында жаңа құрылғылар орнатылды. Бесіншіден, «Батыс Қазақстан – Батыс Қытай» мұнай құбырының құрылысын жүргізуді ұсынған еді. Бұл үлкен жоба да өмірге келді. Алтыншыдан, Құмкөл кен орнын кеңейту мен Қызылордаға дейін газ құбырын жүргізу ісін мықтап қолға алуға кіріскен болатын. Бұл да жүзеге асты. Нұрлан Балғымбаевтың бастамасымен Үкімет мұнай өндіретін кәсіпорындарда өндірген мұнайының 30 пайызын өзінің сату құқығын беретін қаулы қабылдады. Міне, осыдан 31 жыл бұрын қабылданған осы тарихи шешім үшін қазақ мұнайшыларының Нұрлан Өтепұлына айтар алғысы шексіз.

Ол билік Олимпіне әдемі келді. Әдемі кетті. Бас-аяғы бес жылдың ішінде алмас қылыштай топ-менеджерлік талантымен жарқырай көрінді. Маған Нұрлан Өтепұлы өмірді де тез сүріп, мына бес күн жалған тіршілікті де аяқ астынан тастап кеткендей көрінеді. Әр нәрсенің өлшемін жақсы білетін адам ғана қадір-қасиетінің құнын түсірмейтін секілді. Артында өшпес із қалдырып, егеменді елінің етек-женін жинауда ұлан-ғайыр істерге астар бола білген азамат көзінің тірісінде ел үшін атқарған жұмысын жаһанға жар салып, жарнамалаған жоқ. Мұнай әлемі мен билік дәлізіне сырбаз басып, сыпайы есік қағып кірген ол «менімен» емес, еңбегімен, іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен дараланды. Осы қасиеті талай биіктерге көтергені өз алдына, туған халқының құрметіне бөледі.

Нұрлан ағамыздан тура екі жас кіші інісі Нұрбергеннің есімі де ірі кен орындарымен, геологиялық экспедициялармен, халықаралық жобалармен қатар аталады. Нұрберген Өтепұлы Балғымбаев – сексенінші жылдардың ортасында Пәкістанда кеңестік мамандар тобын басқарған майталман мұнайшы-барлаушы. 1986–1991 жылдары «Атыраумұнайгазгеология» өндірістік бірлестігінде

Солтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясының бас инженері болған Нұрберген Өтепұлының ізі Қотырғас, Молдабек, Кенбай, Орысқазған, Дәулетөлі, Мәтенқожа секілді кен орындарының жиегінде сайрап жатыр. Екі мыңға жуық адам еңбек ететін Солтүстік Ембі экспедициясын басқару оңай шаруа емес-ті. Бірақ Нұрберген Өтепұлы үшін адамға сену басты қағида болды. 1993 жылдан бастап Нұрберген Өтепұлы Канададағы «СНС-Лавалин Интернешнл» компаниясының Қазақстан мен Орталық Азиядағы өкілдігінің директоры болды.

Олар үшін ауызбіршілік – кәсібінің де, өмірінің де берекесі. Осы орайда Қойшығара ағамыздың ұлы, мұнайшы Мұрат інімізбен әулеттің бірлігі мен ынтымағы туралы ұзақ әңгімелескеніміз бар. Сол жолғы оның айтқандары жүрегімізге жылы тиіп, әлі күнге естен кетпейді:

«Балғымбай атамыздан тараған бауырларымыздың бәрі жазда Тендіктегі біздің үйге жиналып, ойнап-күліп, шат-шадыман уақыт өткізетінбіз. Ол күндер балалықтың ең қымбат, ең тәтті сәттері еді. Жас күнімізде үйде балалар жинала қалса, бәріміз Балғымбай атамның маңайынан шықпай, айналасында асыр салып ойнаушы едік. Өзім үнемі бірінші болып атамның қасына ұмтылатынмын. Кейде бауырларымыз түгел жиналып, бір үйден екінші үйге қыдырып, күліп-ойнап жүретінбіз. Бір жазғы каникулда атам мені Биікжалға ертіп барды. Ол кезде Мақаш ағам жұмыс бабымен сонда тұратын. Ауылында шағын ғана клуб бар екен, соған барып, кино көріп, маз болдык. Қайтарда Мақаш ағам өзінің «Волга» машинасымен бізді темір жол бойымен алып келе жатты. Жолда кенет көлік бұзылып қалды. Неден екенін қазір есіме түсіре алмаймын. Ағам көліктің ақауын жөндеп болған соң, маған қарап «Қолыма су құйшы», – деді. Қарасам, алақаны қап-қара май болып қалыпты. Сол сәтте ағам жымып: «Мына майды қалай кетіруге болатынын білесің бе деп сұрады да, жерден бір уыс топырақ алып, алақанына уқалап-уқалап, – міне, осылай кетіреді. Ал енді су құй», – деді. Сол қарапайым қимылдың өзі маған өмір тәжірибесі мен еңбекқорлық жайлы сабақ болып қалды.

Көкем жиі айтып отыратын: «Өтеп ағам (біз оны «папа» дейтінбіз) өте жақсы адам болған. Қашан келсе де, жайдары жүзбен әңгімесін айтып, шайын ішуші еді. Кейде қасына әріптестерін ертіп келетін. Өтеп ағам балаларды ерекше жақсы көретін. Танымайтын бала болса да, көтеріп алып бетінен сүйетін. Мейлі үстібасы шаң болып жүрсін, оған қарамайтын». Сол сөздерді естіген сайын менің де көз алдыма Өтеп папамның мейірімді, балажан бейнесі елестейтін. Біздің әулеттің берекесі, өзара құрметі мен жылылығы дәл осы папамның жүрегінен тараған нұр еді. Бала кезімізде ата-анамызбен Ақтауға (ол кезде Шевченко деп аталатын) барып, Өтеп папамыздың үйінде қонақ болу біз үшін мереке еді. Теңіз жағасына барып, асыр салып ойнайтынбыз. Үйге оралғанда, папамызда бір ескі кинокамера бар еді, қолмен айналдырасың, ішіне салынған плёнкасы суреттерді көрсетеді. Біз қызыға қарап, әр кадрдың қалай қозғалғанына таңырқап, ұзақ отыратынбыз.

Атамның қамқор көзқарасы мен ағамыздың жылы күлкісі әлі күнге дейін жүрегіміздің бір түкпірінде сақтаулы. Сал-

танат ағам бірде Төлеп, Ләйлә, Гүлнәзия төртеуімізді Железноводскідегі лагерге жіберді. Ол жақтың табиғаты бір бөлек, ауасы тап-таза, жері көркем екен. Демалыс көңілді өтті. Танертен және кешке, ұйықтар алдында тәрбиешілер барлық балалардың аты-жөнін атап тексеретін. Сол кезде біздің фамилиямызды атағанда, өзгелер бір-біріне қарап, таңырқай күлісетін. Біз үшін бұл да бір қызық сәт балалық шақтың өзіндік тәтті естелігі еді.

Өмірдің бергі жағында, есейген соң да қуанышты күндеріміз көп болды. Бауырларымызбен бірге өткізген әр сәт қазір қымбат қазына сияқты. Әке-шешеміз, аға-жеңгелеріміз әрдайым бірліктің, татулық пен мейірімнің дәнін сеуіп, бізге өнеге көрсетті. Сол себепті арамның қарым-қатынас әрдайым жылы, сыйластыққа толы болды. Бұл асыл ағаларымыздың әрдайым жастарға бағыт-бағдар беріп, ақылын аямай айтқанынан, дұрыс жол сілтегенінен туған береке еді.

Нұрлан ағамыз да бүкіл ағайын-туысын бауырым деп білетін, жүрегі кен, ақ жарқын жан еді. Өмірін елге, халыққа адал қызмет етуге арнады. Бірде ауырып жатып «Қазір үлкендеріміз азайып бара жатыр. Иә, бұл да өмірдің заңы» деген сөзі есімнен кетпейді. Өзінің бақилық болатынын білсе де, қасқайып өмір сүрген ағамды ешқашан есімнен шығармаймын. Жарқын бейнесі, жайдары жүзі жадымыздан өшпейді. Ол кісіден қалған өнеге біздің әулетіміздің рухани тірегі болып қала береді.

Қазір әулетіміздің үлкені – Нұрберген мен Нұрман ағаларымыз. Екеуі де әлі күнге дейін қамқорлығын аямай, інілері мен қарындастарына тірек болып келеді. Құрғақ әңгіме болмасын, дәлел айтып берейін. Бір күні Нұрберген ағам телефон шалды: «Мені Атыраудың әуежайынан күтіп ал». Іштей таңғалдым. Өйткені ол кісіні әуежайдан күтіп алатын достары, таныстары жетерлік еді. «Не шаруамен күтіп ал деп тұр екен?» деп ойлап қоямын. Сөйтсем, ағам маған Алматыдан әртүрлі жеміс ағашының көшеттерін алып келіпті. Соңғы жылдары Атыраудан отыз шақырым жердегі Жайықтың жағасынан, тоғайдың қалың жерінен ұй салып алған едім. Сол жерге бақ отырғызсам, бау-бақша өсірсем деген арманым бар болатын. Нұрберген ағам соны ойлап жүр екен. Ол әкелген көшеттер қазір бой түзеп, жапырағын жайып, мол жеміс беріп тұр. Ағамның аялы алақаны, қамқор көңілі деген осы шығар. Алдымызда асқар тау болып, бәйтеректей сая бола білген ағаларымыздың амандығын тілеймін.

Болашаққа деген тілегім де осы: артынан еріп келе жатқан іні-қарындастар, жас бауырлар, немере-шөберелер аман-есен өсіп-өніп, елге абыройлы болсын. Аталарымыз бен ағаларымыздың сара жолын жалғап, «Бәйтерек» деген ұранымызды биік ұстап, әулетіміздің береке-бірлігін, адамгершілік дәстүрін әрі қарай жалғастыра берейік деп тілеймін әулетімізге».

Иә, Мұраттың сөзінен жалғандық таппайсың. Мұнда әр буын – бір белес. Әр тағдыр – бір арна. Ал бәрінің тоғысар тұсы – тағдырдың терең тамыры. Бұрғы мен ұңғыға бауыр басқан қалаң қауымын арасында абыройы асқақтаған Балғымбаевтар әулетінің тарихы – елге үлгі. Қарап отырсақ, қазір Балғымбаевтардың төртінші ұрпағы республика мұнай-газ кешенінің көркеюіне күш-қайраты мен білімін жұмсап жүр. Біз Балғымбай әулетінің Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібіне сіңірген еңбек жылнамасын есептеп шығаруға ерінбедік. Артық-кемі жоқ – 1457 жыл! 114 жыл ішінде Балғымбай атамның 5 ұлы, 25 немересі және 50-ден астам шөбересі Қазақстанның қара алтынын өндірумен айналысқаны Гиннестің рекордтар кітабынан орын алуға әбден лайық. Қайталап айтайын, тіл-аузымыз тасқа, бұл аңыз сияқты естіледі. Бірақ аңыз емес, ақиқат.

Осы сөз өміріме көп бөгеттер жасады. Әу баста далаға шыққанда менен қашып ойнағандары келмеген балаларды түсінбей жүрдім. 6-7 жасқа келгенде көрші баласының «Сен контрдің баласысың, мен сенімен ойнамаймын» дегені есімнен кетпейді. Сол кезде бұл сөздің мағынасын түсінбей әжемнен «Апа (әжемді апа дейтінбіз), контр деген не?» – деп сұрағаным есімде. Әжем: «Балам, мен де ол сөздің не екенін білмеймін. Бірақ «Отанның жауы» деген болуы керек. Сенің әкең Абыралы, Қарқаралы еліңде қадірлі азамат болды. Оны қызғанғандар солай деп соттатып жіберді. Әлі-ақ келеді. Оған мән берме. Ойнамаса басқа балалар бар ғой», – деп ақылын айтып шығарып салды.

Мектепте мұғалімдер маған аса жылы ықлас көрсететін. Бір күні мектеп директоры Омархан Жартыбаев шақырып алып маған: «Болатбек, сені «халық жауының баласы» деп қорлайтындар болса маған айт. Әкеңді көрген жоқпын. Бірақ халық өте жақсы көреді. Халыққа көп жақсылық жасаған екен. Сен ол сөзге мән берме. Әкендей бол. Сабақты жақсы оқы», – деді. Сол сөз маған қанат бітіргендей болды. Алдыма мақсат қойдым. «Қалайда оқу озаты атанамын, жақсы адам боламын» деп өзіме серт бердім. 10-сыныпты Алтын медальға бітіруім керек еді. Олай болмады. Неге екенін 50 жыл бойына түсінбей жүрдім. Алғашқы кітаптарым Новосібірдің баспаханасынан шыққан соң үйге 10-сыныптағы жетекшімді және орыс тілі мұғалімін (екеуі де ірі ғалымдар, партия қызметкерлері болды) Алматыда үйге қонаққа шақырдым. Олар маған: «Бөкжан, сенің 10-сыныпты бітіргеніңе бүгін 50 жыл толды. Біз екеуіміз саған айта алмай жүрген бір сыр бар еді, соны айтайық», – деді. «1954 жылы сенің және тағы 3 баланың істерін Семейге облыстық оқу бөліміне жібереміз деп дайындаған кезде аудандық ҰҚК-інің төрағасы мектепке келіп, «Бұл 4 баланың ісін облысқа жіберуге болмайды. Олардың әкелері 1931 жылғы көтеріліске қатысқан, «халық жауы» болып сотталғандар» деп жібертпеді. Бізден «50 жылға дейін айтуға болмайды» деген қолхат алды. Сен, кешір, саған бүгін айтып отырмыз», – деді. Міне, неге «Алтын медаль» ала алмағанымды мен сол күні ғана түсіндім. Соған қарамай Ташкенттің финансы-экономика институтына аса үлкен конкурстен өтіп түстім (5 сабақтан 24 балл алу міндетті болды). Сонда өзіме-өзім: «Институт бітірген соң әкемді не үшін соттағанын білу үшін қалайда оны қараған сот ісін тауып танысуым керек» деген міндет арттым. Талай жерге жаздым. «Әкемнің ісімен танысуым керек, қайда?» деп 20 жыл бойына заң орындарына, ҰҚК (Семей қалалық, облыстық, республикалық) тыныштық бермедім. Еш жерден хабар ала алмадым. Барлығы «Біз де ол кісі туралы іс жоқ» деп жауап берді. Ал институттың 3-курсанда мені әскери кафедраның менгерушісі, полковник Кошель шақырып, кіріп келгенімде маған ақырып «ты тақой-сақой» деп боқтай бастады. Не екенін түсінбей мелшиіп тұрып қалдым. Сонда ойыма түсті. Мен өмірбаянымда «әкем 1940 жылы өлген» деп жаза салған едім. Сөйтсем, институтқа бір белгісіз абыралылық арызқой «Нәсенов Болатбектің әкесі «халық жауы» болып сотталған» деп хат жазыпты. Полковник Кошельдің сөздері жанымға қатты батты. Есімнен айырылған адамдай болдым. Үстелде тұрған су құйылған графинді жұлып алып, полковникке лақтырып жібердім. Оның бойы аласа еді, еңкейіп қалды. Екінші бірденеге ұмтыла бергенімде, біреу келіп мені артымнан құшақтай алды. Ол тактикадан беретін Попов деген подполковник екен. Ол «Саша, ты не прав. Причем он», – деген

# Әкем Нәсен жазықсыз

кезде полковник те ақылды екен, маған келіп құшақтап: «Прости, ты должен был писать правду», – деді. Жазаламады, ақылын айтты. «Скоро едешь на практику в Алматы. Добивайся справку о том, что отец реабилитирован. Иначе мы тебя отправим в Армию. Через 2 года вернешся, продолжишь учебу», – деді. Алматыға келген соң барлық заң орындарында болдым. Олар Семейден сұратты. Түрмеден «Отправлен по неизвестному направлению. При отправке изъята портянка» деген жауап алдым. Ақыры Бас прокуратура институт ректорының атына «Просим вас, в виде исключения дать разрешения к сдаче госэкзамена по военной дисциплине. Нами направлен запрос в Верховный суд СССР» деген хат берді. Институт ректоры мен кафедра менгерушісінің рақымшылығының арқасында мені экзаменге жіберді. Сол кезде СССР Жоғарғы сотынан да әкемнің ақталғаны туралы анықтама келді. Институтты бітіріп, Семейге қызметке келгенде ҰҚК-ге арыз жазып, «Әкем қай жерде жазасын өтеді, қайда, неден өлді, қай жерге жерленді?» деген сұрақтар қойдым. Шамасы 5-6 ай өткеннен кейін менің қызмет істеп жүрген жеріме ҰҚК-нің Семейдегі басқармасынан бір адам қонырау соқты. Дауысынан бірден білініп тұр, өте дөрекі, орысша айтқанда «самодур» деуге болатын бір қазақ қонырау соқты. Амандық-саулық жоқ, бірден: «Әй, тез жаз, менің сенімен сөйлесетін уақытым аз. Әкең Сахалинде жазасын өтеуді бастаған. Ақталған соң Федоровка деген селода өлген. Ол жер бүгінде теңіздің астында қалған», – деп трубканы тастай салды. Мен қайта қонырау соғып едім, трубканы көтермеді. Семей қалалық ҰҚК-не бардым. Кіргізбеді, ешкім қабылдамады. Әрең дегенде кімнің қонырау соққанын білдім. «Капитан, дөрекі, адамгершілігі жоқ, 1937 жылғы жауыз чекистердің қалдығы, онымен тіл табуы мүмкін емес, босқа әуре болма», – деп бір майор ақыл берді. Міне, сонымен, қолымда жазасын өтеген, қайтыс болған жері туралы құжат жоқ. 2004–2007 жылдар аралығында бірнеше рет ҰҚК архивіне 10 шақты рет хат жазып «әкемнің ісімен» танысуға рұқсат сұрадым. Көбіне жауап келмеді. Екеуіне «Архивте сіздің әкеңіз туралы ешқандай іс жоқ» деген жауап алдым. Ақыры Семейдің ҰҚК-нің архивіне үлкен күшпен кіріп қарадым. Онда Абыралы көтерілісіне қатынасқандардың қысқаша деректеріне кездестім. Сонда «Абыралы көтерілісі» туралы іс Алматының архивіне 1947 жылы жіберілді» деген хатты көрдім. Алматының архивіне де жол жабық болды. 4 жыл бойы қайта-қайта жазып, рұқсат алдым. 4 ай отырып, Абыралы көтерілісіне байланысты құжаттарды қолмен көшіріп алдым. Сонда 1937 жылы «халық жауы» болып сотталған біраз таныс адамдардың істерін кездестірдім. Оларда 1937–1941 жылдарда «халық жауы» аталып сотталғандардың ісі Семей қалалық ҰҚК-нің архивінде деген жазу болды. Енді қайтадан сол архивке жол іздедім. Генерал Рүстем Қайдаровтың көмегімен (ұшақ апатынан 2020 жылы қаза тапты, иманды болсын) ҰҚК-нің архивіне кірдім. Сонда Абыралының 92 адамы «халық жауы» аталып сотталыпты. Солардың 10-ы Сахалинде, Магаданда, Камчаткада, Амурда, тағы басқа да Ресей өңірлерінде қайтыс болыпты. Архивтегі істерде олардың қай жерде жазаларын өтегені, қайтыс болған жерлері туралы деректер жоқ. Жоғарыда аталған шала сауатты, дөрекі жандар жойып жіберіпті. Ақталғаны туралы менің қолымдағы СССР Жоғарғы сотының анықтамасы ол істерде жоқ. Неге олай деген сұрағыма «халық жаулары» атты істер ол жылдары НКВД-да болды. Одан Юстиция министрлігіне берді. Кейіннен ҰҚК-ге тапсырды. Сол кезде көптеген құжаттарды

өртеп жіберіпті» деген жауап алдым. Бүгінде ол жерлердің архивтеріне жол жабық. Мен қажет құжаттарды алып үлгердім. Кітаптарымның 7-томына толық кіргіздім. Енді сол Семейдің ҰҚК архивіндегі құжаттар бойынша әкемді не үшін жазалағанына кірісейін. Нәсен Жарылғасынов 1904 жылы Дегелең болысына қараған Ақшоқы деген қыстауда туған. Ол Жалғызтаудың қарсы жағында, Қайнардан 70 шақырым жерде. Бір сайда 12 отбасы тұрған. 1931 жылғы көтерілістен кейін қыстаудағылардың көбі жан-жаққа кетуге мәжбүр болған. Әкем Қарқаралының 2 жылдық мұғалімдік курсы бітіріп, кезінде күйші Тәттімбет атамыз салған Майлықарадағы мектепте 16 жасында мұғалім болыпты. Негізінде тарих пен қазақ тілінен сабақ берген. Абыралы ауданы құрылған соң 1931 жылы Қайнарда, атакты ғалым, әл-Фарабидің қазақ екенін дәлелдеген Ақжан Машановпен бірге жұмыс істеген. 1931–1933 жылдары Қайнардың басында мектептің негізін қалаған.

Жалпы, Абыралы ауданы тұңғыш мектебінің негізін қалаған атакты Сақаев Қожаның ағасы Рахметолла мен Қанқожа қажы сол өңірдегі халықтан қаржы жинап, 1907–1908 жылдары Тоқа тұмсығы мен Жаман абыралы тауының арасына (Қайнардан 2-3 шақырым) 11 бөлмелі мектеп салған. Ол 1919 жылы мемлекеттік бюджетке қабылданған. Осы мектепте 1931 жылға дейін шамасы 120-дай бала оқып шыққан. Олардың қатарында кейіннен 4 жоғары дәрежелі оқу орнын бітірген Төлеужан Мусин, Төлеутаев аға, тағы басқа да ірі қызметтер атқарған азаматтар бар. Ол туралы Төлеужан Мусин аға кітап жазған, сондай-ақ 1991 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне берген сұхбатында айтып өткен екен. Ол мектеп туралы біз білген жоқпыз. Оны маған алғашқы 4 томдығым жарық көрген соң, ұстазым Роллан Мусин айтты. Мен сол Төлеужан ағаның кітабымен танысқан соң бірнеше бетін көшіріп, тағы да баспаға берген 4 томдығым кіргіздім. Абыралы ауданы мектебінің іргетасы 1907–1908 жылы қаланғанын есептеп, 100 жылдығын 2008 жылы тойлауды ұсындым. Ол кездегі мектеп директоры менің ұсынысыммен санаспады. Олар мектепті белгісіз біреулер өртеп жібергеннен кейін өзінің 2 бөлмесін берген Тұрсынбай Дайырбеков атамыздың үйінде оқуды әрі қарай жалғасқан күннен бастап есептеді. Ол Қайнардан 15-20 шақырым жерде болатын. Әрине, оны тойлауды ұсынған сол кездегі ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаев болатын. Ол кісі өзі де, Ахмади аға да Қанқожа салғызған мектептің 6-8 сыныптарын бітірген болатын. Сол мектептің бюджетін Дайырбеков мектебіне аударғанын біледі. Ол ағалар неге өздері бастап оқыған мектепті Қайнар мектебінің іргетасы осыдан деп есептемеген деген сұраққа атамыздың ұлы Айтқазы аға былай деді: «Ол мектептен бастасақ, кеңес заманында үлкен пәле жабысатын болды. Сол себепті 1922 жылдан бастадық», – деді. Сонымен, 2022 жылы мектептің жаңадан бекітілген директоры Маржан Жақып өте қабілетті, ақылды азамат, бизнесмен Марат Құрманбаевпен бірлесіп батыл іске кірісті. Әр жылдары мектепті бітірген түлектер бас қосып, тозып кеткен білім ошағын жөндеуден өткізді. Осылайша, 100 жылдықтың аясында үлкен істер атқарып, елдің жақсы атын шығарды. Бұған алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Дегенмен келешек ұрпақ Қайнар орта мектебінің іргетасы қаланған кезенді Төлеужан Мусин атамыз жазып кеткен тарихтың – кітаптың негізінде атап өткені дұрыс болмақ деген ойдамыз.

Мектептің тарихын айтып отырған себебім, әкем сол 1908 жылғы түлектерімен

бірге Қайнардың басында салынған мектепте қызмет атқарыпты. Ақжан Машанов әкемді Майлықарадан Қайнарға алғызып, өзінің орнына оқу бөлімінің инспекторы ретінде қызметке қалдырыпты. Әкем Қайнардың басында салынған мектептің жобасының авторы болған. Мөр басылған сол мектептің жобасы біздің үйде 2010 жылға дейін сақталды. Мен Мәскеуде, 1,5 жылдай архивте болған кезде біреулер алып кеткенге ұқсайды. Мүмкін, мектептегі музейде болар. 1937 жылы бір орыс болмаған ауданның өсіп келе жатқан тамаша білімді, талантты жастарын құртуды шовинистік көзқарастағылар мақсат етсе керек. Бір орыс жоқ ауданға Қарқаралыдан нағыз садист, фашист сержант Кайгородцев дегенді НКВД-нің бастығы етіп жіберіпті. Шала сауатты, мәдениетсіз, тоңмойын, ақылсыз ол, өзіне сәл қарсы келген жігіттердің үстінен жергілікті арам пиғылды сұмырайларға арыз жазғызып, қолма-қол қылмыстық іс ашып, түрмеге жауып, нағыз фашистердің әдістерін қолданып жауап алған. Тергеу протоколдары да болмаған. Артынан сәл сауаты бар адамдарға протоколдарды толтыртқан. Бір адамның басына 7-8 түрлі жала жапқан.

Семейдің ҰҚК архивінде №047 333 іс Нәсен Жарылғасынов деген жатыр. Алғашқыда мен көрген істерде мынадай 2 статья бар еді:

1. Нәсен 1919 жылы елде бір адамды өлтірген.

2. Қайнар орта мектебін 1932–1934 жылдары қастандықпен күн түспейтін етіп қолденен салдырған.

Осы архивке екінші рет барғанымда ол протокол жоқ. «Неге алып тастағансыздар» деген сұрағыма «білмейміз» деп жауап берді. Әрине, ол тергеудің заңсыз, мазаққа қалатын пункттерін 60 жылдан кейін алып тастаған. Бұл сол кездегі заңсыздықтарын ақтауға тырысқандықтың көрінісі болар.

Істе мынадай жазу бар: «№810 а (басталғаны 1938 жылы 8 шілде, аяқталғаны 1938 ж., 7 қазан.

Бекітемін ШҚО ІБ бастығы ҰҚК аға лейтенанты.

ЦСО: 25.01.41 ж. №1-96. 11.41 ж. №1-12 Нәсен Жарылғасыновты тұтқындау туралы анықтама.

Нәсен Жарылғасынов, 1904 жылы туған, сауатты, партияда жоқ. Абыралы аудандық оқу бөлімінің инспекторы. НКВД-ға келген хабарларға қарағанда, Нәсен Жарылғасынов кеңес өкіметіне қарсы ұйымдасқан ұлтшылдардың, террор-диверсия, тыңшылық жұмыстарымен шұғылданатын ұйымның белсенді мүшесі болған. Осы ұйымның тапсырмасымен халықтың арасында кеңес өкіметіне, партияға қарсы астыртын бүлік жұмыстарымен шұғылданған. Партия мен үкіметтің барлық шараларына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Жоғарыдағы фактілердің негізінде Нәсен Жарылғасынов қамауға алынып, РСФСР-дың 58 ст. 2,7,8, және 11 тармақтары бойынша қылмыстық жауапқа тартылуы керек. НКВД-ның Абыралы аудандық бөлімшесінің бастығы, аға сержант Кайгородцев. Келісемін: ШҚО УНКВД-сының 4-бөлімшесінің уақытша бастығы, МҚК-нің кіші лейтенанты Гончаров. Тұтқынға 1938 жылы, 8 маусымда алынды (қаулыға қол қойған НКВД-ның Абыралы аудандық бөлімшесінің оперекілі Бақыбаев). Отбасы мүшелері: Нәсен Жарылғасынов, 1904 ж.т., Қоныстанауыл кеңес бастауыш мектебін бітірген, Қарқаралыдан 2 жылдық мұғалімдік курсты бітірген. Дүние-мүлкі: 4 жылқы, 3 сиыр, 20 қой. Жары – 32 жас, қызы Мапиза – 11 жас, ұлы Болатбек – 1 жас, шешесі Әлиман – 61 жаста.

Әкеме жоғарыда айтылған 2 айыптан басқа (кісі өлтірді, мектепті қастандықпен

# «Халық жауы» атанды



күн түспейтіндей етіп көденен салғызды), Абыралы аудандық партия комитеті комиссия құрып, төмендегідей адамдар мүше болып бірнеше айыптарды жеке жасалған актіге, жоғарыдағы екеуін қосқанда 8 түрлі қылмыс жасады деп тізіпті. Осы актіні жасаушылардың екеуі жақын туыстар. Әкемнің оларға жасаған жақсылығы ұшан-теңіз екен. Ал олар әкемнің білімділігін, аудан көлемінде абыройының өте жоғары болғанын қызғанып, өздеріне жасаған жақсылықтарын еске де алмай, қастандықтарын ашық көрсеткен. Солардың ұрпақтары бақа-шаян болып кетті. Кейбіреуіне мен жақсылық та жасадым. Енді сол актімен танысайық (қазақшаға аударып беріп отырмын).

Акт

1938 жылы, 13 қыркүйекте біз, аудандық партия комитеті құрған комиссия мүшелері (Бтыбаев, Спанов, Бектұрғанов): Мектептердегі саяси-тәрбие жұмыстарына іріткі салып, орта мектепте коммунистік тәрбиені болдырмау мақсатымен зиянкес элементтерді мұғалімдік жұмыстарға орналастырды.

...Олар: Нұрпейісов, Досжанов, Кәкішев, Расулов сияқтылар. Коммунистік тәрбиеге қарсы үгіттер жүргізді. Мұғалім Нұрпейісов ереженің статьясын теріс түсіндіріп: «Сайлау комиссиясы сайлау тізімін алғанда, оның жанында милиция жүреді деп түсіндірген. Кәкішев оқу сапасын төмендетті. Оқушыларды екінші жылға қалдыруға тырысты. Соның салдарынан 6—7-сыныптың оқушыларынан 22 оқушыны екінші жылға қалдырған... 6. Жарылғасынов оқудың сапасын төмендету ниетімен Бексұлтанов екеуі бірігіп мектепте

қастандық жұмыстарын жүргізді. Олардың тапсырмасымен «Еңбектес», «Ұзынбұлақ» бастауыш мектептерінде 1937—1938 жылдары физиканың конспектілерін өртеп жіберген. Әсіресе Нұркиннің үйінде. Жарылғасыновтың қастандықпен жасаған басшылығының кесірінен 1937—1938 жылдары мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізілмеді... 10. Аудандық оқу бөлімінің жақсы сиырын өзінің арық сиырына айырбастап, оның етін мұғалімдерге таратып берген. Жоғарыдағы жағдайлардың негізінде комитет Нәсен Жарылғасыновты ұлтшыл-фашистік ұйымның мүшесі деп есептейді. Ол Отанын сатқан. 1. Тыңдалды: Нәсен Жарылғасыновтың үстінен ВКП(Б)-ның кандидаттығына өтуді сұрап берген материалын қарау (Уалитов). Қаулы: Нәсен Жарылғасыновтың үстінен шағымдар болса да, оқу бөлімінің жанындағы партия ұйымы партияның кандидаттығына өткізіп жіберген. Сондықтан Жарылғасынов партияның қатарына алатын адам емес, партияға жағымсыз деп тауып, оқу бөлімінің жанындағы партия ұйымының 19.05.38 ж. №9 санды Жарылғасынов туралы алған қаулысы бұзылсын. Жарылғасыновтың анкетасы қабылданбасын.

ҚК(б)П Абыралы аудандық комитетінің секретары Сәрсембаев.

Жоғарыдағы 10 жаланың үстіне тергеу кезінде мынадай кінәлар тағылған:

11. Нәсен Жарылғасынов 1931 жылғы көтеріліске тілектес болған. Олардың қашып кетулеріне көмек жасаған.

12. Қазақстанның Жапонияның протектораты болуын қалаған.

Осы 12 түрлі жаланы мойындату үшін НКВД-ның бастығы айуандық жолмен

жауап алған. Қол-аяғына ине сұққан, 1,5-2 сағат суық бөлмеде жалаңаяқ түрегеп тұрғызып қойған. Халықтың көзінше Қайнардың бұлақтарына апарып, төбесінен мұздай суық су құйып қинаған. Сол бұлақтардың басында қайыс белбеумен ұрып-соғып естен тандырып, тағы да суық сумен есін жиғызып жауап алған. Протоколдарға қол қойғызған. Тұтқындар не үшін қол қойғандарын білмейді. Сондай жауап алған протоколдың бірі мынадай:

Айыпталушы Нәсен Жарылғасыновтың 1938 жылы, 12 шілдеде берген жауабының протоколы.

Сұрақ: Сіз кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымның белсенді мүшесі болған деп жауапқа тартылып отырсыз. Осыған кінәлі екендігіңізді мойындайсыз ба?

Жауап: Иә, мен, Нәсен Жарылғасынов, маған тағылып отырған айыптауды, кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымның мүшесі болғанымды мойындаймын. Түрмеге жабылғанға дейін ұлтшыл ұйымның мүшесі болдым.

Сұрақ: Толық айтыңызшы: ұлтшыл ұйымға сізді кімдер, қашан мүше болуға үгіттеді?

Жауап: Мені бұл кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымға мүше болуға үгіттеген бұрынғы аудандық партия комитетінің 2-хатшысы Қамза Тілеулесов, шамамен 1937 жылы, ақпан айының ішінде... Ол менің өткендегі әлеуметтік жағдайымнан хабары барын пайдаланып әрі менің сенімсіздік білдіріп жұмыстан шығарылғанымды біліп, өзіне, аудандық партия комитетінің хатшысы ретінде кабинетіне шақырды. Екеуміз жеке отырғанда ол маған: «егер менің айтқалы отырған ұсынысымды қабылдасан, онда екінші рет сені жұмыстан шығарамыз. Саған қылмыстық іс қозғап, қазір тұтқындаймыз», — деді. ...Содан кейін Тілеулесов маған: «Қазақстанда кең тараған қауымдық жасырын ұйым бар. Ол таза ұлттық ұйым. Мақсаты — кеңес өкіметін құлату. Әсіресе Қазақстандағы кеңес өкіметін құлатуды көздейді. Кеңестер Одағынан қарулы күш көрсетіп бөлініп шығуды көздейді. Шетел мемлекеттерінің көмегімен жеке мемлекет болуды, орыстарсыз, буржуазиялық түрді таңдауды мақсат етеді.

Бұл ұйымды ірі мемлекет қайраткерлері басқаруда... Абыралы ауданында бұл ұйымды Сикымбаевтың өзі Әлиевтің қолдауымен басқарып отыр...

Сұрақ: Айтыңызшы, Абыралы ауданында бұл ұйымға кімдер кіретінін Тілеулесов айтты ма? Сізді қашан осы ұйымға үгіттеп кіргізді?

Жауап: Тілеулесов маған бұл ұйымның белсенді мүшесі ретінде Сикымбаевты атады, ол осы ұйымды басқарушы деді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Әлиевті, аудандық газеттің редакторы Алдонғаровты, партиялық кабинет меңгерушісі Садық Рсымбетовті, Еңбектегі мектептің мұғалімі Қалиакпар Жұдырықовты, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Қияқбай Қожабековті атады.

...Жарылғасынов мұғалім Жұдырықов арқылы оқытуға тыйым салынған оқулықтарды оқытуды талап еткен. Соның салдарынан Ұзынбұлақтағы мектептің бағдарламасын орындатпаған. Ол Зиновьевті мадақтаған, Сталинге риза еместігін білдірген. Географиядан Ивановтың оқулығын оқытуға тыйым салған (6-сынып), физикадан Першкиннің, Фадеевтің, Бегалиевтің орыс тілі кітабын оқу бағдарламасынан шығарып тастаған.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы: «Нәсен Жарылғасынов ауданда көп істі алға бастырмады. Оны партияға алмасак та, ауданда абырой-беделі өте жоғары болды. Ол ең алдыңғы қатардағы атқамінер болды», — деп жауап беріпті.

Осы 12 жаланың ішінде біреуі шындық деп ойлаймын (ол туралы 2016 жылы «Жас Алаш» газетіне бір бет мақала берген едім. Оны режиссер Еркін Рақышов қолдады, басқа пікірлер болмады). Оған менің Мәскеудің, Алматының Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен тапқан Жандосов пен Рысқұловтың істеріндегі жауаптар мен әкемнің жауаптары дәлел болады. Олар жасырғаннан еш пайда жоқтығын білді. Қайраткерлерді көпшілігі атылғанын, өздерінің де ауыр жазаланатынын білді. Сондықтан олар кімдермен жұмыс істегендерін жасырған жоқ. Өйткені келешек ұрпақ олардың сол ерліктерін білсін деген ұғымда болды деп есептеймін. Олар ешкімді сатқан жоқ. Ал болған жағдайларды айтпаса, тарихта біздерге белгісіз болып қалар еді. Бүгінгі ұрпақтар ол аталарына қарыз. Қаржыны аямай оларға ескерткіш орнату тарихи сананы оятуға керек.

Жоғарыдағы тергеу қорытындысынан кейін әкемді 10 жылға соттаған 1939 жылы, 4 қаңтардағы 89-85-соттың үкімін СССР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот коллегиясы мынадай құрамда: төраға П.А.Камерон, мүшелері: Панкратов, Абдрахманов, 1941 жылы, 19 маусымда қарап, мынадай қорытындыға келген: Нәсен Жарылғасынов кінәлі деп есептелген. Оны аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып істегенде Абыралы ауданындағы жасырын ұлтшыл кеңес өкіметіне қарсы ұйымның белсенді мүшесі болып халық арасында оқу ісіне қастандық жасағаны, халық жаулары Алдонғаров, Жөкембаев, Бексұлтановтардың тапсырмаларын орындағаны және Тілеулесовтің ұйымға тартқанына келіскені үшін соттаған. Сотта ол айыптарды мойындаудан бас тартқан. Жоғарыда аталғандарды істері дәлелденген жоқ деп сот жазаламаған. Сот істерін қысқартқан. Басқадай Жарылғасыновқа байланысты қылмыстар істе көрсетілмеген. Сондықтан Нәсен Жарылғасыновқа тағылған айыптардың дәлелдері жоқ болғандықтан, оны кінәлі деп есептеуге ешбір негіз жоқ.

Осыған байланысты СССР Жоғарғы сотының коллегиясы прокурордың қарсылығымен келісіп былай шешті: Шығыс Қазақстан облыстық сотының 1939 жылғы 9 ақпандағы үкімінің күші жойылсын. Қылмыстық іс дәлелденбегендіктен істі қарау қысқартылсын.

Әкемнің ісі туралы айта беруге болады. Ақыры өзі ауырып жүрген адамды ұрып-соғу да денсаулығын әлсіретеді ғой. Оның үстіне Сахалин деген бір кезде «Барса келмес» болып есептелді емес пе? Ол жерде шахтада ауыр жұмысқа жегілген болар. Ақталған соң елге оралу да қиын болған екен. Ол кезде құрлықпен қатынас жылына екі-ақ рет, пароход арқылы жүреді екен. Алғашқысына іліне алмапты. Оны жанында болған бір азамат үйге келіп айтып кетіпті. Ол соғыс басталып кеткен кез. СССР Жоғарғы кеңесінің «мерзімдерін өтеген адамдарды елге қайтармай, соғыс біткенше сол жерде жұмыс беріп бостандыққа шығарсын» деген жарлығы шығыпты. Мүмкін, соған байланысты алып қалған да болар. Жалпы, мұндай хабар ҰҚК арқылы келеді. Онда өте қатыгез, обал-сауап дегенді білмейтін сұрқай адамдар істеген болар. Сондықтан бізге әкем туралы жауап жібермеген немесе жетпеген, яғни жолда Семейде, әлде Қайнардың поштасында ма хабарды ұстап қалып, бізді еңіретіп қойған жауыздардың да ісі болуы мүмкін. Әйтеуір, жоғарыда айтылғандай, аса ауыр жолдардан өтіп, әкемнің ақталғаны туралы хабарды 1959 жылы институтта жүріп алдым.

Міне, осылайша, менің әкем Абыралы ауданының мектептері, оның ішінде, Қайнар орта мектебі үшін жазықсыз құрбан болды. Оны еске алмау, аруақты сыйламау дегенмен бірдей. Мұны келешек ұрпақ білуі қажет.

**Болатбек НӘСЕНОВ,**

ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Алашқа заманында ана да, пана да болған Сыр өлкесі ежелден-ақ ерте және орта ғасырларда өркениеттің ошағы болған көне шаһарларымен (Сауран, Сығанақ, Баршыкент, Асанас, Жетіасар, Жанкент, т.б.), күй атасы Қорқыттың ақындық, жыршы-жыраулық дәстүрін жалғастырған кестелі тілді, даңқты сүлейлерімен дараланады. Соның бірі – осы топырақта, онда да Қазалы өңірінде ғұмыр кешкен, кейінгі ұрпағына ұлағатты сөз қалдырған қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Қарасақал Ерiмбет (Ерiмбет Көлдейбекұлы, 1850–1911 ж.) шайыр. Биыл дүлдүл сөз дүрінің туғанына 175 жыл толып отыр. Мерейтой қарсаңында танымал жазушы, сексеннің сеңгіріне көтерілген аға буын өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Молдахмет Қаназға жолығып, заманында «Нұсқалы сөздің кестесі» (Шораяқтың Омары) атанған тұлғаның қазақтың жазба әдебиетіндегі алатын орны, Кеңестік кезеңдегі дін мен исламды насихаттаушы ретінде шығармаларына тыйым салынуы, болашақтағы насихатталуы мен есімін ұлықтау төңірегінде әңгіме өрбіткен едік...

– Молдеке, осыдан алпыс үш жыл бұрын (1963) мектепте жүргенде үкілеп үміт артқан шәкіртіңіз болғандықтан сіздің Алматыға өмірлік тәжірибеңіз толысқан шақта елден келгеніңізді, жетпісінші жылдары елде жүріп «Жалын» баспасының жабық бәйгесінде алғаш «Чика – Дабылдың баласы», кейін «Жер кіндігі» повестерімен екі мәрте жүлдегер атанғаныңызды жақсы білеміз. Қазалыда мұғалімдіктен бастап, аудандық газет редакциясында, аупарткомда, кәсіподақ саласында қызмет атқардыңыз. Өнерге етене жақын болғандықтан Сыр еліндегі есімдері жұртшылыққа танымал ақын, жазушылар, журналистер З.Шүкіров, А.Тоқмағамбетов, Қ.Сүйенішев, Н.Сералиев, С.Боранбаев, Б.Тәжімбетов, С.Сейітмағамбетов, Ә.Әлішев, К.Ізетов, Ш.Дәрмағамбетов, Алматыда Б.Алдамжаров, З.Сақиев, Қ.Мұқаметқалиевтермен және т.б. араластыңыз. Пікірлес болдыңыз. Аталған қаламгерлердің жабық Ерiмбет тақырыбына баруы, оған берген бағасы қандай болатын? Елуінші жылдардағы жылымық, сексенінші жылдардағы жариялылыққа дейін шайырға діншіл көзқарастағы ақын, исламшыл айыбы тағылғаны белгілі.

– Өзің тәрізді сарыауыз балаларды кісі қатарына қосу үшін 1963 жылы Шымкенттен елге келіп, ұстаздықты бастадық. Алдымен, бізге қарап қалған қарт ата-аналарымыздың жағдайлары үшін. Жанашыр Ә.Байтанаев ұстазым сүйреп жүрген кандидаттық та қалды, пединститутқа мұғалімдікке де сәлем айттық.

«Қарғаның бір көзі – оқта, бір көзі – бокта». Халық ортасына келген соң тыйым салынған, кісендеулі халық батырлары мен шайырлары туралы сөз жинауға талап еттім, 21 жастамын. Алып-ұшқан кешегі студенттік көңіл әлдеқандай қауіп-қатерден де, күмәннен да аулақ. Қордалы халық сөзіне ай-бір мейіпідейтін болармын деймін. Маңдай бірден-ақ тасқа тиді. Ана шалың мына шалға, мына шалың ана шалға сілтейді. Соның бірі – өзің көрген де боларсың, Бегімбай Қосаев. Орта бойлы, тығыз денелі, ұзын кірпікті шағын қарт. Сол кезде зейнетте, жетпістің ол жақ, бұл жағында болар. Алдымен сотша тергеп, түп-түқиянымды бажайлап сұрап алды. Бәрін танып, біліп отыр, әкелеріммен дәмдес, бірсыпыра ағаларыммен қызметтес болған. Бұйым-тайыма қанығып алған соң, өзіме туыс болып келетін Балымбет Көптілеуовке жұмсады. «Бір білсе, білетін адам сол». Мені баласынды-ау деп ойлағам алғаш. Кейін бір кәперге келгені бұл баланы әлдебір жасырын мекеме жұмсап отырған болар-ау деген сезікті де жокқа шығаруға болмас...

Алпысыншы жылдар елдің енді ғана ес жинап келе жатқан кезі. Оның арғы жағы алапат соғыс, соғыстың арғы жағы

зорлықпен жаппай колхоздастыру, колхоздастырудың арғы жағы репрессия. Бір елі ауызға – екі елі қақпақ тағы бар. Жеке басқа зіл батпан салмақ. Аңғара бастағаным, жұрттың бәрі үркек. Бегімбай болса сол аласапырандардың қайнаған ортасында өсіп, жетілген адам. Жастайынан қызметке араласып, аудан басшылығына дейін жеткен. Сөз ұстар қарттардың қатары сиреген, қалған сарқыт үрейлі. Одан қалған сарқыт көне сөзден аулақ, көбісі танаулары делдиіп «жарқын болашақтың» камында жүр.

Одан әрі індетіп жүріп Ақанжан Келімбетов ағана шықтым. Бұл кісі халық ортасында өсіп-жетілген, кейін білім алған, жыр, айтыс, не қилы оқиғалар мен ел арасындағы әңгімелердің тұтқыры болатын. Арқалы ақын, өлең де жазады, елге абыройлы, көрнекті ұстаз. Талай әңгімелесіп, дәмдес болдық. Осы ағаннан Нұрсұлтан Жұбатовтың «Жанқожа батыр» дастанын сұрап алдым. Онда да уақытша ғана. Өзінің рұқсатынсыз жан адамға көрсетуге, оқытуға болмайды. Екеуара келісіміміз солай. Бізде бағы жанбаған ақындар көп ғой. Солардың бірі – осы Нұрсұлтан Жұбатов. Дастан эпикалық сарынмен басталады. Сол басталған күйі оқиға әрі өрби алмастан аяқталмай қалған. Себептері көп. Ең бастысы Жанқожа мен Ерiмбет шайырға саясат қырын. Бұл дегеніңіз кеңестік жымсыскы идеологияның ұлтты тарихи жадынан айырудың, яғни қазақ халқының тарихын ұмыттырудың китүркі әдісі. Төртінші пішімдегі ақ қағазға қызыл сиямен көшірген қолжазба менде сақтаулы. Уағда бойынша ешкімге көрсеткен емеспін. Ағамыз о дүниелік болып кетті. Қызы Шәмшия сұраса, көрсетуім мүмкін.

Кезінде Сейіл Боранбаев аға екеуіміз Асқар Тоқмағамбетовтың шашбауын көтеріп, Жанкент маңында жайлауда отырған замандасы Байназар Өтеповке алып барғанбыз. Ол бөлек әңгіме. Күйші әрі ұстаз Қобылаш өздеріне де сабақ берген болар. Ю.Никулинге ұқсайтын бойшаң, белінен бүгіліп еңкейіңкіреп жүретін, үлкен домбырасын қолынан тастамайтын момын да таза адам еді. Талай сұхбаттастық. Бұл кісіден мен А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» кітабын алып оқығанмын. Бір сайтан ұрлап кетіп, кітабын қайтарып бере алғаным жоқ.

Ерiмбет шайыр туралы мен досым Ботабай Рыстығұлов пен оның әкесі Рыстығұлов көбірек естідім. Жырлары құлағымда тиіп жүрді. Біз білерде, шын

мағынасында Ерiмбет жырларының ұйығы – Қызылқұм, арғы жағы қарақалпақ, бергі жағы қазақтың малшы, егінші қауымы. Олай болар себебі Ерiмбет ұрпақтарының басым көпшілігі сол жақта өсіп-өнген, екіншіден, қалың құм ішінде жыр атаулыдан үркетін, саясат салқыны ұрған, мұрындарына су жетпейтін қаланың сүргіншілігінен аулақ малшы қауым да жайбарақат жырау тындап, айтыс ұйымдастыру дәстүрінен кешеге дейін қол үзген емес.

Атап отырған азаматтардың ішінде халықтың көне мұрағатына жақыны Бекділдә Алдамжаров болатын. Ізденімпаз, жан-жақты жазушы, ақын һәм зерттеуші. Қазір кім көп? Жалаңтөстанушы, белсенді білгіш көп. Кеңестің қытымыр

# Саулықта сайра тілім,

заманында Жалаңтөс баһадүрді алғаш рет қазақ босағасынан бері аттатқан Бекділдә болатын. Ерiмбет шайыр туралы да талай әңгіме болған, алайда атаулы мақала жазғаны есімде қалмапты.

Ұстаздықтан қаламгерлікке ойысқаным жетпісінші жылдар. Оқырмандарға мәлім, жазушылыққа алып келген «Чика – Дабылдың баласы» (1971) повесі. Алматыдағы әдеби қауымға араласқаным 1978 жыл. Елдің қалың ортасында болуым, табиғи өмір өз алдына, Сыр бойы қаламгерлерімен аралас-құраластығымыздың шығармашылығыма қыруар пайдасы тиді. Ардақ тұтар Зейнолла ағамыздың «Сыр бойы» тарихи романында ел қорғаған ер Жәкемнің жорықтас серіктері, Ерiмбеттің батыр аталары Шағырай мен Дабылдың ерлік істері баяндалады. Ал Асқар көкеміз «Жыр күмбезі» романында Сырдың Балқы Базар бастаған сүлейлерінің алтын топшысы Ерiмбет ақынның образын: «Ол өзі ақын, әрі оқымысты, әрі серілеу кісі, қисық қылыш байлап, өте сәнденіп жүруге әдеттенген. Жасында медреседе оқыған, сыпайы әрі жомарт болатын», – деп сомдайды. Оның ақындық өнеріне: «Ереке, шын тұлпардың бірі едіңіз, шабытты шайыр сөзге дүр едіңіз», – деген баға береді.

«Сөзіндей сүлейлердің салмағы мол, демейсің өзін келіп қолтығымнан. Келесің сен өйткені көптен сақтап, Ерiмбет, Балқы Базар өнегесін», – деген жолдар ақын, жазушы, аудармашы Б.Алдамжаровтың Қазалы ауданының «Қазалы» (бұрынғы «Ленин туы») газетінің елу жылдығына арнауында көрініс тапқан. Бекділдә ініміздің екі кітаптан тұратын «Ұлы сел» романында Жәкемдей қоныраулы найзалы батырлармен қатар Ерекендей жыр нөсерін селдеткен жыршы, ақындарға кең орын берілген. Ал ақын інім Жетіскен Мәкеналы 2006 жылы «Жыр сүлейі Ерiмбет» атты шайырға арнауында: «Қарасақал Ерiмбет қатарласа шапқанда, қарасын үзген қасқадай. Халық айтады «Алдына жан салмаған ерім деп» көсілетіні бар. Сүйсінерлігі сол, Ерiмбеттей назым сөздің шеберіне арнаған жыр селі толастаған емес. Шындығы керек, қоғамымызда жариялылық желі соққанға дейін Қазалы қаламгерлері мен зерттеушілері Жанқожа батыр мен Ерiмбет ақын тақырыбына еркін бара алмады. Бара алмайтыны – жазғаны еш жерде жарияланбайды. Жексұрын атанады. Сондықтан іштей

тынып, дінкәсі құрып жүретін. Ортадан озып қайда барасың. Біз де сол маңнан. Барлық кедергіні жойған – Тәуелсіздігіміз!

– Аудандық деңгейдегі лауазымды қызметтер атқара жүріп, Қазалы мен Арал топырағының бізге там-тұмдап жеткен халық ауыз әдебиетіне, оның көрнекті өкілдері, жыршы-жыраулар мен ақындар – Б.Өтепов, Н.Жұбатов, күйші Қобылаштың шығармашылығына ден қойдыңыз. Солардың асыл мұрасын жинақтап, насихаттаушы, қазына кеуделі шежірешілер Б.Қосаев, Ө.Ахметов, А.Келімбетов, Қ.Бекетаев, Қ.Бекетов, Қ.Қарабалаев, Р.Бейсембаев, Қ.Тілепов және басқалармен жиі диалогтасып, сұхбаттастыңыз. Бірлі-жарымын кітабыңызға

жеке кейіпкер еттіңіз. Сол ағалардың Сыр бойындағы жазба әдебиеттің қалыптасуына, ауыз әдебиетінің зерделі жанры – жұмбақ айтыстың өркендеуіне, шежіренің толығына қомақты үлес қосқан Ерiмбет шайыр ағамыз туралы айтқаны мен пікірі көкірегіңізде сақталып, құлағыңызда қалған шығар?

– Халқымыздың «Ауыл – алтын бесік», «Ел іші – өнер кеніші» деген даналық сөздері бар. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде тарихи тамыры тереңде жатқан Қазалы мен Арал өңірінде кеудесі алтын сандық, қазыналы да шежіреші ақсақалдардың шоғыры мол болатын. Бала-шаға қамымен үкімет қызметін атқара жүріп, алыс ауданда шығармашылықпен айналысқан, әлденелерге қол жеткізген өз басым санамалаған қазақтың қасиетті қара шалдарымен әңгіме-дүкен құрып, дастарқандас болу бақытына ие болдым. Солардың бірі – майдангер, кейін партия және шаруашылық органдарының қызметкері, зерделі, «Сыр елінде жинақталған қазақтың шежіресі» және «Көсемдік пен шешендік» кітаптарының авторы Өмірзақ Ахметов. Кеудесі қазынаға тұнған, салмақты көсем сөздің иесі Сыр бойының би, батырлары мен ақын-жырауларын сөз еткенде көбіне-көп Ерiмбет шайырдың жыр, киссалары мен шежіресіне жүгінетін. Тамсана әңгімелейтін. Осы бір арда мінез сол ағалардың бәріне тән еді. Мамандығы теміржолшы болса да, руханият жанашыры Ботабай досымның алқалауымен Ерiмбеттің жақын ағайыны, ғасыр құрдасы Рыстығұл атаның талай ғибратты әңгімесін тыңдадым. Ал Рысекеннің туысы, шежіреші ақын Қызылбай ақсақалды сонау 1973 жылы наурызда Алматыдан Қазалыға М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының арнайы тапсырмасымен іздеп келген әдебиетші ғалымдар Б.Адамбаев пен М.Байділдаевтың сапарынан хабардармын (ол бөлек бір әңгіме). Қазақ ауыз әдебиетіне, демек ұлт мәдениетіне, айтарлықтай үлес қосқан екі бірдей азаматымыз Мардан Байділдаев пен Балтабай Адамбаевтардың елге келіп, ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы – айтарлықтай үлкен ерлік. Ұмытпасам, бұл соғыс жылдарынан кейін біздің елге жасалған екінші ғылыми экспедиция.

Бұл кісілер кетіп қалған соң естідім. Кімнен қаншалықты материал алғандарынан хабарым жоқ. Елдегі көнекөз қариялардың бірі, маған туыс ағайын Балымбет Көптілеуовке жолығыпты.

Алайда әлдеқандай себептермен бірден-ақ шалыс келіп қап, бұл кісі оларға шешіліп әңгіме тарқатпай кетіп қалады. Өз аузынан естігенім осы.

Қызылбай ағамыз араға екі ай салып, Ерімбет туралы «Тереннен гауһар сөз теріп» деп өлеңмен Марданға жазған жауап хаты кейінде жергілікті автордың зерттеу кітабында жарияланды. Тарихшы ұстаз Қ.Бекетов ағамыз «Қазағымды, Қазалымды жырлаймын» кітабында басы Жалаңтөс баһадүрдің шығу тегін таратқанда Ерімбет шежіресін басшылыққа алған. Осындай үрдіс т.ғ.д., профессор Х.Мадановтың «Кіші жүздің шежіресі» (1994) кітабында да байқалады.

– Жарты ғасырдан астам шығармашылық ғұмырыңызда сіз көркем

Облыстық кітапханада МБА (межбиблиотечный абонент) деген арнаулы бөлім болатын. Соның оқырманымын. Мен сұраған материалдар, кітаптар, журналдар негізінен Ленинград, Мәскеуден келеді. Оның өзі он-ақ күнге. Мұрныман шаншылып жүрген адаммын. Қазір оңайлады ғой, ауданда екі-ақ машинка. Өзге амал жоқ, кітаптардағы керек тұстарды сол кездегі ақ-қара суретке түсірткізіп алатынмын. Бірсыпырасы сақтаулы тұр. Содан бері жыл сайын тіркектеп жинап, толықтыра бердім. Бұл тұрғыда батырға байланысты әртүрлі мазмұндағы материалдар 90 пайызға жуық осы кітапта жинақталды деп есептеймін. Тауқыметі мол, бірақ өкінбеймін. Бүгінгі күнге дейінгі 200 жылдық мерзімді камтитын

Дабыл өзінің жанындағы төрт-бес үймен теңіздің арғы беті Үстірт асып кетті деп көрсетілген.

Көтерілісшілерді жазалап жүрген Елікей Қасымов жансыздар жұмсап Қармақшыдан бұл жердегі қазақтар түгілі Хиуа, Қокан, Бұхарда болып жатқан оқиғаларды соғыс министрлігіне мұрнынан тізіп жеткізіп отырған үш бірдей тілді білетін сарай кеңесшісі тыңшы Осмоловскийге, «Хиуанын Әлләберді Мейрам деген кісісі Дабылдың ауылын тонап, өзін тұтқындап алып кетті» деп көрсетіп отыр. Нағыз аласапыран кезең, солай болуы да мүмкін.

Ал шындығында, Дабыл өз туыстарымен бір қауым ел болып Боқан тауының маңы Қаракөл деген жерге тұрақтаған. Жасы келгенде ағайындарына егін екізіп, бейбіт кәсіппен айналысқан. Көз көргендер Дабыл жармасының сұлбасы әлі тұр деседі. Айта келгенде, Дабыл – Жанқожаның жанында ұзақ болған ең сенімді батырларының бірі. Екеуі дос болған. Достық келе-келе құдалыққа ұласқан. Батыр Ақмырза ағасының қызы Зәурені Дабылдың ағасы Ақша батырдың ұлы, өзінің сарбаздарының бірі Көлдейбекке ұзатып берген. Көлдейбек Ерімбеттің әкесі, сонда Ерімбет Жанқожаға жиен.

– Ежелден батыр мен ақының қастерлеген ел едік ғой! Кіндік қанымыз тамған, қазақы дәстүрге берік Қазалы ауданының ер азаматтары соның жарқын үлгісін көрсете білгеніне сіз бен біз куәгерміз. Сонау 1992 жылдың күзінде Қазалыда халық батыры Жанқожаға арналып кесене салынғаны, Акиреkte баба рухына ас берілгені, республикалық дәрежеде аталғаны, бұл үрдіс 240 және 250 жылдықта кең сипат алғаны белгілі. Ал Ерімбет шайырға елдік құрметтің алғашқы қадамы аудан әкімі С.Имандосов тұсында (1994) жасалғаны, 2006 жылы 155 жылдығы мерекеленгені мәлім. Өзіңіз қатыстыңыз. Ер Жәкемнің өткен жылғы мерейтойында баяндамашының бірі, сыйлы қонағы болдыңыз. Алайда биыл Қазалыда шайырдың 175 жылдығының қарекеті баяу жүруде. Біз тегі көп тойшылап, халықты ығыр қылып алған жоқпыз ба? Жекелеген аталар бабалар мазарын салуды бәсекеге айналдырған іспетті. Бетке ұстар, сөзі өтімді ер-азаматтардың намысы мен рухы әлсіреді ме? Мұны бір десек, екінші мәселе Ерімбет ақынның есімін мәңгі есте қалдыру, оның шығармашылық мұрасының кенінен насихатталуы туралы не айтар едіңіз?


– Қарасақал Ерімбет бабамыздың елге тұңғыш оралуы қазіргідей емес, атқан оғын жететін, айтқан сөзің өтетін, еститін құлақ бар 1994–1995 жылдар. Бұл жайында сенің жазбаңнан қанықпын. Әңгіменің ортасында болғаным жоқ. Аудан әкімі С.Имандосовтың басшылығымен қиын кезде қаражат жиналып, кітабы шығарылғанынан, Бөзкөлдегі мектепке, Астана, Алматы, Қызылорда қаласы мен Әйтеке би кентіндегі көшеге есімі

берілгенінен хабардармын. Өкініштісі Самұраттың орнына келген әкімдер тұсында бұл екпін саябырсыды. Ал араға он жыл салып қайта оралуы 2005–2006 жыл деуге болады. Бұл жыл ауданда «Ерімбет жылы» деп аталды да, сан-алуан бөгесіндер мен кедергілерге қарамастан, көптеген шаруалардың басы қайырылды. Ғылыми конференция өтті, ұжымдар мектептерде шайырдың шығармалары таныстырылды, кітабы шықты. Тағы да жазбаңна білгенім, Мәдениет министрлігінің бағдарламасы бойынша шыққан «Қарасақал Ерімбет» кітабының қор есебінен қаржыландырған мың данасы мансаптың буына піскен әкім-қаралар мен күншілдігі басым пенделердің көрсоқырлығынан келген қонақтарға таратылмай, бөлменің бұрышында жатып қалуы кешірімсіз-ақ! Мәселенің анығы, Қазалы қаласында ақынның ескерткіші орнатылды. Ақын молынан насихатталды. Осы шаруалардың басы-қасында жүрген сенің ағам, менің қимас досым Ботабай Рыстығұлов болатын. Ботабай дос ес білгелі тыным таппай, үнемі елдік істердің бел ортасында жүрді. Оның Ғани мен Ерімбетке сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Аруақтардың шапағаты төгілгей адал дос, арда азаматқа!

Ортаймаған қазаны қазыналы Қазалы өңірінде ел мақтанышы, тарихи тұлғалар – Жаңқожа мен Ақтан батырға, Ерімбет шайырға, жастар жетекшісі Ғаниға арналып жатқан іс-шарадан хабардармыз. Әйтсе де, кейінгі жылдары өршіген жаман әдет – самарқаулық індетке шалдыққан әкім-қаралар облыс басшысының аузына жалтақтап қарау, өз бетінше құлшыныс танытпай, бәрін кейінге ысырып, бір күнде апыр-топыр өткізе салудан әрі аса алмауда. Әйтпесе, Ерімбет шайырдың ізгілікке шақырған жыр-термелері мен қиссаларын жас ұрпақтың бойына сіңірсек, рухани байлығымыз арта түсер еді ғой! Деректі фильмін түсірсе, шығармашылық мұрасы мен зерттеу кітабын академиялық үлгіде шығарса, үгіт-насихатын жандандырса, Мемлекет басшысының Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдағы ұлтымыздың тарихи тұлғаларына құрмет көрсетуді жақсарта түсу қағидасы жер-жерде оң шешімін табары сөзсіз. Бұған қоса, ақын есімін мәңгі есте қалдыру үшін, шығармасын оқулыққа енгізуде Түркістан, Ақтөбе, Байқоңыр қалаларындағы көшеге есімін беруді де ескерген абзал.

Тағы бір айтпағым, ердің атын елі мен бетке ұстар азаматы шығарады. Дәстүрлі із бар. Тек азаматтарға ұлтжандылық пен белсенділік, ал билікке пейіл мен ниет керек. Сезінгенге шайырдың Қуандариядағы мешіт-мектебі мен бейіті камқорлыққа зәру. Айта берсе, шешілмеген мәселелер баршылық. Әңгіменің токтері, Ерімбет – сөз бастаған ақын. Демек даңғайыр ақынға лайықты елдік құрмет көрсетілуі тиіс.

# ашып көңіл...



Әдебиетке (әңгіме, хикаят, повесть, т.б.) қалам тербеумен қатар, кейінгі отыз жылдың бедерінде XIX ғасырдағы Сыр бойындағы Ресей империясы мен Хиуа, Қокан билеушілеріне қарсы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, даңқты батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлының (1774–1860) ерлік жолына мықтап ден қойдыңыз. Шаң басқан архивтік құжаттардың көмегімен батырдың әр жылдардағы мерейтойларына алғаш «Ел қорғаны ер Жәкем», кейін екі рет «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» атты ғылыми-танымдық кітаптар құрастырып шығардыңыз. Тауқыметті саланы меңгерген тұста «...Қозғалса құйын нөсер құр кетпеген» (О.Есентайлақұлы) деген бағаға ие Ерімбет шайырдың ер Жәкеммен замандас батыр аталары Шағырай Бекшеуліның, Дабылдың, оның туысы Ақшаұлы Досбол мен Қабақтың есімдерін жолықтырған боларсыз. Туыстық жағынан келсек, Ерімбеттің анасы Зәуре Жәкемнің ағасы Ақмырзаның қызы деседі. Бұл турасында не айтасыз?

– Қай шығарма, қай кітаптың болмасын азды-көпті өзіндік бейнеті болады. Ал «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» жинағының бейнеті ерекше. Сыр бойы шаруаларының көтерілісіне деген қара түнектің ашылар-ашылмасы мүлде беймағлұм жетпісінші жылдары елде жүріп Мәскеу, Ташкент мұрағаттарында жұмыс істедім. Алдымен өзім біліп, түсініп алу үшін. Одан кейінгі Алматы, Орынбор мұрағаттарындағы жұмыстар өз алдына.

елеулі жұмыс. Мүлік халықтыкі. Аруақтар риза болса болды. Бұдан былайғы жас зерттеушілер онша қиналмайтын болады.

Архивтік деректерге негізделген қос кітапта, жыршы-жыраулардың ерлік дастанында жеті атасына батырлық дарыған Ерімбеттің ержүрек аталары Шағырай мен Дабыл, Ақшаұлы Досбол мен Қабақтың есімдері жолығады. Бұған қоса, жыршы Л.Кенжеевтің «Жанқожа батыр» дастанында: «Шағырай, Сәдір, ер Дабыл, тоқым тыққан Қыстаубай. Құр атаққа мәз болмай, атакты өңкей ер едің», – деп сипатталады. Ер Дабылға: «Алғыс айтып балаға, ер Дабыл берді батасын. Үлкендер қылар кешірім, кішінің көрсе қатасын», – деп айрықша тоқталады.

Батыр бабаның ажалы орыс жағына берілген бақталас сатқындардың қолынан болғанда Ерімбет он жаста (1860) екен. Ата-анасының айтқаны, елден естігені бар, ақын нағашысының ерлік істеріне бала кезінен қанық болып өскендіктен «Қабан Құттыбайдың толғауында»:

*Жанқожа мағлұм еді үш Алашқа,  
Тұлғардай дүбірі шыққан қарақасқа.  
Табаны қара жерден жалпақ еді,  
Егесте екіталай айнымасқа!  
Олардай даңқты дабыс бізге қайда?  
Белгілі жақын-жуық, қарындаста,* – деп жырға қосады.

Ал Кете Шораяқтың Омарымен айттысында ширыққан тұста:

*Жанқожа жау боламын дегеннен соң,  
Оқ атты орыс әскері кәрі шалға-ақ.  
Сол күнде сексен алты жасында дейді,  
Патша да гүжім қылды кемітпей-ақ!* – деп батырдың басынан өткен азапты тағдырын жеткізеді.

1841 жылы Кенесары Қасымовтың бастауымен Қоканның Созақ бекінісін аларда Кіші жүз қолын бастаған Жанқожа қосынында Дабыл Бекшин бар. 1842 жылы Жанкент маңындағы Хиуа найыбы Бабажан қорғанысын талқандап, өзін жазалағанда Дабыл Жанқожаның жанында. Бұдан да ілгеріде Хиуа бекіністеріне талай жасалған жорықтарда да Дабыл батырдың қатарында арпалысып жүргені ауызша айтылады. Бірақ көбісі қағазға түспеген.

Орыс әкімшілігінің ұйғарымымен арнайы шыққан 600 жазалаушы қарақшы 1860 жылдың ерте көктемінде Қызылда жалғыз үй отырған 86 жастағы Жанқожаны намаз үстінде атып өлтірген соң, генерал-губернатор В.Катенин шешесі ұл тапқандай қуанып, соғыс министрлігіне енді қалғаны жалғыз Дабыл деп жазады. Осы кездегі бір жазбаша деректе

## Түйін

Естінің ізі, көненің көзі, қазақ әдебиетінің қарымды қаламгері сіздің егде жасқа келгеніңізге қарамастан, ағалық тілек айтып, Ерімбет шайыр есімін ұлықтауға, мерейтойын жоғары деңгейде өткізуге жанашырлық танытқаныңызға үлкен рақмет! Ел ағасы ретінде әлі де айтарыңыз азаймасын, жазарыңыз сарқылмасын! «Батыры мен ақының құрметтеген ел бақытты» қағидасын алға тарттыңыз. Лайым да солай болғай! Ел азаматтары сілкінер, серпіліс туар... Сырдариясы бар елдің, інжу-жыр дариясы бар. «Саулықта сайра тілім, ашып көңіл, халықтың қалсын сөзің құлағыңда», «Қолыңнан келер ісінді аянба, халықтан алғыс ал» деп өткен, хәкім.

### ДАЛАНЫҢ ДАРҚАН ДАУЫСЫ

Қазақстанның халық артисі, Абай атындағы академиялық опера және балет театрының баритон дауысты даңғайыр әншісі, Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры, Атырау облысының құрметті азаматы, бірнеше халықаралық конкурстардың лауреаты Ғафиз Есімовтың өмірден озғанына жыл толды. Сахнадағы 50 жылдан астам ғұмырында ол рухани мұратқа адал қызмет етіп, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбайтын үнімен талай ұлы тұлғалардың бейнесін сомдай жүріп, өзі де осы саланың санаулы саңадағына айналды. А.Жұбанов, Л.Хамидидің «Абайында» Абай, А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанованың «Құрманғазысында» Құрманғазы, Е.Брусиловскийдің «Ер Тарғынында» Тарғын, М.Төлебаевтың «Біржан-Сарасында» Жанбота, Е.Рахмадиевтің «Алпамысында» Алпамыс, Б.Жұманиязовтың «Махамбетінде» Махамбет партияларын аса жоғары кәсіби деңгейде орындап, ел рухын көтеріп, таным-талғамын биіктетуде өлшеусіз еңбек сіңірді. Бүгінде белгілі өнер зерттеушілері мен мамандары оның шығармашылығындағы ерекшеліктер туралы арнайы талдау мақалаларында айрықша атап көрсеткен. Басқасын былай қойғанда ол Алпамыс, Ер Тарғын, Махамбет партияларын орындау барысында операда қаһармандық образдарды сомдауда сара жол көрсетті. Өнерге махамбетшілі мінезді алып келді. Ол тек дауыс емес, образға актерлік қабілетімен де терең үңілу арқылы тыңдарманын таңдандырып, тамсандырып, күрсіндіріп, ойландыра білген қырымен де дараланды. Ұлт өнерінің ұстындары Қ.Жандарбеков, К.Кенжетасев, Б.Жылысбаевтардың әншінің өзгеше болмыс бітімін айшықтайтын жоғары бағасы опера тарихында мәңгіге таңбаланып қалды. Ол тек операда ғана емес, халық, осы заман композиторларының әндерін орындауда да озық болды. Бұл ретте Құрманғазы, «Отырар сазы» оркестрімен тығыз шығармашылық байланыста болғанын атап айтсақ та жеткілікті. Оның бойындағы Тәңірден берілген әсері өзгеше даланың дарқан, дара дауысы әлі тыңдарман құлағында десек, артық айтқандық емес. Себебі ол әнді айтып қана қоймайды, оған бар жан-тәнін, ішкі иірімдер мен ағыстарды қосады. Содан да болар ол орындаған бір әннің өзі бір спектакльдің жүгін көтеріп тұрғандай еді. Ол өнердің ең биік шыңы саналатын операда КСРО халық артистері – Р.Абдулин, Е. Серкебаев, Б.Төлегенова, Р.Жамановалармен бірге

қызмет еткенін әркез мақтан тұтып, ұстаз санады. Өзі де кейін осы сара соқпаққа түсіп, опера сахнасында қызмет ете жүріп, жастарға әншіліктің қыр-сырынан дәріс оқыды. «Ұстаздық өзіңді аямау, өзгенің бақытын аялау» деп ұстазымыз Зейнолла Қабдолов айтқандай, Хафекең де шәкірт тәрбиелеуде аянып қалмады. Бүгінде халықаралық конкурстарда оза шапқан Жанат Шыбықбаев, Қайырлы Ісләмов, Ким Иоң Дон, Андрей Трегубенко, Жанболат Жұмағазиндер ұстаз сенімін ақтап, талай биіктерді бағындырып үлгерді. Хафиз Есімовтің «Өнер соқпағымен» атты өнербаяны іспетті кітабынан алынған мына бір үзік үзінді еріксіз назар аудартады. Ол оған жанынан қымбат жан, өмір, өнер жолында да жан серігі болған ғазиз адам. Оқиық «...Қай заманда да ұйғыр халқы өздерінің беделді де өнерлі, батыл да қайсар қыздарын мақтан тұтқан. Назыгум, Ипархан, Аманниса, Шынарғүлдер сияқты арулары – өз халқының жоғын жоқтап, тәуелсіздігін аңсап, қайғы-қасіреті мен аяусыз қуғын-сүргінің, зорлық-зомбылығын бөліскен жандар. Сол ару апаларындай талантты жанның бірі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Маһинур Хамитқызы Рахман өмірге деген көзқарасын сахнада сомдаған бейнелерімен баян етеді. М.Х.Рахманның өнер жолы қилы асу белестерден тұрады. Оның сахна төрінде кескіндеген сан алуан рөлдері көрермендердің көкірек көзін ашып, жан дүниесін байыта түсті».

Есіңізге түскен болар, бұл баяғы консерваторияның актерлік факультетін бітіре сала Ғабеңнің «Қозы Көрпеш - Баян сұлуында» Баянды ойнаған бүлдіршін қыз ғой. Әйгілі Ә. Мәмбетов, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, С.Майқановаларды тамсандырған Маһинурдың Баяны осы рөлді ойнаған актрисалардың қатарына қосылғанын Хафекең терең толғанысқа түсіп жазады. Жымыысы Джоконданы еске түсіретін сол жаны жайсаң жеңгеміз, қазақтың келісті, көркем келіні қайсыбір күні редакцияға келіп, отағасының өзгеше қыр-сыры туралы ойларымен бөлісті. Сан қырлы, тағдырлы тұлға оңашада қолына қалам алып, көңіліндегі көріністерді қойын дәптеріне түртіп қояды екен. Маһинур Хамитқызының өтінішімен әншінің артында қалған аманатына қиянат болмасын деп, сол жазбалардың ықшамдалған нұсқасын жариялап отырмыз.

Қали СӨРСЕНБАЙ



# Ғафиз ЕСІМОВ: Өмір мектебінде оқушыдан оқытушы көп

\*\*\*  
Жастығым – қадір-қасиетім,  
Кәрілік – қайғы-қасіретім.  
\*\*\*  
Есті сөз – өсер,  
Есер сөз – өшер.  
\*\*\*  
Тұлпарға деген талапты тайға артпа.  
\*\*\*  
Батасыз байлық та, бақыт та болмайды.  
\*\*\*  
Келешегімнен кешегім жарқын.  
\*\*\*  
Мадақ адамды өлтіреді, мазақ өсіреді.  
\*\*\*  
Қаймақты қалқып алар, қаспақты қырып алар.  
\*\*\*  
Қаспақ та «қаймақ» болсам деп армандайды  
\*\*\*  
Қанша қаржы бөлсең де, ұлт денсаулығын сатып ала алмайсың.  
\*\*\*  
ОППОЗИЦИЯ – тырнақ астынан кір іздеу.  
\*\*\*  
ЛИЦЕМЕР – бетпішуші  
\*\*\*  
КОНДИЦИОНЕР – тұмаулатқыш .  
\*\*\*  
ТРАЙБАЛИСТ – жүзі күйгір.  
\*\*\*  
ГРИМЕР – бетбұзар.  
\*\*\*  
ОЛИГАРХ – әлі қарық болмағандар.  
\*\*\*  
К... нен шыққан тенор болғанша, бетіне шыққан баритон болған артық.  
\*\*\*  
Құркеуденің қолында шоқпар болар.  
\*\*\*  
Қоңырау такса, есек те серке болар.  
\*\*\*  
Кірпіні құшағына ала алмайсың.  
\*\*\*  
Заманақырдың баласының тілі тісінен бұрын шығады.  
\*\*\*  
Құстың сүтінен қаймақ айырған қу ...

\*\*\*  
Данышпандық – әркімге келе бермейтін ауру.  
\*\*\*  
Ағаштың түбірі самалдың қадірін білмес.  
\*\*\*  
Бір таба нан үшін табанға түспе.  
\*\*\*  
Көрінгенге көзәйнек болма.  
\*\*\*  
Әзілсіз өмір – әзәзіл.  
\*\*\*  
Тағдырдың ұлты жоқ.  
\*\*\*  
Кешегілер – бүгінгің сыншысы.  
\*\*\*  
Артист «ескіріп» өлмейді, ескерусіз қалғанда өледі.  
\*\*\*  
Әйелдің даңқын шығарғандар – Дон-Жуандар емес, Дон-Кихоттың махаббаты.  
\*\*\*  
Ерсіз әйелдің «ойбайы» көп.  
\*\*\*  
Күннің өтіп болмаса базарға бар  
\*\*\*  
Қолы ашықтың – жолы ашық.  
\*\*\*  
Жалашыл жаладан өлер..  
\*\*\*  
Молда оқып жейді, қарға шоқып жейді.  
\*\*\*  
Жақсының аты қалар, жаманның таты қалар.  
\*\*\*  
Судың басы – бұлақта, сөздің басы – құлақта.  
\*\*\*  
Пәле қыр астында емес, аяқ астында.  
\*\*\*  
Қасқыр жылда түлесе де, құлқыны өзгермейді.  
\*\*\*  
Бәйтерек жалғыздықтан қуарар.  
\*\*\*  
Түлкіге құйрығы куә.  
\*\*\*  
Мешелден ақсақ артық.  
\*\*\*  
Ауырған жерін аяулы.  
\*\*\*  
Адамнан жасырсаң да, арыңнан жасыра алмайсың.

\*\*\*  
Құлағымнан көзім адал.  
\*\*\*  
Әке жимаққа, бала шашпаққа.  
\*\*\*  
Ұраға түскен ешкі қасқырға ағатай дер.  
\*\*\*  
Жылқыға тобықтан су – тауыққа топан су.  
\*\*\*  
Өмір мектебінде оқушыдан оқытушы көп.  
\*\*\*

\*\*\*  
...Консерваторияның ән салу кафедрасының дайындық курсына емтихан жүріп жатыр. Маған кезек келіп, «Ауылым қонған Сырымбет саласына, ғашық болдым ақсұңқар баласына» деп әуелете бергенімде кафедра менгерушісі, профессор Бекен Жылысбаев «жарайды» деп тоқтата салғанда, зәремнің қайда кеткенін білсендер-ау. «Жігітім жеткен жерің осы болды» дедім өзіме-өзім. Емтихан қорытындысын жариялайтын

...Мемлекеттік емтихан жүріп жатыр. Мен үшінші курстамын. Қазіргі Қазақстан Республикасының халық артисі Зейнеп Қойшыбаева консерваторияны тамамдап, дипломдық жұмысы М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан Саранын, мен Біржанның әкесі Қожағұлдың партиясын орындадым. Студияда киім-кешек тапшылау, киген шекпенімнің жеңі шолақ, шалбардың қысқалығын есіктің қонышына тығып жасырамыз әйтеуір. Бас киім екі бастан жетпейді, оның үстіне маған жетпейді. Спектакль басталғалы жатыр. Менің бас киім таппай шырылдап жүргенімді байқап қалған Құрекем:



–Әй, Ұзынтұра мә, – деп басындағы қара тақиясын шешіп бере салды.  
Спектакльді аман-есен өткіздік. Ал Құрекем болса Шымкенттегі Мәдениет институтының мемлекеттік емтиханына төрағалыққа шақырылып, кешкі пойызға асығып кетіпті. Ақсақал сол кеткеннен туған жері Шымкентте дүниеден өтті. Сөйтіп, Құрекемнің қара тақиясы менде қала берді.  
Қайран, Құрекемнің сол тақиясын шашымды тықырлап алдырған сайын көзіндей көріп киіп жүрдім.

уақыт жақындап қалды. «Кірмей-ақ қойсам қайтеді» деймін. «Әй, нар тәуекел!» деп ішке қойып кеттім.  
Оқуға түскендердің қатарында өз атым аталғанда шалқамнан түсе жаздадым.  
Өстіп, менің алағаш үлкен өнердегі жолымды ашқан қайран Бекен аға Жылысбаев еді!

*Жапырақ жүрек жас қайың,  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың?!*

Ақиық ақын Мұқағалидың осынау терең философияға тұнып тұрған жыр жолдары күллі қазақтың көңілін қозғап, жанын тербейтін әсем әнге айналғаны баршаға мәлім. Ал сол сырлы да сазды, салмақты әуенді небәрі 26 жастағы ару жазғанын біреу білсе, біреу білмес. «1976 жылы туған ән ғой. Театр ашқанымызға бір жыл толғанда Алакөл ауданына гастрольдік сапармен бардық. Ақын өмірден өткен тұста газеттің бір бетін толық ала Мұқағали ағамыздың өлеңдері жарияланыпты. Оқығанымда «Ақ қайың» өлеңі ерекше әсер етті. Ақын жанының ең соңғы шырылын табиғатқа осы өлеңмен айтып кеткендей күй кештім. Мен сонымен ауырдым да, бірден ән жаза бастадым. Алакөл ауданының Халық театры бізді құрметтеп түс кезінде өзен жағасына дастарқанға шақырды. Күн деген шайдай ашық. «Жігіттер, қыздар, отырысты бастамай тұрып, мен сендерге бір әнімнің премьерасын жасап берейін дедім де, «Жапырақ жүрек жас қайың» деп шырқай бергенімде, күн жарқырап тұрған мезгіл еді, төбеде бір кара бұлт үйіріліп кеп, сар етіп жауа жөнелді. Мен әнді тоқтатпадым, ел орнынан тұрмады. Бұл ән осылай өмірге келіп еді», – деп еске алады театр және кино актрисасы, Қазақстан Республикасының халық артисі Алмахан Кенжебекова әннің қалай туғаны жайлы әңгімесінде.

Жалпы, кез келген талант иесі өнер жолына кездейсоқ түспесе керек. Домбырамен ән шықпағанды жақсы көретін ана мен серілікті жанына серік еткен әкеден туған Алмахан Кенжебекованың да әнге әуестігі балалық шақтан бастау алды. Өнер иесінің балдәурен кезеңі Райымбек ауданының тау бөктеріндегі Қайнар ауылында өтті. Сол асқар таулардың баурайында таза ауамен тыныстаған сәби жүрек өмірді өлең, аспанды әуен, табиғатты көркемдік деп қабылдады.

Бірде ауылға арнайы ат басын бұрған фильм түсірушілер осы өңірдің өскелең өнерпазын іздейді. Осы сәтті толқыныспен қайта парактаған Алмахан апай: «Апа, қызыңызды колхоздың бастығы шақырып жатыр, – деген шақыруды естіген соң, бірге еріп барып, колхоз бастығының кабинетіне кіргенімде ұзын бойлы, аққұба, бозғылт шашын артына қарай қайырған кісі отыр екен.

– Ән айтасың ба? – деп сұрады бірден.

– Айтам.

– Қандай ән айтасың?

– Аңадай ән, мынадай ән... – деп білетін әндерімді атай бердім.

– Болды, осы баланы аламыз, – деді ол кісі. Сөйтсем, ауыл туралы кино түсіріп жатыр екен.

Ол кісінің Мұхаметжан Тынышбаев ағамыздың жалғыз ұлы, қазақтың тұңғыш кәсіби операторы Ескендір Тынышбаев екенін кейін білдім. Менің өнерге деген жолымның ашылуында Ескендір ағаның рөлі орасан. Тіпті түсірілім тобы шай ішуге дастарқан басына жайғасқан кезде, мен етекте шай құйып отырғанмын, төрден орын алған манағы ақ шашты кісінің «Қызым, сенің әнің жақсы екен, келешекте әнші

айқындап бергендей болды», – деп жалғастырды сөзін.

Талаптанған жас талант мектеп бітірген соң оқу іздеп Алматыға аттанады. Алғашқы жылында сәті түспей, ауылына қайта оралып, жұмыс істеп, келесі жылы Эстрада-цирк колледжіне барып, тағы бір рет бағын сынап көреді. Сонда, айтқандай-ақ, ән орындап болған соң өнерпазды Жүсіпбек Елебеков өз класына оқуға қабылдайды. Дәстүрлі әндердің табиғаты, тарихы туралы, ән мен жырдың қыры мен сырын Жүсіпбек ұстаздан естіп, өнер көкжиегіне терең бойлайды. Сонымен қатар ұлттың өткен жолы мен ұлы тұлғалары жайлы да Жүсіпбек ұстаз кеңінен толғайды.

Әйтсе де ән айтып қана жүруді аздық еткен Алмахан Кенжебекова театрда өнер көрсетуді мақсат тұтып, ұстазынан



# АЛАШТЫҢ АЛМАХАНЫ, ҚАЗАҚТЫҢ КЕНДЕБАЙЫ



болуына болады. Алматыда Эстрада студиясы ашылды. Онда Жүсіпбек Елебеков деген атаң бар, егер сен соған барсаң, оқуға түсесің, ол кісі қабылдайды. Сен білесің бе, Роза Жаманова деген халық артисі атанған апаң бар, Жаман әкесін жақсы қылды. Кім біледі, мүмкін, сен де халық артисі боларсың кейін» дегені ғұмырымның мақсат-мұратын

келесі бір белеске өтуге рұқсат сұрайды. Өзінің избасары ретінде көріп жүрген Жүсіпбек Елебеков шәкіртің кимаса да, даңғыл жолға бата тілеп, Шолпан Жандарбековаға, консерватория қабырғасына аманат еткендей болады. Жүсіпбек Елебеков ән өнерінің өріне бойлатса, Шолпан Жандарбекова қасиетті сахнаның киесіне үңілдіреді. Өмірлік серігін де осы оқу орнында, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясында кездестіреді. Бүгінде сахна өнерінің биігінен көрініп, ел ағасына айналған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Кендебай Темірбайұлы мен Алмахан апай бір курста оқып жүріп табысып, отау құрып, үлгілі әулетке айналды. Қазақ сахнасының қасиетті топырағында, Талдықорғанның мәдени ордасы — Бикен Римова атындағы театрдың құрылуында да, шымылдығын ашып көрермен көзайымы болған аяулы сәтінде де қос таланттың үлесі зор. Осы өнер ордасында табан аудармай жарты ғасыр еңбек етіп келе жатқандары да өнер иелерінің сахнаға, топыраққа, өнерге деген адалдықтарын айшықтаса керек.

Кішкентайынан ерке де бұла болып өскен таланттың сахнадағы образдары да өжеттіктің бейнесі іспетті. Сахнадан да, көркем фильмдерден де атойлап сезіліп тұратын сол асқак образдың ұшқыны балалық шақта екенін аңғарамыз. «Отбасымда жалғыз баламын. Сонымнан ұл келсін деп, мені туа сала ырымдап ұлша киіндірген екен. Әкем жылқышы болған. Кішкентай кезімнен аттың жалында ойнап өстім. Шауып келе жатып, бір жағыма қарай еңкейіп жерден тасты іліп әкетіп, садақ атысып ойнайтынбыз. Мектеп табалдырығын аттаған шақта да мені бәрі ұл бала деп ойлады. Ұстазым ұрса беретін: «Кенжебеков, тұр», – дейді. Тұрам. «Ертең шашыңды алдырып кел, алдырмасаң, қайшымен қиып тастаймын», – дейді. Содан үйге келем де: «Шашымды алсандаршы, мұғалім ұрысып жатыр», – деймін, сондағысы төбеде ғана өсіп тұр шашым, жан-жақтарын қиып тастаған. Үйдегілер маған деп арнайылап белдемше де тіктіріпті. Мені «кішкене жігіт» деп атайтын жеңгем: «Юбка киейік», – дей бергенде, бір-ақ ұрдым ол кісіні.

(Жалғасы 22-бетте)





**Галым ЖАЙЛЫБАЙ,**  
Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

## ҚҰРАЛАЙДЫҢ КӨЗІ

Өмірін де,  
өзін де,  
дүбір тосқан...  
дүрмекпен.  
...Құралайдың көзінде —  
Тұнып қалған бір көктем.

Бетін төсеп самалға,  
Жаулаң қағып қарады.  
Жарқ-жұрқ еткен жанарда  
Ғұмыр кетіп барады.

Жанымыздың жарасы  
Шеменге өтіп барады.  
...Көзімнің ақ-қарасы,  
Өлең кетіп барады.

Шер күйімді шертер ем,  
Құралайым, келдің бе?  
...Шалғын басын ертемен  
Шық шайғанын көрдің бе?..

Қыр басынан танымай,  
Ғажайыптан құр қалсақ...  
Жанарыңа, жаным-ай,  
Әлем сыйып тұрған шақ.

Көңіліңде көктем жүр,  
Көкжиекке түнеген.  
Көзіңдегі мөп-мөлдір  
Жалғыз тамшы  
— Ұлы өлең...

Селт етпесе сезімің,  
Көне болар көңілің.  
...Құралайдың көзінің  
Ішінде өтті-ау өмірім.

## ОН ЕКІНШІ ҮЙ

«Тастағым», қош бол енді,  
Тастағым-ай,  
Тізілді кірпігіме жас жамырай...  
Жәркен жырау

Ақын тұрды Алматы «Тастағында»,  
Бас қамын да ойламай,  
басқаны да.  
Әйнегінен үйінің ай сығалап,  
Өз жұлдызы жанатын аспанында.

Қаламымен тайпалтып қара өлеңді,  
Бауырына басатын бар әлемді.  
Тастақтағы бес қабат,  
он екінші үй,  
Жетімсіреп қарайды маған енді.

Сол бір күндер шықпайды бүгін де естен,  
Жыр оқысаң, жылғалар күбірлескен.  
Тас маңдайда тағдырдың жазуы бар  
Жәркен жырау осы үйде ғұмыр кешкен.

Жұмысы жоқ ешкіммен,  
түк таласы,  
қабырғасы теп-тегіс,  
мықты ағашы.  
Меңірейіп тұр енді мең-зең болып,  
Менің Жәркен ағамның құтханасы.

Түнерер де,  
селт етер бір түңілсе,  
Тастақтағы тал, терек бүртігінше.  
Алатауға қарайтын таң атқанда,  
Жайыртауды көретін кірпік ілсе.

Жырларына ақтарған сыр жасырмай,  
Сағыныштың бір күні —  
бір ғасырдай.

Көшіп келген көктемдей көңілі бар,  
Босып келген Боғданың Құлжасындай.

Қайда Жайыр,  
шыңдағы қайда мұнар?  
Жылап аққан жылға да сайға құлар.  
Сылти басып жүретін сол маңайда  
Айбыны бар,  
соңында Айдары бар.

Қайран ақын қиялы көкті кешіп,  
Төбіспеген пендемен  
тепкілесіп...  
Жырма бір жыл орныққан ордасынан  
Жылай-жылай бір күнде кетті көшіп.

Сен не дейсің,  
самал жел, жайлап ескен,  
Күн де көшкен аспаннан,  
Ай да көшкен.  
Жырма бір жыл орныққан ордасынан  
Жәркен жырау білдің бе,  
қайда көшкен?

Жұлдызға орнын Ай бермес,  
өтті, мейлі,  
Кейбірінің кеудесі көк тірейді.  
Айбыны мен Айдарын қолтықтап ап,  
Құрсағы кең «Кеңсайға» кетті дейді...

Тағдырының таңбасы шырайында,  
Аман болсын,  
Жайыр тау, ылайымда.  
Жәркен жайлы бір хабар айтып қалар,  
Ахметбек Алмастан сұрайын да.

Замандар-ай,  
ақынды қырқып, атып,  
Бір жылатып қоймадың,  
бір құлатып.  
...Он екінші үй алдында «Тастақтағы»  
Темекімді отырмын бұрқыратып.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Бұл жаз да өтті,  
күн келер күнге ілесіп,  
ашылмаған алдыңда мың бір есік.  
Өмір деген өткініші жаңбырдай-ақ,  
Бір күн өсер көңілің,  
бір күн өшіп.

Бұл жаз да өтті,  
аман ба, қатын-балаң,  
Отың өшіп қалмасын лапылдаған.  
...Жасанды интеллекті жетпей тұрып,  
Жасанды адам жанымда жапырлаған.

Жақсылардың кез қайда  
тосар хатын,  
келер дейсің бәйгеден қашанғы атың.  
Жар сала ма жасанып жарияға,  
Жасанды интеллекті —  
жасанды ақын?

Нысанаға ала ма уақыт-мерген,  
Шайыр едім бақ қонған,  
бақыт көрген.  
...Құлыңнан құланы жазбай танып,  
Тұнығынан тұманы татып көрген.

Есенинге ес шығып,  
Қасым арбап,  
қас-қағымда кетіпті ғасыр аунап.  
Уақыт деген — түйелі көш-керуен,  
Ай-күніңді жүретін тасымалдап.

Бұл жаз да өтті,  
құстарды көрем көлден,  
Көңіліңе кім қарар көнергенмен.  
...Жасанды интеллекті заманында  
өлең еді қайтейін жедел келген.  
...Бұл жаз да өтті...

## САДАҚБАЙДЫҢ ҚАМШЫСЫ

Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесін  
бүгін қайта оқыдым.

Қанжылаған қараша үйдің көзі  
жасқа толып тұр,  
Түйетастың аңғарынан аңызға  
жел соғып тұр.

Тау мүлгіген,  
сонау көктің күмбезінде ай безген,  
Зытып бара жатқан Айды жақсылыққа  
жолықтыр!

Құла дүзді құрсаулаған сұр бұлттан да құт  
қонған,  
Қамшыгерді қара түнде қандай  
тағдыр күтті алдан?  
Керегеді салбыраған он екі өрім,  
бұзау тіс —  
Қамшысының өрімінен қан ба, әлде  
сұт тамған...

Үзік-үзік қара түстен қойсадағы таң атпай,  
Өмір-өзен ағып жатты,  
алды-артыңа қаратпай...  
Қан тамып тұр,  
қамшысының өрімінің ұшынан —  
Сандырақтап шоршып түсті,  
көзін ашқан Садақбай.  
Ақиқатын сол аңыздың бітті ме екен  
аршып ел,

# Қоңыр құрда

Түс жорытсаң, көргеніңіз әшейін  
бір тамшы — дер.  
Сонау жылы Машырақтап таң атқанда  
сарғайып —  
Қайтпас сапар шеккен екен  
Садақбайдай қамшыгер.

Қу тірліктің кеспегенмен тасты басқан  
нақ ізін,

Тағдырының көрер пенде,  
қаңтары мен тамызын.  
Түйетасқа арқа сүйеп,  
малдас құрған Ор-ағаң —  
түн баласы шертер кейде  
Алтай жақтың аңызын.

Ойлар,  
ойлар, оңашада жан-жүйемді жанышым,  
ғұмыр деген он екі өрім ұшындағы тамшы ма?  
...Сонау көктің күмбезінде Ай адасқан  
сәттерде —

Қарап қоям төрде ілінген тобылғы сап  
қамшыма.

## МАНДОЛИНА

= Баллада =

Өзі тентек болғанмен,  
әні естілеу,  
дар-дар еткен дауысы көмескілеу...  
Сыдық аға бір әнді сызылтатын  
Мандолина қолында сәл ескілеу.

Ол ән салса,  
жаныңа жаз қонғандай,  
төрт шегінен үзілген саздар қандай?  
Бетпақ жонға сол үнмен айдын толып  
Аққу ұшып,  
әп сәтте қаз қонғандай.

Қысырақтың белдерден үйірі асып,  
қиялымның киігі жиі қашып...  
Мандолина қайдан жүр қу далада  
отырамын қалқайып,  
миым ашып...

Түнде жүрген бағытын Айдан алған,  
ноқат іздеп таппайсың айналаңнан.  
Италия аспабын құла дүзде —  
бұл ағамыз, білмедім,  
қайдан алған?

Кеңістікте үзілген үн адасқақ,  
түмен ойды Арқаның түні аластап...  
Төрткүл әлем тіл қатқан төрт шегінен  
Сызылтқанда Сыдекең мынау аспап.

Көкөрімбіз,  
көркембіз,  
көңілі айна,  
желтіп өтсе Бетпақтың желі майда.

Жылқылы ауыл аспанын жындандырып  
Басады-ай бір, «Жетіарал — жерім-айға»:

«Ана тау мен мына тау төтелейін-ай,  
түйе басын маған бер жетелейін-ай.

Жетіарал — жерім-ай,  
Сауық-сайран елім-ай.

Ой болса екен, ендеше, ой болса екен-ай,  
Өріп шығар қорадан қой болса екен.  
Жетіарал — жерім-ай,  
Сауық-сайран елім-ай».

Жанарына жас тұнып,  
жаны жырлап,  
сорғалатқан ағаның әні мұңды-ақ,  
төтелейтін тау да жоқ,  
түйе де жоқ —  
Мандолина...  
Жетіарал...  
бәрі жұмбақ.

Аша қоймас қабағын қайманаға,  
Сол бір ауыл алыста, айдалада.  
Бетпақдала төсінде мандолинмен  
Шырқап жүріп жоқ болды, қайран аға!

Байтағыңда мінгенің Байшұбар ат,  
жазираға қанатын жайсын алап...  
Сыдыкеңнің дауысын аңсайды ма,  
түндігінен боз үйдің Ай сығалап.

«Жетіарал — жерім-ай,  
Сауық-сайран елім-ай».

Арқадағы аман бол,  
ардақ ұя,  
«Жетіаралда...» арман бар, ақдариға!  
Қай құрдастың басты екен бір пернесін —  
жылқылы ауыл,  
Бетпақ жол,  
Мандолина?!

## ФАБЕҢНІҢ ҚАЛТА САҒАТЫ

Өзегі өткен күннің өлшеміндей,  
Ғұмырдың бөлінбейтін бөлшегіндей...  
Ғабеннің сәнге ұстаған сол сағаты —  
Серінің сертке ұстаған семсеріндей.

Өрілген өрімінің сан қиясы,  
Ұшында қаламының арлы ұясы.  
Дүние-ай,  
мұңдан жұрмин тұр мұражайда  
әйгілі Мүсірепов «Молниясы».

Уақыттың кеткен ұшып қанатында,  
Аңыз боп,  
шабыт сыйлап сан ақынға.  
Жасалған Челябиннің зауытында  
Ғабеннің не сыйқыр бар сағатында?

Аспанның айдынында қалқып уақыт,  
Біреулер үңілмесін парқына түк.  
Уақытты ара-тұра қарар Ғабен,  
Шынжырын сағатының жарқыратып.

Адамға сыйлайтындай бір күн бақыт,  
Соғады сағат тілін сыртылдатып.  
Салып ап алақанға үңілгенмен  
тұра ма уысында, шіркін, уақыт?!

Дүние қарар кейде шырайланып,  
Уақыттың тоқтар тұсы Құдайға анық.  
Ғабеннен жәдігер боп мұражайда —  
Әлі де сағат тілі тұр айналып...

## АЛМАТЫДА, ТҮСІМДЕ...

Алматыда,  
түсімде,  
қыз балтырлы қайыңдардың ішінде...  
Жасыл-жасыл жапырақпен жарасып,  
қайдан жүрмін адасып?..  
Жалғыз аққу,  
жүзеді ме,  
жүзбейді,  
Мына әлемнен әлденені іздейді.  
Көрген шаһар талай-талай біздейді,  
Жаздың соңы күз дейді.

Аспан,  
аспан, көз жасыңды ағызба,  
Бүгінгі күн шілде ме, жоқ  
тамыз ба?  
Көктөбеде көктем көңіл бір елік,  
Алатаудың ақ шашынан шық еріп,  
Қара түннің қара шашын жайдың ба,  
Аққу жүзген көлшік пе әлде  
айдын ба?  
Айды көріп қараңғының айнасын,  
Өз-өзіме деп қоямын,  
Қайдасың?  
Жазғандарым ғаламат бір ғазал ма,  
қай қиырға тартсам екен азанда?  
Жеруықтың желмаясы желіп жүр,  
Көктөбеде көктем күткен елік жыр.  
Көкжиекке көңіл шіркін түнеген,  
көкті түртіп оята ма бұл өлең?

Уақыттан кезіміз ғой ұтылмаған,  
Меніңше,  
сағат тілі — бүкіл ғалам,  
...Ескі үйде айна алдында тұрушы еді  
Үні де әсем еді тықылдаған.

Қиялым сан қиырға жолығады,  
Ұққаным сол тықылда — өмір әні.  
Ертемен мектебіме жиналушы ем  
Оятып сол сағаттың қоңырауы.

Сөзіне үлкендердің құлақ қойып,  
Есейтті өмір талай сұрақ қойып.  
Күндердің керуеніне ілескенбіз  
Жатарда «будильникті» бұрап қойып.

Уақыттың дегеніне байландым ба,  
Шығардым бататынды қайдан мұңға?

Алыс қалған жылдар-ай,  
ағысты арман,  
Кезіміз жоқ ағыстан қалыс қалған.  
Тарам-тарам жолдары бұл тағдырдың  
Қайда бастан әкетті табысқаннан?..

Ғашық болған күндердің тілі де ұмыт,  
Бірін ұқпай келемін,  
бірін ұғып.  
Менің жастық дәуренім томсырайып  
Тозған тондай шегеге тұр ілініп.

Бұл дүние,  
бұтадай бұталмаған,  
қай өткірдің жүзі бар мұқалмаған.  
Он екі айда жаз келер,  
құс алдында —  
қаз келеді — деп еді Бұқар бабам.

Қыздың қырық шырағы бар деуші еді  
Жанып қалар жақында бір шырағың.  
Түмен ойға батырса түпсіз жалған,  
Осы өлеңнің астарын ұқсын қарғам!  
Күйеуі өлген кенеттен келіншектей  
Қорқам кейде сыбыс пен сытсыңдардан...

Базарының бар шағын кие көрген,  
Иығыма қалқам-ай,  
сүйенер ме ең?  
...терезенің алдынан күнде өтеді  
күйеуі өлген келіншек,  
күйеуі өлген.

## ҮЗЕҢІ

Үзеңгі,  
саған қалай ақталамыз біз енді?  
Ескі жұртта елеусіз боп жатырсың  
көңіліме күз енді...

Бір басыңнан жылдар ұшқан,  
ай ұшқан,  
доға бітім сәл-сәл ғана майысқан.  
Жаналғышы жолыққан ба жаһанның  
таралғысы болушы еді қайыстан.

Кімге мұның обалы?  
Сен де,  
Мен де жалған дүние қонағы.  
Үзеңгіге аяқ салған адамның  
Арқасына рух қатар қонады.

Солай енді, қарағым,  
өткеніңнен бар ма азырақ хабарың?  
Найза сілтеп,  
садақ тартқан жауына  
үзеңгіге тіреп бабаң табанын.

Ат оздырып Алаштан,  
ер үстінде батырлардың бағы асқан.  
Үзеңгінің талай түрін көріп ем  
Күмістен де,  
темірден де,  
ағаштан...

Ескі жұртта еседі жел шерлі үнді,  
Тай үіреткен күндерім-ай,  
ең нұрлы.  
...Үйіндіден тауып алған үзеңгі  
үйсіз қалған қариядай телмірді.

Өтер,  
кетер дүниеде өлшем көп,  
күн де батып бара жатты кемсеңдеп,  
үзеңгіні тығып алдым қойныма  
үзеңгілес бір досыма берсем деп.

## ХАТ

Бауырды ұмыттым ба,  
дос,  
ініні,  
Ешкімге хат жазбаймын осы күні,  
кей-кейде жібереді торықтырып  
Ұялы телефонның тосын үні.

Көңілден құю үшін көктемге ақпар,  
Өртейтін өзегіңді өткенді ақтар!  
...Жанұя амандығын сурап бастан  
«Авия» конвертпен жеткен хаттар.

Хат жазған ішіндегі толған барды,  
Жанының жапырағын жолдап қалды.  
Жүректің дүрсілі бар әр сөзінде  
Ақтарам сарғыш тартқан сол хаттарды.

Төбегенен ақ жаңбырдай сорғалар күн,  
Жан-жаққа бұрып кетті жолдан әркім.  
Сабырың сағым болар сол хаттарда  
Жанының жылуы бар жолдағанның.

Тұйғындай олжаңды іліп бір көрдің бе,  
Ұяла дәурен кешіп үлгердің бе?  
Беттері сарғыш тартқан сол хаттардай  
Сарғайып кетіп барам күннен күнге.

Байланбай байламы жоқ бос елеске,  
Хат жазсам бүгін саған кеш емес пе?  
...Ұялы телефон да ұялмайды  
не жауап берсем екен СМС-ке?

Арайды жас аңсаған,  
Қарт аңсаған,  
Ақ таңнан ар сұрасан, артар санаң.  
Ұялы телефонды қоя тұрып  
«Хат жаздым қалам алып, қалқам, саған...»

# ҚОҢЫРҚАЙЛАУ КҮІ ШАЛЫП...



Құстың үні талып жетсе таңдағы,  
Жаратқанның қолында ғой қалғаны...  
Жалғыз аққу,  
жалғыз елік қайдан жүр,  
көп жұлдыздың арасында Айман-жыр.  
Түсінбедім,  
күндіз емес,  
түн емес,  
уылжыған ұйқылы-оая бір елес.  
Қыз балтырлы қайыңдардың ішінде  
Алматыда,  
түсімде...

## ҚОҢЫРАУЛЫ САҒАТ

= балада =

Сырғи ма  
сағат тілі,  
сырғанай ма?  
Ілесіп «туралған ет — туған айға».  
Парқына жетпеген соң күндеріңнің  
Артына қайран уақыт бір қарай ма?

Тобырға қайғы да ұмыт,  
уайым да ұмыт,  
көп тойлар көкесуді тойындырып...  
Шала мас шайқап ішін шалабын да  
Қарамас күн артына мойын бұрып.

Өстік те берекесі бар ұяда,  
ескексіз қайық салдық дарияға.  
...Болатын біздің үйде ескі сағат  
Атауы «Янтарь» ма,  
«Заря» ма?

...Үйрендім қоңыраусыз ояуды,  
Үйрендім шаш тарауды айна алдында.

Сырына жұлдыздардың қанып көктен,  
Балалық мәңгі тұрар жарық деп не ең?  
Есейдік,  
Үлкен ағам үйленгенде  
Сағатты өз үйіне алып кеткен.

Сыртылы мәңгіліктің әні екен деп,  
Сәбиді жұбатқанбыз қара тер боп.  
Сағатқа ара-тұра қарап қойып  
Жеңешем отыратын бала тербеп.

Өткенді өрге тартсын, өмір мейлі,  
өкінбе!  
өбектесең өрімдейді.  
...Біреуі жас отаудың алған шығар  
Сол сағат ол үйден де көрінбейді.

Сапарым кейде шығар күңгірт, қашық...  
Аспанды аласарған сұр бұлт басып.  
...Жіберді сол сағатты ұмыттырып  
Сынаптай уақыт алдан сырғып,  
қашып.

Өткенге өлшем емес дүздегі күн,  
Күрсініп қалар кейде күз-көңілім.  
...Ұйқыдан қоңыраулатып оятатын  
Бір сағат керек боп тұр бізге бүгін.

## Күту

Құс алдында қаз келер...  
Бұқар жырау

Көкте қырғи қаптаса,  
жерде құзғын,  
шеменінің күйіне шерді еміздім.  
Қонысымен қоштасқан Қазтуғандай  
Қаздар қайтып келмеді көлге біздің...

Тұман ба еді,  
күндердің алды қалын,  
тағы да бір көрейін таң қылаңын.  
Ауыздығын шайнайды аласұрып  
жаз жіберіп,  
күз мінер Арғымағым.

Оянайын,  
тұрмасам кешігермін,  
қай қиырға қос тігер қосыны елдің?  
Жаз келері анық қой он екі айда  
Қазы неге қонбай жүр,  
осы көлдің?

Торықтың ба,  
тұнығым,  
тұсалдың ба?  
Қанаттылар,  
қайдасың,  
ұша алдың ба?  
Жаз келерін білемін он екі айда  
қаз келе ме,  
айтсаңшы,  
құс алдында?..

## КҮЙЕУІ ӨЛГЕН КЕЛІНШЕК

Бір қарасам, ұқсайды қаралыға,  
Бір қарасам, ұқсайды жаралыға.  
Дүниенің қайғысы тұнып қалған  
Жамалына,  
жанының жанарына.

Ақ әлемге әуелден әні ғашық,  
Басындағы баянсыз бағы қашып.  
Күйеуі өлген келіншек барады әні  
Жарық күнге жауаңдап жаны жасып.

Ажарлы адам,  
мен сізді аяп көргем,  
тажал да оған талтүсте таяп келген...  
Жеткізеді аңсарын қай қиырға  
Өткізеді білмеймін қай өткелден?

Қайғы қысып,  
толғанның мұңға етегі,  
Өзіменен арманы бір кетеді.  
Ұр күндерге жанымы-ай,  
үрке қарап  
Терезенің алдынан күнде өтеді.

Көгермейтін көңілдің хошы қандай,  
Сынаққа алған тағдыры өші бардай.  
Отырады торығып той-жиында  
Тобырға да,  
топқа да қосыла алмай.

Тұнжырайсың,  
мен болсам тұнышығамын,  
Баяғыдай жайраңдап, жүр шырағым!



Айзат РАҚЫШ

Арс еткен иттің даусы мен төбе-құйқаны шымырлата шыңғырған қыздың үні қабаттаса шықты. Портфельін сүйретіп, аялдамаға қарай ілбіп басып келе жатқан Айбардың көңілінде өткен күннің естеліктері бір-ақ сәтте оянып, жан ұшырып дауыс шыққан тұсқа қарай жүгірді.

— Көмектесіндер! — деп шырылдаған қыз өзіне ұмтылған сабалақ жүнді итті сөмкесімен жасқамақ болды. Бірақ бұл әрекеті қаңғыбас итті тек ашуландыра түсті. Айбар құйындата жеткен бойда қызға қарап азуын ақситқан итті қағаз толы портфельімен ұрып, жекіре айғайлады. Көзі қанталаған қара ала ит портфельді бас сап тістеп, көкпар тартқандай етті. Айбар қатты алқынып, бар күшімен жұлқынып, итті өкпе тұсынан ондырмай тепті. Құдды бір жеті атасының кегі кеткендей, есі шыға тепкілей берді. Ендігі көріністі аялдамаға жиналған жұрт қалта телефондарының бейнежазбасына түсіріп әлек болды. Айбар иттің аузындағы портфельін бір жұлқығанда, ол ақтарылып кетіп, ішіндегі қағаз біткен ауаға қалқып шықты. Қорқынышын жеңіп, оқиғаны енді бажайлаған жас қыз Айбарды жеңінен тартты:

— Ағай, тоқтаныз! — деп шар етті. Жінішке, нәзік қыз даусы Айбарға талып естілді. Оның көз алдында тісі ақсиган қаңғыбас қара ит емес, көзі от шашқан, алпамсадай қара төбет тұрды. Елес пен шындықтың аражігін ажырата алмай қалған жігіт манайдағы ел ұлардай шулағанда барып өз-өзіне келгендей болды. Қызға шаппақ болған қаңғыбас ит әлдеқашан ізін суытыпты. Бұл елес-төбетпен жұлқысып жүр екен.

— Ағай, қағаздарыңызды жинап, сөмкеңізге салып қойдым. Тек бірсыпырасы балшық тиіп, былғанып қалды, — деген қыз Айбардың қолына портфельін ұстатты. Әлі де екі иығынан демалып тұрған жігітті көріп, қыз оны аялдаманың шетіне қарай жетектей жөнелді.

— Ағай, сабаңызға түсіңізші! Менің қорыққан түрімді көріп еліріп кетті ме, әйтпесе бұралқы ит қабуға жарамайтын еді ғой. Бала кезімнен бері иттен қорқамын, бірақ күшікті жақсы көремін, — деп күлімдеген қыздың жүзін көз жасы жуып тұрды. Айбардың жанары қайта тұманданып, аузы бұртиып өкпелеп, көзінен моншақ-моншақ жас ағып отыратын бұйра шашты кішкентай қыз елес берді. Құртақандай сүйкімді қыз теріс айналып еді, оның орнын бойжеткен басты.

— Ағай, рақмет сізге! Мені ажалдан болмаса да, бір қорқыныштан құтқардыңыз, — деп ашық-жарқын дауыстай сөйлеген қыз көз жасын сұртпестен, бұған жадырай қарады.

— Жаксы, — деді Айбар демікпесі бардай үзіп-созып сөйлеп, — жаксы, мен жылжиын.

— Ағай, түсінбей тұрғаным, бұралқы ит қыңсылап қашқанда, сіз әлі де жер тепкілеп, кіжініп тұрдыңыз ғой. Қара пәленің кеткенін аңдамай қалдыңыз ба, әлде...

— Жок, құқығы «тым қорғалған» төрт аяқтыға ыза болдым. Бар болғаны сол, — деген Айбар келген автобуска бет алды. Онымен қосамжарлана ұмтылған қыз да автобуска кірді. Ығы-жығы жо-

лаушылардың арасынан сыртқа көз тастаған Айбар өз-өзін кекетті: «Жаттанды тірліктен шабыт құсым келмей жүр. «Қайталама беретін берекесіз тірлікті өзгертсе ғой!» деп аһ ұрушы едің. Міне, саған өзгеріс. Өзгеріс емес, төңкеріс! «Ұмыттым, енді есіме де алмаймын» деген өкінішті бір сәтің бар көрінісімен тіріліп келді. Енді шабытты шақырып та алдыра алмас, суретін енді қайтып байыппен сала алмас». Өз ойымен тұрып, әлдекімнің жеңінен тартқанын да сезген жоқ. Автобус алға қарай лықсығанда, қыз бұның қолынан аңдаусызда бас салды. Қолы ып-ыстық, мақтадай жұмсақ екен. Жылы автобуска кірген соң, көз жасы да тыйылыпты. Жадыраңқы келбетінде әлі көше қоймаған балалық рең бар.

— Ағай, мен осы жерден түсемін. Сау болыңыз! Рақмет сізге! — деп ол иін тірескен адамдардың арасымен есікке беттей берді. Айбар болар-болмас басын изеді. Кенет өзі де түсінбестен, қыздың соңынан ұмсынды. Онымен қатарласа түсіп, автобустың нөміріне қарағанда бармағын тістеп қалды. Айбарды діттеген жеріне жеткізетін бұл автобус емес еді, елестер әлемінде жүріп қателесіп мініп, бар уақытын жоғалтыпты. Бұның кейісті жүзін байқаған бойжеткен елп етіп, жанына жетіп келді. Көз шарасы қайта жасқа толыпты. Қайқиған ұзын кірпікті қой көзі жаспен жалт-жұлт етіп, суретші жігітке ерекше сұлу көрініп кетті.

— Басқа автобуска мініп кетіппін. Жұмысқа кешігетін болдым, — деді Айбар қол сағатына қарап.

— Құтқарушы да қателеседі екен ғой. Такси шақырып берейін бе? — деген қыз сыңғыр күлкісін төгіп-төгіп жіберді. Жанарынан жас парлап тұрып, ажарында күлкі атой салған бойжеткенге қарап абдырап қалған жігіт ақтала жөнелді:

— Мен асығыста...байқаусызда... — Асыққан шайтанның ісі. Ал сіз шайтан емессіз, құтқарушы періштесіз!

Кекесін араласпаған риясыз күлкі Айбарды өткеннің өрекігін елестерінен біржолата ажыратып алды.

— Бәлкім, періште өзің шығарсың. Қалықтап ұшар қанатың болмағанына қапаланып, көз жасыңды бұлап жүрсің, — деп өзі де аңдамастан бейтаныс қызға әзілдей қарады. Ол бұның сөзінің соңын күтпестен, ақжарқын күлкісін тағы да еркіне жіберді. Маржандай тізілген тісін көрсете, тау бұлағындай нәзік сылдырға басты.

— Періште қанатының жоқтығына емес, құтқарушысының атын біле алмай қапаланып тұр, — деп жәнә хымиды.

— Айбар! — деді жігіт портфель ұстаған оң қолын ұсынып.

— Алпамыс па, Қобыланды ма деп шамалап едім, жорамалым теріске шығыпты. Мен — Жібекпін, — деп қыз да қолын ұсынды. Оның кіп-кішкентай қолы жігіттің алақанында жұтылып кетті.

— Сіз жұмысыңызға кешікпеңізші, такси шақырып берейін, — деп жік-жаппар болған Жібек Айбарды ауыз ашуға үлгертпей, қалта телефонына үңілді. Шынымен-ақ көз алдына тақап, тым жақын шұқшиды.

— Міне, сіздің мекен-жайға жарты сағат мөлшерінде жеткізіп салады екен. Төрт минут күте тұрыңыз, — Жібектің көзінен үзіліп түскен қос тамшы телефонның экранымен сырғи жөнелді.

— Бастығыңыз қатал ма? — деп Жібек сұрағын қылтитты.

— Аса қатал емес, бірақ бүгін бір жауапты жобаны көпшіліктің назарына ұсынуым керек еді.

— Менде әзірге бастық жоқ. Қыз әдетінше сөзін әзілмен тұздықтады.

— Студентсің бе?

— Иә, болашақ кітапханашымын.

— Жаксы мамандық екен. Жазушы мен оқырманды жалғайтын жауапты тұлға боламын де.

— Кітап оқуды жаным сүйеді. Содан да кітапханашы болуға шешім қабылдағанмын. Әйтпесе жалақысы жарытым-

ды деп ауыз толтырып айту қиын.

— Міне, менің таксим келді, — деп Айбар амалсыз Жібектің әңгімесін үзіп, төс қалтасын ақтарды. Асығып-үсігіп есімхатын алды да, Жібекке ұсынып, көлденеңдей келіп тоқтаған көлікке отырып, көзден ғайып болды.

— Жолыңыз болсын, мейірімді аға! — дееп күбір еткен Жібек университетке қарай аяндап келеді. Ерте көктемде елірген суық жел оның жанарынан тамған жалғыз тамшыны үзіп әкетті. Жас шіркін адам тәнінен бөлініп, жанынан аулаққа

# Көзі жасты

кеткеніне күйзелгендей есірік желдің ырғағында жоқ болды.

Жұмысына жанын сала жүгіре кірген Айбар суық қабақ пен өзін айыптаған жанармен түйісіп қалды. Ақталудың ретін таппай, жас балаша төмен қарап тұқшия берді. Жас суретшіге бір мекеменің тағдырын сеніп тапсырған басшы Бекболсынның ұнжырғасы түсіп кеткен. «Сенген тоқтым сен болсан, күйсегеніне болайын» деген ойды оның жүзінен айнытпай оқыған Айбар өзіне деген сенім мен құрметтен бірақ сәтте айырылғанын сезіп, іші ұлып қоя берді. Экранда назарға ұсынылған таныстырылым жұмысын бір шолып шығып, өзінен әлдеқайда бұрын келген қонақтарына мән-жайды түсіндіре бастады. «Біз салатын тұрғын үй кешенінде адам баласының қолайлы өмір сүруі үшін бар жағдай қарастырылға», — деп сөзін аяқтай беріп еді, нөсер сұрақтың астында қалды.

— Тым жылтыр жобаның құны қанша тұратынын есептеген кім бар? — деп бас инвестор қабағын шытты.

— Сіздің қиялыңыз бізге тым қымбатқа түсетін түрі бар, — деп оның сөзін қостады қысқа бойлы, әйел дауысты семіз еркек.

— Құрметті инвестор мырзалар, сабыр етіп, жобаның артықшылығына назар аударсаңыздар, — деп бәйек болды Бекболсын. Айбарға иек қағып, «барынды салып сөйле» деген сыңай танытты. Айбар сайрайтын-ақ еді, таңғы Алматының тұнық ауасын тіліп өтіп жәрдем сұрап шырқыраған бойжеткеннің үні мен «ағатай, құтқаршы!» деп жалбарынған бүлдіршіннің даусы астасып, құлағы шыңылдап кетті. Ызы-қиы шудын бөсендеуін күтіп, біраз тұрды да, экрандағы жансыз сызбаларға қарады. Оларға да тіл бітіп, «құр қағаздағы сызба болып қалмайықшы, шындыққа айналдыра көрші» деп кемседеп тұрғандай, Айбардың аза бойы қаза болды. Өзіне үш жақтан анталап, көмек тілегендерге еш қайран қыла алмайтынын сезіп, аузына түскені жалғыз сөз болды:

— Бұл жоба шынайы өмірде іске асуы керек.

— Неге? — деп қадалды инвесторлар тарабы.

Айбардан жауап болмаған соң, жоба жетекшісінің көмекшісі сылап-сипап, тігісін жатқызып, тәптіштеген болды. Оған құлақ асқан инвесторлар болмады. Ақыры сәл кідірістен сен, тегіс қопарыла тұрып, шығар есікке беттеді. Қонақтар кетсе де, арқасын кеңге сала алмаған Айбарды бастығы шақыртты.

— Сені қаншама жас сәулетшілердің арасынан өзім тандап алып едім. Бес жылда тындырған жаксы істерің де жетіп артылады. Бүгін сенімнің күлін көкке ұшырдың. Егер жеке басында мәселе

болса, соны шеш. Уақытша жұмысты босат!

Бекболсынның салқын, жайбарақат дауыспен айтқан мына сөзі Айбарға күннің күркіреуінен кем естілмеді.

— Жеке басымда мәселе жоқ. Осы жобаны нәтижелі аяқтағанша, жалғыз тұрайын деп, әке-шешемнен бөлек кеттім.

— Оны да білемін. Жалғыздық шығар машылық адамдарына берілер сыбаға тәрізді ғой. Сенің жобаң тек қағазда ғана сайрап тұр, оны тіріліп, көпшіліктің

көңілінде ойнататын мына сен едің. Ал сен жақ ашпадың.

— Менің ойым бөтен нәрсеге бөліне берді, — деп шынын айтуға кіріскен Айбарды басшысы кенеттен тыйып тастады.

— Сенің ойыңның бөлінгені бізге тым көп әуре әкелді. Ойынды жинақта, мерзімінен бұрын демалысқа шық.

— Біржолата босатпайсыз ба? — деп ашық кекетті ашуға мінген Айбар. Өзінің жан сөзіне құлақ аспай, бұдан безініп тұрған бастығы оған күндегіден жеккөрінішті болып көрінді.

— Талантым бар деп, таси берме. Он күндік демалысқа шық!

Бекболсынның бір айтқан сөзінен қайтпайтынын жақсы білетін Айбар оның кабинетінен құр сұлдері шықты. Өзін мына әлемдегі ең соңғы бейбақ сезінді. Дәлізде қатарласып қалған әріптесі Бейбіттің көз астынан қарағаны оған мысқылдап бара жатқандай көрінді. Бүгін бұл адыра қалдырған жобаға жетекші болуға барын салған Бейбіттің жолын кесіп, бастығы бәрін бұған сеніп тапсырған еді. Сенімді ақтамағаны, есіне алуға жүрегі дауаламайтын қорқынышты өткен күн, бәрі қосылып, Айбардың салын суға кетіріп, Құлағына Жібектің «Құтқарушы да қателесе ме екен?» деген әуезді үні келді. «Қайдағы құтқарушы? Өзіме қорған болатын жанашыр таппай жүрген жоқпын ба?» — деп іштей күңіренген Айбар заттарын жинай бастады. «Он күнде ойымды оңынан жүзеге асырамын ба, я болмаса есерсоқ елестерімнің құрсауында қаламын ба?» деп екіұдай күй кешкен жігіт далаға шыға берді. Наурыздың бас кезі болса да, Алматы бұл күнде көктемге қарай аяқ басқан. Тіпті ауадан да қайта оянуудың лебі еседі. Түс мезгілінде аспан төріне дөңгелеп шыққан Күн-ана ұнжырғасы түскен жігітті жадыратқысы келгендей, оның жүзіне шуақ болып шашылды. Келмеске кеткен күндеріне кек тұтқан жігіт бұл ізгі шуақты сезе қоймады. Жиырма жылдан бері соңынан бір қалмай өкшелеп жүрген үрейлі елестің дәл бүгін тұзағына түскеніне іші қазандай қайнады. Есер елеске тосқауыл барынан бұрын дәмелі көңілі осы жолы үмітін үзе құлазыды. Әлсіз таянышы-үміті үзілгенде, қайран жүрек адыра қалғандай кепке душар болады екен. «Еһ, өмір! Сенің байлауың бір сәт қана ғой. Сол бір жажап сәт тап келсе, бақыттымын! Сиқырлы сәтті қолдан сусытып алсам болғаны, бағы бір ашылмайтын бейбақпын! Қашанға дейін сырты бүтін, іші түгін ғаріптің күнін кешер екенмін? Психологтан кеңес сұраймын ба, әлде әкеме барып, жан дертімді айтып, құшағына құлайын ба? Жок, оным жігіттік болмас. Не де болса, жан жарамды ішімде сақтайын».

Қабырғасымен кеңесіп, ішкі сырқатын ешкіммен бөліспеуді жөн

көрген Айбар орнынан тұра беріп еді, қалта телефонына хабарлама келіп түсті. Тілдей хат Жібектен келіпті: «Ағай, сізді ойлап, алаңдап отырмын. Жұмысыңызға кешігіп барып, келеңсіз оқиға орын алмады ма? Бәрі қаңғыбас ит пен менің кінәм ғой». Қыздың жазғанынан белгісіз жанашырлық пен рухани жақындастық райын сезген жігіт тездетіп жауап жаза бастады. «Менің айым о баста оңынан тумаған. Сенің еш айыбың жоқ!» деп жазған жауабына Жібек шошынып тұрған балапанның суретін жіберіпті.

дегісін қалай айнытпай көріп отыр? Өзі баксының тұқымынан ба, әлде ата-анасы әулие-әмбиенің басына қонып жүріп, тілек етіп туып алған ба? Адам жанын жазбай танитын сұңғылалық бұл қаршадай қызға қалай біткен?

— Аға, — деді Жібек тағы да бұның ойын оқып қойғандай, — шайыңыз суып қалса, таудың басына өрмелеуге қауқарыңыз қалмайды.

— Онда өзің қолтықтап, сүйеп жүрерсің!

Айбардың қағытпасына Жібек

# күлегеш қыз

Әңгіме



Екеуара әңгіме тереңдей түсіп, Айбардың жаны күнірене тілеген жаңа, жылы да нұрлы достық, бауырмалдық әлемінің қакпасы ашыла берді.

\*\*\*

Наурыз айы ортасынан ауып, қысты жеңген көктем өз бабын тауып, күн санап салтанаты асып жатты. Көктем-арудың сыйлаған әрбір ақ таңы табиғаттың түрленуіне жол ашты. Бірақ қалада үнемі патшалық ететін құбылмалы ауа райы бұл жолы да үстемдігін танытып, ашық күні тосыннан бұлт басып, түнеріп шыға келді. Шымбұлақта қыдырыстап жүрген қала тұрғындары қара бұлтты елең қылмай, табиғат-ананың тамашасына көз қуантып маз. Сөмкелеріне толтырып алып шыққан дәмге қол созған Айбар мен Жібек қарама-қарсы отыр. Табиғат-шебердің қолынан шыққан бір тасты Жібек дастарқан еткен, Айбар төрт қырлы екі тасты көтеріп әкеліп, орындыққа айналдырған.

— Табиғат өзі суретші, өзі мүсінші, — деп тастардың пішініне көзі түскен Жібек танданысын жасырмады. — Тура сіз сияқты біздің табиғат. Құпиясы мол, сырын ішіне бүккен тылсым талант.

— Лебізін мен туралы деп ойламаймын. Талант дейтіндей нем бар? Бір жобаны да жақсылап аяқтай алмадым. Сурет салуды қойғаным қанша жыл болды?

— Талант — адамның ішіндегі ұлы күш, ол өзінің оянар сәтін күтіп, бұғып жатады. Сіздің суретшілік дарыныңыз да әлі-ақ түлеп, бас көтеріп, жеміс беретін болады.

Жібектің ұсынған шайын алған Айбар оның тым сенімді айтқан сөзінен ойланып қалды. Танданысын да жасырмады. Мына болашақ кітапханашы кішкентай ғана қара қыз бұның ішін-

қоңырау күлкісімен жауап берді. Көз жанары жасқа шыланып, өзі сақ-сақ күлген болмысы нәзік бойжеткен Айбардың көз алдында одан бетер құлпыра түсті.

— Сіздей ұзын бойлы ағаны қолтығынан демеу қайда маған?

Жібек төс қалтасынан аппақ орамал алып шығып, көзінің жасын сүртті.

— Қолтығымнан болмаса да, жүрегімді, жанымды сүйеп жүргенің жалған емес.

Айбардың салмақпен айтқан сөзін Жібек кезекті рет күлкімен көмкерді. Жасаураған жанарын сүртті, емен-жарқын күлген Жібекке Айбар сұраулы жүзбен қарады.

— Сіз айтқандай сөздерді марқұм атам айтушы еді. Мен ол кісінің тұңғыш немересі едім, содан да болар, маған қатты үміт артатын. Атамның сөзін ағамнан естігенім бір жағы қуантты, бір жағы күлкі шақырды.

— Сенің күлкің шақыру күтпей-ақ, үнемі көмейінде тұратын сияқты ғой. Бала кезімде бір ертегі оқыған едім. Қалай еді? Ұмытпасам аты былай болатын: «Күлсе аузынан будақ-будақ гүл шашатын, жыласа көзінен моншақ-моншақ маржан шашатын құс туралы ертегі». Иә, солай, шамасы. Сен сол ертегідегі құс тәрзідісің.

Айбардың бұл сөзіне Жібек маз болды да қалды. Буынын билей алмай, аппақ ақықтай тісін көрсете, бет-ажарында жылы рең ойнап, көзі жарқырап шыға келді. Осы сәт бұлт астынан шыға келген күннің сәулесі оның жібектей сусылдаған ұзын шашына түсіп, күлегеш қызды жылы нұрымен аймалай бастады. Езуінде болар-болмас жымиыс бар Айбар күн шуағына шомылып, маз-мейрам болған қызға қарап отырып, «тірі болса, менің қарындасым да осылай шат-шадыман болып жүрер еді ғой» деп ойлады. Осылай ойлауы мұң екен, езуіндегі жымиыстың

ізі де қалмады.

— Жүзіңіз неге солғындана қалды? Әлде ертегідегі құсты іздесем, таппаймын деп таусылып отырсыз ба? — күлкісін тежеп, Айбарға ашық қабақпен көз тастаған Жібек оның жан дүниесіндегі жұмбақ жайды аңғармай қалмады.

— Жо-жок, неге торығайын? Кітапханашы қарындасым жанымда, күннің өзі қол созымда. Не деп жабығайын?

Айбардың ұтымды сөзіне сықылықтап қоя берген Жібек күнге құшағын жайды.

— Қолыңызды созсаңыз, расымен күнді алар ма едіңіз?! Одан да сөмкенің түбіндегі қылқаламды алғаныңыз орынды емес пе?

— Бастығым он күн демалғанымды жөн көреді. Өзім де солай ойлаймын. Міне, демалысымда сенімен бірге Шымбұлақтың төріне шықтым. Қылқалам ешқайда қашпас.

Жібек жайрандай басын изеді. Тасқа жайған керек-жарақтарын сөмкелеріне қайта салып, екеуі ілгері жүріп кетті. «Қар көшкіні жүру қаупі бар» деген ескертпе-тақтайшаның тұсына барып тірелгенде, Жібек сұлу көрініске көз тойтатып тұрып қалды.

— Қараңызшы, аға, біз таулардың тұтқынына айналыппыз. Қайда қарасам да басын қар басқан, бұлт бүркеген тәкаппар таулар.

Қыздың әдемі даусы жаңғырығып, сыбызғыдай сызыла шықты.

— Шердің емес, таудың тұтқыны болсам, бөркімді аспанға атар едім, — Айбардың үні де саңқылдай шығып, жан-жақтан төнген таулар адамның құпиясын жасырып қалмай, жаңғырыққа айналдырып жіберді.

— «Ой түбінде жатқан сөз, Шер толқытса шығады». Осылай деп Асан қайғы бабамыз айтыпты.

Қыздың даусын қақпақылға айналдырған асқақ таулар «айт, айт» десіп қауқылдасып қалды. Жаңғырыққа құлақ тосқан Жібек Айбарға «байқадың ба?» дегендей ишара білдірді.

— Міне, көрдіңіз бе, табиғаттың өзі сізге «шерінді ақтар, шемениңді жасырма» деп тұр.

Жан сырын қиылып сұрап, қалаулы дос болуға асыққан қыздың сөзін Айбар төтеден үзіп жіберді.

— Осы жерден кері қайтайық. Алға басқан адымымыз тіпті кері кете бастады ғой, — деп етекке қарай бет түзеді.

— Аға, сізде неге қарама-қарсы қасиеттер көп? Жадырап отырып, түнере қаласыз. Күлімдеп тұрып, күнірене кетесіз. Ішіңізге бүккен сырыңызбен неге бөліспейсіз?

Айбардың ізін өкшелей келе жатқан Жібек оны сұрақтың астына алды. Үш-төрт күннен бері сыралғы болып қалған қыз «ішімдегіні тап» деп түнерген ағасын ашық сырласуға шақырды.

— Ішім бос, жасырған дәнеңем жоқ, — деп Айбар жолында кездескен ірі тастардан қарғып өтті. — Сен өзі кітапханашы емес, психолог боларсың түбінде?

— Кітапты көп оқыған соң, адам жанын түсінуге қиналмаймын. Кітапты дос еткен соң, өзімнің жан ахуалымды өзім дұрыс аңдаймын. Қайсыбіреулер сияқты психологтың есігін тоздырып, коучка барып сенделмеймін.

— Сенен жұлдыз коуч шығар еді ғой, — деп Айбар ірілі-ұсақты тастардан ырғи өткен Жібекке қолын тосты. Ол қолы тиер-тиместе шапшаң секіріп түсіп, кедудесін кере тыныстады.

— Білесіз бе, мен өз-өзімнен қашпаймын. Тағдырыма өкпелемеймін. Туғалы көзімде кінәрат бар. Емін іздеп таппадым. Алыс-жақын шетелге бардым. Суық түссе, бір тоқтамайтын көзімнің нөсерін айтып мұң шақтым. Ешбірі нақты диагноз қоя алмады. Бірі «суыққа төзімсізсің» деп қайтарды, енді бірі «белгісіз дерт көз жанарыңды суалтуы мүмкін» деп дүниеден баз кештірді. Бірақ емін айтқан тірі жан болмады. Қорқынышты болжамдармен

ғана шығарып салды.

— Қазір медицина небір кереметтерді жасап жатыр! Шаш өсіреді, кейуананы жасартады, аузы опырайған шалға маржандай етіп тіс салады. Сенің көзің де...

— Міне, сіз мені жұбатып тұрсыз. Алайда өзіңізді жұбаныш атаулыдан ада еткенсіз.

— Жә, жарайды, күнмен бірге нөсерлетпей тұрғаныңда қайтайық.

Айбар сөзден қашқаны, не сырласудан сасқаны белгісіз, жеделдете жүріп, қанатты жол жаққа беттеді. Қуып жеткен Жібек онымен қатарласып, алғысын жаудыра берді.

— Сізге көп рақмет! Табиғат аясына шығып, бір сергіп қалдым.

— Мархабат. Уақытша жұмыссыз аған сені кеңсеге шақырмасы анық еді ғой.

Айбардың жұмсақ әзілі Жібектің сынғыр күлкісін тағы оятады. Оған қарап жымиған Айбар «Ертегідегі тап сол құс Жібек болып жанымда жүргендей. Сырымды айтуға бір батпаймын. Әңгімелеп айтпақ былай тұрсын, есіме алуға жүрегім дауаламайды» деп іштей аласұрды. Тән сырқатын бүкпесіз баян еткен Жібекке сүйсіне қарап, оған іштей тәнті бола бастады. «Сәуір жетсе, көз жасың құрғар. Ал менің шеті-шеті жоқ шер шекпенімнің етегі қашан қымқырылар?» Сары уайым ойларын жүзіне жасырған Айбар Жібекке жол беріп, ізет көрсетті. Бірі тағдыр құйыны жұлып кеткен жауқазын қарындасын аңсап, енді бірі нағыз ағаның ыстық көңіліне зарыққан екеу қанатты жолмен төмен қарай құлдилап келе жатты. Жолшыбай дәмханаға кіріп, кешкі ас ішуге ниет білдірген Айбарды Жібек қолдай кетті. Ұзақ әңгімелесіп отырып, кешкі ас ішілді. Бір-біріне ілтипат білдіріп, ыстық ықылас танытқан қос жасты сыр көз ғашықтарға балады, жарасқан жұпқа санады. Ал Айбар Жібекке тек ағалық көзбен қарады, Жібектің жүрегі де бауырлар әнін салады. Ағалы-қарындас екеуі даяшымен есеп айырысып, кеш қараңғысында далаға шықты. Алып шаһар кешкі тіршілікті тіптен қайнатып жібергендей. Көлік кептелісінде әудем жерге жету мұң, қара шаңы көкке көтерілген қаланың құты қашқаны шын.

— Алматы әлем бойынша аяусы өте ластанған бес қаланың соңғысы екен, — деді Жібек тротуарды бойлап, қатарласып келе жатып.

— Үштікте болмағанына шүкір. Қаланың экологиясы бұзылмасын деп, жаяу жүрген жоқпын ба? — деген Айбардың әзіл-шыны араластырып айтқан сөзінен Жібектің ойнақы күлкісі тағы бас көтерді. Кешкі салқында оның жанарына үйірілген шықты Айбар көрмесе де, жанымен сезді. Қолында күдіреті болса, қарындас тұтып жүрген Жібектің жанарын кіреукелеген кінәратты сөзсіз жұлып алып тастар еді. Жалғыз жүрегінің бағын көгерте алмай жүріп, өзгеге қалай жәрдем етсін? «Адамды іштей аздырып-тоздыратын бір іс болса, ол шарасыздық» деп ойлады жігіт қыздың көзін елеусіз сүртіп өткенін байқап қалып. Жиырма жыл бұрын шарасыздық танытты ма, яки қорқынышы жеңіп кетті ме? Қай жауапқа жармаса да, жанын жұбатыр бірі жоқ.

— Аттыдан жаяу жүріп кек алған Жаяу Мұса болдым дейсіз ғой, — деді күлкісін тоқтатқан Жібек баяу үнмен.

— Аты, атағы бардан емес, өзімнің өткенімнен кек ала алмай жүрмін, — деп сыр сандығын тосыннан қалай ашқанын өзі де байқамай қалған Айбар кілт тоқтап қалды.

— Болған іс келмесе кетті, қайтара да алмайсыз, өзгерту де қолыңыздан келмейді. «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген.

— Бұлдыр өткенім өз сазына тартып жатса, келер күнді жақын тұта алмаймын. Шарасызбын, дәрменсізбін.

# Көзі жасты күлегеш қыз

(Басы 16-17-беттерде)

Таусыла сөйлеген жігіттің қолын қыса түскен Жібек оған шынымен сүйеу болғысы келді. Әке-шешесіне «несие алып бер» деп буынсыз жерден пышақ ұрып, ат құйрығын кесіскен туған ағасымен мұншалықты рухани жақын болып көрмеген еді. Қызғалдақтай қыздың жас жаны камқор аға көңілін аңсайтын. Айбармен алғаш танысқан күннен бастап, оны ағалап құрақ ұшқан себебінің астары да осында еді. Айбар уақыт құрығында қапыда қарындасын жоғалтқан жарым көңіл аға болатын. Өзіне ерген кара болмаған соң, ағалық ықыласын кімге төгерін білмей, ойдан жүдеп жүрген. Томпаңдап соңынан бір қалмайтын жалғыз қарындасы Гүлайды сол күні дүкенге ертепегенімде, аман болар еді ғой деген өрттей өкініші бүгінде запыранға айналған. Уақыт алға жылжыған сайын өкініші зәрлі ұға айналып, жүрегін жүдетіп, көңілін кем етіп, бар ойын сел етіп қажытқалы қашан?! Енді өмір соқпағында кездескен бөгде жанды жақынындай бауырына тартып, сол жоғынын орнын толтырмақ ниетте жүргенін Жібек сезбей қалмаған. Сезімтал қыз жаны Айбардың өзіне қараған сайын қарындасының бейнесін көріп, содан көңілі алданыш тауып жүргенін бар жанымен сезетін. Содан да Айбарға тым болмаса жылы сөзбен дем бергісі келді. «Сықырлы жүзімі болса, жүрегіңдегі шөриңді сылып алып тастар едім. Сосын отызында ойнап-күліп, өмірдің қызығын тойлап жүріп, бөлкім, белгілі суретші болар ма едің?!» Жібектің жүрегі бір ғана тілекті ұран етіп, дүрсілдеп тұрды.

— Шарасыз емессіз. Таң атқанша қаланы адақтауға қалай қарайсыз? Әпке-жезде ауылға кеткен, сәл кешірек барсам, ұрсатын үлкендер жоқ.

Көтеріңкі үнмен сөйлеген Жібектің бұл ойын мақұлдай жөнелді. Өмірдегі жоғын қаланың көрікті жерінен тауып алардай тыпыршыды. Көктөбеге шықты қол ұстасып, көңілді әңгіме құрды. Саябаққа барып демдерін басып, шер шекпенін сыпырғанда, жүрек ән салып тұрды. Сырласумен жүріп таң атарға таяды. Жібектің өтінішімен таксиден ертерек түсіп, оның үйіне дейін жаяулатып біраз жүрді. Қатарласқан қалыптарына қарасаң, бір кіндіктен жаралғандай, туғалы араларынан қыл өтіп, ажырап көрмегендей. Дүниенің кендігін, өмірдің нұрын енді сезінгендей көкірек кере тыныстаған Айбардың көзі кенет көше қиылысындағы үйдің жоғарғы қабатына түсті. «Көзім алдап тұр ма?» деп қайта үнілді. Жарығы сөнген пәтердің ашық терезесінен будақтаған түгінді анық байқады.

— Жібек, — деді қызға иығындағы сөмкесін бере салып, — мына үй өртеніп жатыр. Көмекке баруым керек.

Даусы қалтырай шыққан жігіттің көз алдына шыркыраған өз қарындасы елестеді. Жылдар бойы сағындырған кішкентай Гүлай қою түтіннің ішінде ағалап, ажалмен арпалысып жатқандай бір көрініс көз алдына көлбең етті.

— Құтқарушыларды шақырайық. Солардың ісі ғой, — деп Жібек сөмкені иығына іле салып, Айбардың артынан асығыс ерді. Еріп келе жатып, құтқарушыларға, тәртіп сақшылары мен жедел жәрдем қызметіне қоңырау шалып үлгерді. Айбар құздан етектегі ақ айдыңға секіретіндей жеңін түрініп, іштей сайланып алған. Шалқалап қарап еді, түгін төртінші қабаттан шығып жатыр. Артық қырым еті жоқ жас жігіт мысықша секіріп барып, алғашқы қабаттың қытимасына ілінді.

— Абайлашы, аға, — деп даусы тарғылдана айғайлады Жібек.

— Бұл жолы құтқарамын! — деп

кіжінген Айбар жыландай жорғалап, жоғарылаған сайын Жібектің жүрегі аузына тығылып, көзін жас жуды. Бұл дертті жанардың жауыны емес еді, қорқыныш пен уайымның нәсері болатын. Қазір Айбар құлап түссе, онымен бірге өзінің «ағамды жолықтырдым» деген тәтті қиялы да құрдымға кететінін іші сезді. «А, Құдайлап» жігіттің тілеуін тілеп тұрып, Жаратушысына жалбарынды: «О, құдіреті шексіз Құдайым, туабітті дертті еткеніне бір шағымданбадым. Дертімнің дауасын бұйыртпай сандалтқаныңда да қабақ шытпадым. Ағам өзінен көп үлкен әйелдің қақпанына түсіп, банктерге берешек болып, ата-анамды «ақша табындар» деп қан қақсатқанда да өзіне күмәнсіз сендім. Енді туған ағамнан артық сырлас болған Айбарды менен ала көрме!» Қыз күбірлеп тұрып, жоғары қарап еді, Айбар кара түтіні қоюланып, қауіп күшейген пәтердің қытимасына табан тірепті. Өзіне ғасырдан ұзақ көрінген осы сәт Жібектің жалында мәңгі сақталып қалары анық еді. Қикулата жеткен құтқарушылар да жеделдете іске кірісті. Пәтерге кірген Айбар жынды суға тойып алып, қалың ұйқыға батқан ер адамды оята алмаған соң, іргелес бөлмеден түгінге уланған бүлдіршін қызды тауып, құшағына алып, іштен ілінген есікті теуіп ашып, дәлізге шықты. Бұл мезетте құтқарушылар үйдің өзге тұрғындарын қауіпсіз жерге шығарып, өртке орана бастаған пәтерге атыла кірді. Отты судың кесірінен ақылынан айырылған ерлі-зайыпты қос есуасты ақ халаттыларға тапсырды. Айбар далаға шыққанда, Жібек оған құшақ жая ұмтылды. Еркінен тыс ерсі үнмен күліп, «Алла мені естіді» деп сыбырлады. Ойламаған жерден Айбардың құшағындағы құртқандай қызды көріп, тосылып қалды. Жігіт оны асқан мейіріммен бауырына қысып, дәрігерлердің көлігіне шектен тыс камқорлықпен, аса еппен жайғастырды. Айбардың мына елестер әлеміне енген сықпытын көріп, Жібек көп жайға қаныққандай болды.

— Айбар, — деді жігіттің жанына жетіп барып, оны өткен шақтың шырмауынан босатып алмақ болып, — аға, кетейік. Қалғанын мамандар өздері тындырады ғой.

Айбар осы сәтте барып шындық дүниесіне оралғандай болды. Езуіндегі масайраған күлкі, «құтқардым-ау ақыры» деп судай тасыған көңілі лезде суынды. Ауыр күрсініп, бір шетке бұнымен бірге ығыса берген Айбарды тәртіп сақшысы тоқтатып, жеке деректерін жазып алды. Жібек өзі мен Айбардың сөмкелерін қос иығына іліп алып, құмырсқа белі үзілердей болып келеді. Айбарда үн жоқ, тілсіз түнеріп алған.

— Айбар, ағажан, есінді жи, елестерден арыл!

— Бір сәт болса да, Гүлайды құтқардым ғой деген оймен өмір сүрдім. Қандай ғажап сәт еді? Қас-қағым шақ неткен тәтті еді?!


— Сен нағыз ағасың. Қаһармансың!

Жібек қайтсе де өзі аға тұтатын жанды шынайы өмірге бастап әкелуге құлшынып-ақ тұр.

— Жок, мен дәрменсіз сорлымын, амалдан жүрдай міскінмін. Ағатайлап соңымнан ере шыққан төрт жасар Гүлайға дүкен иесінің шынжырдағы иті босанып кетіп, тап бергенде аулаққа беже жөнелген арсызбын! Гүлай менің кесірімнен өлді, қарындасымды мен өлтірдім!

Егіле жылап, жүрегінде жылдар бойы сөнбеген өрттен өні түтігіп, қалш-қалш еткен жігітті жұбатуға Жібек енді сөз таппады.

— Мен естияр едім ғой. Он екіге толғанмын. Гүлай ағалап етегіме жабысқанда, өзімді кәдімгідей азамат тұтатынмын. Тайыншадай овчарка жердің астынан



шыққандай болып арас ете қалғанда, зәрем зәр түбіне кетіп, қаша жөнеліппін. Одан кейінгісі бұлдыр ғана есімде. Апамның зарлана жылағаны, ауылға жедел жәрдем келмейтіні, әкемнің көлік іздеп ауыл ішін шарқ ұрғаны, ит талаған Гүлайдың қан жоса болып ес-түссіз жатқаны...

— Сен Гүлайды құтқара алмасаң да, өзге бір бүлдіршінге жаңа өмір сыйладың. Сен әсте жасық емессің!

— Жібек, сен мені бекер аға тұтасың. Қазір қасқыр кез болса, мен сені тастай қашармын!

Жібек таңғы тұнық ауада даусы жаңғырыққан жігітті көше шетіндегі орындыққа жетелеп әкелді.

— Ана бір жолы маған сүмелек ит шабуыл жасағанда, көшенің басынан сен жүгіріп келіп араша түстің ғой. Қалай ез деп атайын сені, аға?!

— Ол күні мен Гүлайды құтқаруға жанымды салдым. Өмір маған қарындасыммен қауышуға екінші мүмкіндік беріп тұрғандай сезіндім.

Жыламырай сөйлеген Айбарды арқасынан қаққан Жібек бар мән-жайды толық түсінді. Өткен шақтың елесіне арбалып қалған Айбар ағасын не деп қолдарын білмей:

— Мен үйге қайтайын. Сіздің де демалғаныңыз жөн болар, — деді.

Екеуі тілден қалып, аяқтарын санап басып, Жібектің пәтеріне жетті. Қыз үйіне кірмей тұрып, Айбарға көз тоқтата қарады да:

— Мен үшін сіз нағыз ағасыз! — деп жігіттің иығынан қақты. Еңсесі түсіп, имііп кеткен ұзын бойлы жігіт бұл сөзге бас ізеуден арыға аспады.

Алматы таңы сібірлеп атқанда, Айбар өзінің бір айдаң бері жалдап тұрып жатқан пәтеріне келді. Азапты ойларының қыспағында төсегіне құлай кетпек еді, Жібектен хабарлама келді: «Ақын зарын өлеңмен жеткізеді, сазгер әуенмен. Сіз — суретші, сәулетшісіз. Мұң-налаңызды қылқаламмен бейнелеңіз». Хабарлама мәтінін бірнеше рет қайталап оқыған Айбар есі ауған адамдай ата-анасының үйіне қарай жүгірді. Суретші кезіндегі барлық құрал-жабдығы сонда еді. Жүрегіне қан құстырған запыранын қылқаламмен әйгілемек ниетке кетіп, далаға жолбарысша атылып шықты. Ертеңіне өзін телеарна тілшілері тауып алып, сұхбатқа шақырғанда, Айбар жан сырын жұмбақтай жеткізді:

— Өмірімде бір рет өзіме аса қымбат бір жанды құтқара алмай арманда кетіп едім. Тағдырым екінің мәрте сынақ ұсынғанда, оны құр жібергім келмеді. От арасынан бүлдіршінді алып шыққанымда, уақытта кеткен кегімді қайтарғандай болдым.

Айбардың толқи айтқан жүрекжарды лебізін тілшінің «Міне, ғажап! Жаңа заманның батырына ағытыла сөйлеу де жарасып тұрғандай», — деген көпірме бояуы мол сөзі жалғап әкетті.

Наурыз тамамдалып, сәуір туды. Алматы сәуірдің өзінде-ақ жаздың салтанатын кешетін. Күн біржолата жылыған соң, Жібектің көз жасы тоқтаған. Тек күлегеш қалпы ғана өзгермеген. Тағы бір өзгермеген жайт Айбар екеуінің арасындағы бауырластық жібі. Бұл күндері Айбар жалдамалы пәтерін суретшінің шеберханасына айналдырып жіберген. Маңғаздана мамыр жеткенде, Жібек диплом қорғау машақатымен әуреге түсті. Айбар шеберлігін күн санап өсіріп, қылқаламмен ақ паракка сыр төкті. Суретшінің жүрегін қуаныш пен өкініш қатар өтті. Қуанышы келер күнді жақындатып, сенім оралым септі. Өкініші қол бұлғап, қайта нұралмас шыңырау түбіне шөкті. Ата-анасы орталарына қайта оралған өнерлі ұлдарын көріп, көңілдері шаттыққа бөкті. «Гүлайдың мәңгі сәби болып қалғанына сен айыпты емессің», — деп анасы өмір бойы күбірлейтін. «Қара тажал неміс овчаркасына қарсы сен не істей алар едің? Құтырынып ақыры иесін қауып тынған дүлей неме сенің араша түсуіңе жеткізбесі анық қой», — деп әкесі жылдар бойы басу айтып сыбырлайтын. Сонда да жұбаныш көрмеген көңілі қылқаламын қолына алғанда шешіліп қоя берді. Әрбір картинада Гүлайдың келбеті бейнеленді, оқиғалар тізбектеліп жүйеленді. Сюжетті суреттер көрмесі әне-міне дайын болуға тақалды. Қолының бояуын сүртіп, алжапқышын шешкен Айбар жүзі бал-бұл жанып жеткен Жібекке қолын ұсынды.

— Жібекжан, екі жаңалығым бар. Бірін айтсам күлерсің, екіншісін жайып салсам, мүмкін, езу де тартпассың.

— Онда алғашқысынан бастаңыз. Құлағым сізде.

— Жұмыстан шығуға өтініш жазуға барсам, бастығым «Жобаны өзін жүзеге асыр. Қағаздағы сызбалар жылап тұрғандай, қарашы» деп маған папка ұсынбасы бар ма? Ол кісі де қиялшыл болайын деген-ау, шамасы?

Күткеніндей-ақ тау бұлағындай сылдыраған сұлу күлкі естілді.

— Қиялы бастығыңыздың сөзін жерге тастамаған боларсыз, — деп күлкі аралас үнмен тіл қатты Жібек.

— Қағаздағы сызбалар жыламасын деп, қызметіме қайтып орналастым.

— Құтты болсын. Ал екінші жаңалығыңыз қандай?

— Сюжетті суреттер көрмесін ұйымдастырмақпын. Ол жағын өзін де білесің. Көрменің атын «Көзі жасты күлегеш қыз» деп қойдым.

Жібек абдырап қалды. Оқиғалы суреттердің басты кейіпкері Гүлай емес пе? Әне, күн сәулесіне шағылысқан күміс құмның үстінде қызыл көйлегі желмен желбіреп, бұйра шашты кішкене қыз ойнап отыр. Мына суретте ерке қыз аузы бұртып, ағасына қырын қарап тұр. Ал мына картинада... Гүлайдың ажалы болған кара тажалдың сұлбасы тұман арасында кескінделіпті. Жібек барлық суретті дерлік аралап көріп шықты да, көмейіне тірелген сұрағын көлденең қойды:

— Көрмедегі барлық картиналар тек Гүлайға арналған. Неге атауын да Гүлаймен байланыстырмайсыз?

— Менің жүрегіме жара болып қонған Гүлайды сен қайта тірілттің. Күміс күлкіңмен, маржан көз жасыңмен оның өлі бейнесіне жан бітірдің. Бұрын Гүлай жүрегімнің шері еді, бүгінде ол көңілімнің түкпірінде айбек сағыныш болып қалды. Көрменің атын солай қойған себебім де осыдан. Өзгерту ойымда жоқ.

— Бәлкім...

— Жібек, әуре болма! Көрменің аты «Көзі жасты күлегеш қыз» болып қалады!

Жан ағасының жүрегін кара тұманнан азат еткеніне шаттанған көңілді қыз сан алуан нотада түрленген сықырлы күлкісін еркіне жіберді.

# ЖАҚҰТЫНДА ЖҮРЕКТІҢ СӨЗ МАРЖАНЫ

Ақын Нұртай Ерназар жырларын оқығанда қаламгердің ежелгі қара өлең дәстүрін берік сақтай отырып, өлең өлкесінде соны соқпақ, ерекше із қалдырғанын аңғарамыз. Ақын өлеңдері қарапайым болып көрінгенмен, іште қайнаған от сезімдер шарпысына құрылғандай әсер береді. Ақын-ғұмыр өтті, артында қағазға түскен қазына қалды. Жыр иесінің мынау соқтықпалы-соқпақсыз өмір құбылыстарын жырлауда қандай суреткерлік шеберлік, нендей көркемдік шешімдерге барғанын сараптау – бізге парыз.

*Жаратушым, жаманнан  
сақтандырдың,  
Нәпсі-сайтан жолыма  
қақпан құрдың.  
Жақсы менен жаманды айырмаған,  
Өмірімді несіне мақтан қылдым?  
Жүрегіме жарығын жаққан  
жырдың,  
Ел сенімін қалайша ақтап жүрмін?  
Өтеуіне не берем өмір бойы,  
Тас төбемнен сорғалап  
аққан нұрдың?! –*

деп басталады Нұртай ақынның «Пендешілік» атты өлеңі. Мұнда ақын жақсы мен жаманды айыра алмауды ғана емес, жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деп бағзы бабаларша кесіп айта алмай, аяғына жем түскен атша кібіргітеп, шындыққа немқұрайлы қарайтын бойкүйездікті сынап отыр. Жақсы менен жаманды айырмаған тірліктің не сәні бар деген өткір сұрақ кімді болса да бейжай қалдырмайды.

Келесі шумақта ой күткендегіден әлдеқайда асып түскен. «Жүрегіме жарық берген жырдың өтеуіне не бермекпін?» дейді ақын жаны шамырқана шарқ ұрып. Расында, жүректерге сәуле берер өлең-сөздің құдіретін түсіне алып жүрміз бе? Ақынның ой-сезімі шарықтай түседі. «Тас төбемнен өмір бойы сорғалап аққан нұрдың өтеуіне не берем?» дейді ақын тағы бір ақиқаттың шетін шығарып. Рас-ау, бақсак, біз тас төбемізден төгілген нұрлы жарыққа белшемізден қарыздар екенбіз! Мұны Нұртай ақынның өлеңдегі ой жанашылдығы десек те болады.

*Сайран салған үстінде мақпал  
қырдың,  
Патша көңіл, құларсың тақтан  
бір күн.  
Ақтарылып айтатын күн келер деп,  
Жақұттарын жүректің  
сақтап жүрмін.*

Ар-иманмен суарылмаған, жақсылықпен негізделмеген құнсыз тірліктен адамның патша көңілі бір құлайтынын сезімтал ақын дөп басады. Тауып айтады, Абай боп ақтарыла, ағынан жарыла айтады. Бұдан да ашық айтар күн келер деп, «Жақұттарын жүректің сақтап жүрмін» дегені қандай керемет! Мұндай, дарынды ақындарға тән әдеби-көркемдік олжалар Нұртай Ерназардың поэзиясына асқан көрік береді. Жалпы, өлеңді мақсатты түрде әсірелеу, буын, бунақ, көркемдік тәсілдерге реформа жасау – Нұртай ақында жоқтың қасы. Сол бір тұнық жырлауда жан сүйінер шынайылық бары



оның ақындық қадір-қасиетін арттыра түскен. «Нәпсісі мен иманы араласқан өмірімді несіне мақтан қылдым?» деп аяқталады осы өлең. Нәпсі мен иман атты бір-біріне мүлдем қарама-қайшы ұғымдарды қатар қою – психологиялық параллелизмнің күшімен адамның бүкіл болмысын тоқ ұрғандай теңселтіп жібереді. Ақын қашан да қарапайым адамның байқамағанын бүкіл ділімен түйсінеді. Нәпсі мен иманның басы бір қазанға сыймайды. Бірақ, өкінішке қарай, күнделікті тірлікте екі аяқты пенденің бар тірлігі – сол екеуін мидай араластыруда екен! Сондай өмірді несіне мақтан етем дейді шыншыл, әділетшіл ақын жүрегі.

Нені жырласа да ақ адал жүректен ақтарылатын Нұртай Ерназар шығармашылығының басым бөлігі – еңсесі көтерілмей, еңбегі жанбай келе жатқан ел жайына арналған. Солай болуы – ешкімді таңғалдырмаса керек. Тәуелсіздік алып, бөркімізді аспанға атқанымызбен, ел күткен даму жолы тым ұзап кеткен жоқ па? Өз көзімен күнде көріп жүрген шындықты ақынның шамырқана жырламаса хақы жоқ. Ақын өзінің «Біздің ел» атты өлеңінде тәуелсіздіктің алғашқы онжылдықтарындағы ел жайын былайша толғайды:

*Тас-талан боп кетті ме тәуелділік?  
БІЗЫңдайды санамда әуен-күдік.  
Мұртымызды сөйлейміз  
көкке шаншып,  
Атымызды жатыр деп әлем біліп.  
Маңырайды көңілде бір ешкі – үміт,  
Қорқауларға дауысы тұр естіліп.  
Кедей – кербез,  
Жоқ – жомарт жағаласып,  
Болашағын жатқандай үлестіріп.*

Тәуелсіздіктен кейінгі отыз жылдың тірлік-тынысын жырламаған ақын жоқ шығар. Алайда Нұртай ақынның шамырқануы елден ерек дер едім. Ақын тәуелсіздіктің тәтті дәміне сенген халық үмітін әлсіздеу ешкі – үмітке теңейді де, оның әлсіз маңыраған үнін қорқаулар естіп тұр дейді. Бұл – шеберлік! Жан-жағымыздағы алып империяларға төтеп бере алатын рух

күшін іздейді ақын. Кедейіміз – кербез, жоғымыз – жомарт бола берсек, болашағымыздан айырыламыз деген болжал ойды да Нұртай ақын астармен, меңзеумен жеткізе білген. Өлең былайша аяқталады:

*Ишек-қарнын шұбатып  
жылқымыздың,  
Аярлықпен жеп жатыр түлкі, құзғын.  
Біржиямыз өтірік тоқ секілді,  
Қасіреті сорғалап күлкіміздің,  
Шығарына сенбейді  
жан-жымысқын,  
Мас болады буына хан күмістің  
Бостандығын тұмар ғып тағып алып,  
Жатқан елміз жүзінде  
нән қылыштың.*

Бұл жерде ақын егер ақыл-біліммен, көреген білгірлікпен ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпейтін даналық танытпасақ, күлкімізден қасірет сорғалап, өткір қылыш төніп тұрғандай қауіп-қатерде қала беретінімізді ескертіп, болашаққа арыз жазып қалдырғандай болады. Жүздеген жылдардан соң азаттыққа әзер жеткен халқымыздың үміт пен күдік араласқан, даму мен қалу тайталасқан ақиқат күйін бұлайша суреттеу – Нұртайдың толық қалыптасқан ақын екенін байқатады.

Нұртай Ерназардың ешкім жазбаған, ешкімнің шығармасына ұқсамайтын «Теңге туралы жыр» деген өлеңі бар. Әншейіндегі көріп тұрса да көрмегендей, біліп тұрса да білмегендей немкеттілік ақын жанынан аулақ.

Әсіресе бұл ұлт, халық мүддесі атты құретамырға келгенде...

*Қасіреттен, қара көзім, мөлтенде,  
Қасіеттен жұрдай болды төл теңге.  
Әркімдердің табанына басылып,  
Бір теңгелік жатыр  
жолда шашылып.*

*Халық байып, кеткен бе ел көркейіп,  
Ешкім оны алар емес еңкейіп.  
Көше кезіп жүретуғын аш кілең,  
Қарамайды оған, тіпті, маскүнем.*

*Дүкен барып, базар барып білдің бе,  
Бір теңгеге не келеді бұл күнде?  
Керегі жоқ кедейге де, байға да,  
Қу темірге айналған-ау жай ғана.*

*Адамшылық – жұрттың  
шектен аспауы,  
Бір теңгелер – мың теңгелер  
бастауы.  
Кілең нөлден не шығады, расында,  
Бір деген сан тұрмаған соң басында!*

*Бір теңгедей дөңгелейді ай, күнің,  
Бір теңгеден құралады байлығың.*

Бұл жерде ақын төл теңгеміздің құнсыздануын, бір теңгенің сол үшін де аянышты күйге түсуін ғана тілге тиек етіп отырған жоқ. Ақын «бір теңгеден дөңгелейді ай, күнің» деп, ел абыройының асқақтауына, мемлекетіміздің көркеюіне сол бір теңгедей болсын адал еңбек ет деп, маңдай термен келетін еңбек жемісінің үлесі маңызды

екеніне назар аударған. Бір теңгеге аз еңбек жұмсалған шығар, алайда сол аз еңбектің де обал-сауабы бар, аз еңбектен мол еңбек жемісі құралады деген ойды аңғартқан.

Бақыт туралы өлеңінен Нұртай ақынның өмірге деген шынайы көзқарасын көреміз, ақындық болмысын тани түсеміз.

*Ақ қайыңдар бүршік атып,  
Жұпар жұтты көмейім.  
Сәл аялдай тұршы бақыт,  
Келбетіңді көрейін.  
Бақыт құман салғырттаумын,  
Ал арманың әсем сенің.  
Қозы бұлт боп, саулық таудың,  
Жібітпедім тас емшегің.*

*Қылма, достым, көп келемеж,  
Маржан тізіп, қазғам жақұт.  
Аз да емес, көп те емес,  
Маңдайыма жазған бақыт.*

Біз осы бір кішігірім талдауымызда белгілі ақын Нұртай Ерназардың «маржан тізіп, жақұт қазған» жырларының бір үзегін оқырман назарына ұсынып, көркемдік-танымдық сілтеме жасадық. Нұртай ақын дін, иман тақырыбында өлеңдер жазды. Көптеген танымал әндерге сөз жазды. Алайда ақын ежелгі дала жырауларының өшпес дәстүрімен, ел қамын жеген қайраткер ақын тұлғасын өз бойында ерекше бір адалдықпен сақтап қалды.

*Қобалжиды көңілім халқым жүдеп,  
Шаттығы жоқ өмірдің  
салқын жүрек.*

*Алатаудың ерітер мұз бен қарын,  
Алдымыздан соқпайды алтын күрек.  
Ой-қарағай, тауға өрлен  
тамырлаған,  
Өрнегіне таңғалып таныр ғалам.*

*Талантымды тербетіп тал бесікте,  
Тура көзбен қарайды Тәңір маған.*

Нұртай сөз баққан, сезім қуалаған ақын емес, көбіне ой баққан ақын. Ақындықты саудаға салмаған, кітаптарына ешқашан жарнама жасамаған, өзіне сеніп кеткен ақын. Сондықтан да болар, «Тәңір де оның көзіне тура қарайды».

Ақын өзінің жүріп өткен жолының, күллі өмірінің мағынасын былайша түйіп айтқан:

*Бір күн ерте,  
Бір күн кеш өмірің сөнер,  
Өшпесіне сөзіңнің көңілің сенер.  
Қара өлеңнің өлесің құшағында,  
Құмар қылып қойған соң Тәңірім –  
шебер.*

Бұл – өлеңге, өнерге адалдық. Шын өнердің өлмейтіндігі жөнінде көп айтылған, айтыла да беретін ақиқат қазанында қайнаған айшықты сөздің жаңасы. Шын ақынның парызы – көне жолдың шаңын шығарып, жаттанды болған қағидаларды тықпалай беру емес, айтар ойды, сырлы сезімді, тұңғық түйсікті әлі ешкім естімеген соны серпінде беру. Хас өнерге тән осынау өлшемдерге құрылған ақын Нұртай Ерназардың өлең-жырлары туған халқымен бірге жасай бермек.

**Бақытжан РАЙЫС,**  
ақын, зерттеуші, халықаралық  
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Жыл сайын төрткүл дүниенің оқырмандарына, кітап шығарушылары мен баспаларына сауын айтып, дүркіреп өтетін кітап көрмесі ашылады. Бұл – Германияның Гессен федералды жерінде орналасқан Майндағы Франкфурт қаласында дәстүрлі түрде күз айларында өтетін ірі халықаралық кітап көрмесі. Тарихын 1473 жылдан бастайтын, 1949 жылдан бері жүйелі түрде өтіп келе жатқан Frankfurter Buchmesse халықаралық кітап көрмесі 77 мәрте ұйымдастырылды. Ең маңыздысы – әлем елдері кітаптарымен, кітап шығару технологиясымен, авторларымен бәсекеге түсетін зерде жарысына Қазақстанның екінші рет Ұлттық стенд қойып, жоғары дәрежеде қатысқаны.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мұрындық болуымен халықаралық көрге еліміздің кітап ісі саласының қызметкерлері, баспа өкілдерінен тұратын арнайы делегация қатысты. Жай қатысып қоймады – Ұлттық стенд алдында бес күн бойы түрлі кездесулер мен пікір алмасу сағаттарын, тұсаукесер-таныстырулар өткізіп, көрі құрлық жұртшылығы мен көрме қонақтарына ұлтымыздың іргелі еңбектері паш етілді.

Салты жүйеленіп, дәстүрі қалыптасқан халықаралық көрме – кез келген ел үшін, делегациялар мен жалпы қатысушылар үшін үлкен тәжірибе алаңы. Әлемнің кітап нарығы, кітап өндірісі саласы, баспа технологиялары қандай деңгейде екенін анықтайтын, білім мен зерде бәсекесінде озықтар қатарында келе жатқан жұрттың пайым-танымының тамырын басатын, жаһан бағытын ой таразасына салатын орын – бұл. Осындай маңызын ескере отырып, ұлтымыздың тарихын, бай мәдени мұрасын, айрықша салт-дәстүрін әлем халқына таныстыруды мақсат тұтқан Ұлттық стендтің құрылуы – соңғы жылдары қол жеткізген ең биік жетістіктеріміздің бірі.

Биыл 15–19 қазан аралығында өткен Франкфурт кітап көрмесіне 131 елден жалпы 238 мыңдай адам келген. Оның ішінде, 118 000 қатысушы – кітап ісі саласының кәсіби мамандары, 120 000 қатысушы – оқырмандар, баспа өнімін тұтынушылар. Бұл көрсеткіштер алдыңғы жылғы көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары, яғни тәжірибе алмасу алаңына қызығушылық, әсіресе кәсіби мамандар тарапынан айтарлықтай артып келе жатыр.

## ҰЛТТЫҚ СТЕНД – ҰТЫМДЫ ШЕШІМ

Әйгілі халықаралық көрменің ел ішінде назарға іліне бастауы, сала мамандарының қызығушылығына ие болуы – отандық баспа ісі саласының бойына қан жүгіргенінің, ілгерілеу бар екенінің көрінісі. Биыл халықаралық көрмеде Қазақстанның Ұлттық стенді екінші рет қойылып отыр. Көрмеге 4 350 экспонент қатысты. Экспонент дегеніміз – көрмеде арнайы стенд құрып, өзінің тауары мен қызметтерін көрме қатысушыларына таныстыратын баспа мекемесі немесе жеке тұлғалар. Осы қатарда Қазақстаннан барған арнайы делегация болды. Делегация құрамында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің кітап ісі саласына жауапты тұлғалары, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының, «Мектеп», «Алматыкітап», «Атамұра», «ARMAN-PV», «Steppe&World Publishing», «Эверо», «Kazformoms», «AmalBooks» баспаларының өкілдері болды.

Қазақстанның Ұлттық стендінде елімізде жарық көрген 350-ден астам баспа өнімдері қойылды. Гете еліндегі кітап тойына

келген қонақтардың қатысуымен Абайдың жеті тілде жарық көрген жинағы, «Шоқан. Шығыстың жарық жұлдызы», Оразалы Сәбденнің «Түркі, Әлем өркениеті, Қазақстан және болашақ», «Симантика. Өю-өрнектер» (үш тілде), «Көшпенділер ойындары / Nomad Games / Игры кочевников», «Қазақстан – қызғалдақтар отаны», «Марк Аврелий «Өзіңмен әңгіме» атты кітаптарының тұсаукесер-таныстырылымдары өтті. Бұл қатарда Міржақып Дулатовтың әйгілі «Бақытсыз Жамал» еңбегі, Дүйсенәлі

перспективалары». Ғалам жұртының пікірталасына түскен, болашақ инновацияның негізі саналатын жасанды интеллект мәселесі көрме аясында кеңінен талқыланды. Жасанды интеллект дәуірінде баспа мекемелерінің жұмысы, баспаханаларда қолданылатын жаңа технологиялар, авторлық құқықтардың сақталуы, табиғи зерденің маңызы сияқты іргелі мәселелер беделді сарапшылардың баяндамасына ұласқан.

Әлемнің интеллектуалды меншік иелері және оны өнімге айналдыратын өндіріс ма-

назарын аударатыны анық. Тіпті жоғарыда аталған стартап-жобамен британияның тәуелсіз 4 баспасы келісімшарт жасап үлгеріпті, алғашқы сертификатталған кітап биыл қарашада жарық көргелі отыр екен. Кейбір сарапшылардың, еуропалық елдердің жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлерінің жасанды интеллектке үрке қараған пікірлерінің жанында мұндай жобалар нақтылық пен уақтылы реакцияның маңызын көрсеткендей.

Екінші қызық бастаманың бірі – ита-

# «Франкфурт шақырады»: Әлемдік көрмедегі Ұлттық стенд жетістіктері

Әлімақынның «Америка ашқан қазақтар» кітабы да бар.

Қазақстандық делегация ұйымдастыруымен 5 күн бойы Ұлттық стенд алдында түрлі іс-шаралар өткізілді. Қазақстандық кітаптардың таныстырылымдары мен пікірталас алаңдары ҚХР, АҚШ, Еуроодақ елдері, Канада, Сингапур және түркітілдес елдерден келген қонақтардың ерекше қызығушылығын туғызды. Шетелдік жазушылар, журналистер, әдеби агенттер, баспа өкілдері арнайы келіп, еліміздің баспа ісі саласының жетістіктеріне, технологиялық шешімдеріне, аударма ісіндегі бастамаларына назар аударып, таныстырған ақпараттарға айрықша ден қойды.

Көрме ашылған күні Франкфурт кітап көрмесінің президенті Юрген Боос «ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы Франкфурт көрмесінде 25 жыл» деген арнайы сертификатын табыстап, қазақстандық қатысушылардың ерекше ықыласы мен ұмтылысына алғыс білдірді. Бұл – мемлекеттік қолдау мен ұдайы ұсыныс білдіретін белсенді баспа өкілдерінің жемісі.

Әлемнің 131 елінен баспагерлер келсе, соның ішінде Орталық Азия елдерінен Қазақстан мен Өзбекстан ғана қатысып отыр. Бұл ретте Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер – Түркия, Әзербайжан баспаларының белсенділігін ерекше атап өту керек. Шынтуайтында, Франкфурт халықаралық кітап көрмесі – ұлттық мәдениетті, жаңа кітаптарды, салмақты шығармаларды, сапалы аудармаларды әлемнің 130-дан астам елінен келетін 300 мыңға жуық қатысушыға, оның ішінде, 120 мыңға жуық кәсіби мамандарға таныстыратын, келіссөз жүргізіп жана жобаларды ойластыратын тендессіз тәжірибе алаңы.

Көрмеге әлемнің 92 елі арнайы стенд қойып, экспонент атанды. Осы қатарда Қазақстан да абыройлы іс-шаралар өткізіп, көрме төрінде өз Ұлттық стендін қойды. Іс-шараға Қазақстанның Майндағы Франкфурт қаласындағы Бас консулы Таубалды Үмбетбаев қатысып, қазақстандық делегациямен кездесті. Бас консул шығармашылық зиялы қауым өкілдеріне сәттілік тілеп, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің халықаралық деңгейде насихатталуына тілектестігін білдірді. Шетелдік баспа өкілдерімен пікір алысты.

## БАС ТАҚЫРЫП – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ

Франкфурт кітап көрмесі жаһандық мәдени диалог алаңына айналды. Биылғы тақырыптың өзі осыған саяды: «Frankfurt Calling» – мәдениет пен саясат



мандары, насихаттаушы топ пікірлерін саралай отырып, Қазақстанның жаһан жұрты бет алған бағытқа – жасанды интеллект дәуіріне уақтылы қадам жасағанына көзіміз жетті. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында, түрлі баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде ұдайы тілге тиек ететін жасанды интеллект мәселесі шынымен күйіп-ақ тұр екен. Еліміздің арнайы ведомство құрып, заң жобасын әзірлеп, мемлекеттік қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыруда жасанды интеллект мүмкіндіктерін кең пайдалануға білек сыбана кіріскеніне марқайып қалғанымыз рас.

Қазақстан кітап саласының өкілі ретінде бірқатар жүйелі бастамалар назарымызға түсті. Жасанды интеллект пен адам зердесінің тартысқа түсетін жері де осы – шығармашылық қабілеттің бағалануы. Books by People деген атаумен таныстырылған британиялық стартап – баспаларға өз өнімдерінің адам қолымен, адам зердесімен дәстүрлі формада жазылғанын растайтын сертификаттау мүмкіндігін ұсынып отыр. Бұл – стартап иелерінің ойынша, қазіргі таңда әлем оқырмандары мен баспагерлерді алаңдатып отырған сұраққа оңтайлы жауап. Сертификаттаудан өткен баспа өнімдерінің мұқабасына еңбектің адам қолымен жазылғанын растайтын арнайы белгі қойылмақ. Расында, жасанды интеллект қарыштап дамып келе жатқан дәуірде мұндай бастамалар көпшіліктің

лияндық компания ұсынған Amlet жобасы. Бұл жоба цифрлық нарықтағы әділеттілік пен заңның орындалу процесін бақылайтын контент реестрі есебінде ұсынылып отыр. Стартап жетекшілері қазіргі таңда ЖИ өзін-өзі дамыту, ақпараттық деректерді жинау кезеңінде шығармашылық жұмыстарды да пайдаланатынын алға тартады. Аталған реестр айналымға енсе, ЖИ саласында жұмыс істейтін компаниялардың интеллектуалды меншікті ашық әрі заңды түрде пайдалануына жол ашылады. Сервистің Халықаралық контент стандарт коды (ISCC) негізінде құрылғанын және АҚШ-тың ірі халықаралық баспа тіркеу және библиографиялық ақпарат агенттігі саналатын әрі метадеректерді стандарттауда жетекші қатардағы компаниясы Bowker де бұл жобамен келісімшарт жасағанына қарасақ, маңызы терең бастама деп санауға болатын дүние.

Кітап қорын цифрландыру, метадеректерді стандарттау, ірі ақпараттық қорды жүйелеу, цифрлық библиографиялық каталог түзу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қазақстанның цифрландыру бағытындағы мемлекеттік саясатына толығымен сыйымды міндет. Халықаралық кітап көрмесінде әлем елдерінің интеллектуалды меншікті ЖИ-ден қорғау, ЖИ-ді технологиялық дамуға тиімді пайдалану, ЖИ-ді үлкен деректер базасына жіктеу, жүйелеу жұмысында ұқсату сияқты ұлы мақсаттарға құлаш сермеп отырғанына

толық көз жеткіздік. Отандық кітап саласының даму бағытын жүйелеу кезеңінде жаһан жұртының осындай іргелі тәжірибелеріне терең ой жүгірткен абзал.

Қазақстанда кітап нарығы, баспа ісі саласын дамыту салалық деңгейде күн тәртібінде тұр деп айта аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Идеологиялық жұмысымыздағы басты бағыттардың бірі — кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды» деген сөзі баспа ісі саласының әрбір өкіліне қамшы болуы тиіс.

Президент бекіткен даму бағдарына бүгінгі таңда жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектінің қарыштап дамуы қосылып отыр. Бұл тенденциялар — әрі мүмкіндік, әрі қауіп. Сондықтан осындай тағдыршешті жұмыстарды жүзеге асыру кезеңінде жоғымызды түгелдеп, қателікке жол бермейтін амал іздеген абзал.

Жаһандық кітап нарығы цифрландырудың, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін салада кеңінен пайдалануға көшкенде, осы көштің соңында қалмау — басты міндет.

## КӨРМЕ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ: БАСТАМАЛАР, ҰСЫНЫСТАР

Биыл 77-рет өткен Франкфурт халықаралық кітап көрмесінде бірқатар іргелі жаңалықтар болды. Оның қатарына жасанды интеллекті дұрыс пайдалану, жасанды интеллект дәуіріндегі авторлық құқықты сақтау, жаңа ірі ақпараттық базаларды пайдалану алгоритмін ұсынатын базалар, әдебиетті насихаттауда әлеуметтік желілерді пайдалану, халықаралық кітап реестрін қайта қарау, Frankfurt Rights Meeting тақырыптарына испантілді мемлекеттер нарығының қосылуы және т.б.

2021–2022 жылдары Халықаралық баспагерлер ассоциациясының президенті болған шейх Бодур әл-Касими көрме аясында PublisHer Lounge бағдарламасын ұсынды. Бұл жоба баспа ісі, кітап нарығы қатысушылары деп есептелетін әйел адамдарға ерекше қолдау білдіруді, жыл сайын әйел адамдар арасында арнайы сыйлық тағайындауды мақсат тұтады. Ал Book to Screen Day аясында өткен іс-шаралар баспагердің немесе автордың кинопродюсерлермен өзара қарым-қатынасын тереңдетуді көздейді. Бұл ретте, тіпті Visionary Tales жобасының жарық көрген кітаптардың шағын трейлерін әзірлеу арқылы экранизациялауға белсенді ұсыныс жасайтын бастамасы да ерекше назарға ілінді.

Франкфурт халықаралық кітап көрмесінде 18 қазан күні өткен TikTok Book Awards салтанатты жиыны барлық қатысушыларды қызықтырды. Алты номинация бойынша жарияланған байқауда Германияның 4 баспасы, АҚШ-тың 1 баспасы және Испанияның 1 баспасы жеңімпаз атанды. Әрбір аталым бойынша жеңімпаздарға 2 500 еуро көлемінде сыйақы тағайындалған. Біздің айтпағымыз басқа — TikTok желісінде танымал болған кітаптардың 1–5 миллион дана аралығында сатылғаны. #BookTok жобасына қатысқан кітаптардың бір жыл ішіндегі сатылым деңгейі 25 миллион дана кітапты құрайды. Бұл — әлеуметтік желінің кітап насихатын жүргізуде ерекше күрәл екенін айқындайтын нақты дәйек. Мемлекет басшысы TikTok арқылы өскелең ұрпақтың мәдениетін, дүниетанымын тәрбиелеу ісіне баса назар аудару керектігін, қажет болса арнайы жобалар құру бастамаларына қолдау білдіруді ойластырған дұрыс екенін айтқан еді. Әлеуметтік желінің негізгі ақпарат көзіне, сапа мен талғамды қалыптастырушы сүзгіге айналып келе жатқанын ескерсек, қазақстандық ақпарат нарығы қатысушыларына осындай бағыт-

тағы жобаларды қолға алған орынды деп ойлаймыз.

Ыбырайша айтсақ, «Өнер-білім бар жұрттардың» жаһандық деңгейдегі дамуды мақсұт еткен бастамаларына қанығып қайттық. Алтынсариннің «Желкілдеп шыққан көп шөптей / Жаңа өспірім достарым / Қатарың кетті-ау алысқа-ай» дейтін өлең жолдары еріксіз ойға оралып, қазақ кітабының, қазақ кітабы арқылы тұтас ұлт мәдениетінің, халық мұрасының, бай дәстүр-салтымыздың ғалам жұртына таныс болуына еңбек етудің қаншалықты маңызды екенін сана биігінен түсіндік, түйсіндік.

## ҚОРЫТА АЙТСАҚ...

Франкфурт, Бейжің, Лондон шаһарларында ұдайы өтетін ірі кітап көрме-жәрмеңкелері — өркениеттер жарысы, ұстанымдар мен көзқарастар пікірталасқа түсетін алаң. Тек авторлардың шығармалары ғана емес, оны басушы шығаратын, сататын, келіссөз жүргізетін саланың әрбір қатысушысы тәжірибе жинайтын, ой түйетін орын — бұл.

Қазақстанның екінші жыл қатарынан әйгілі кітап көрмесіне Ұлттық стенд қойып, алдыңғы қатарлы елдермен терезесі тең қатысушыға айналуы — Мемлекет басшысының саясатын дұрыс бағытта жүзеге асырып отырған, еліміздің мәдени саясатын жүйелі негізде қайта құрған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, министрлік бастамасына ауызбіршілікпен қолдау білдірген, атсалысқан қазақстандық баспалардың, авторлардың ортақ жеңісі.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың цифрландыру, жасанды интеллект бағытындағы ұстаным-саясатының өте орынды әрі уақтылы басталғанын көзіміз көрді. Қазақстанның баспа ісі, кітап ісі саласы да кейбір жұмыстарды жүйелеуде жасанды интеллекті мүмкіндіктеріне жүгінбесе, жылдар бойы жиған абырой, еткен еңбек, төккен тер далаға кететін түрі бар.

Франкфурт халықаралық кітап көрмесінің бағыздан қалыптасқан дағдысы — әр жыл сайын «Құрметті қонақ» бекіту. Биылғы көрменің құрметті қонағы — Филиппин. 700-ден аса кітап, қос стенд ұйымдастырған арал халқы өз жұртының әдеби мұрасын шетел тілдеріне аудару, әдебиеттің музыкамен және киномен байланысы, әдебиеттің салалық бағыттарын ламыту туралы сәтті жұмыс жасады деп пайымдауға болады. Ал көрменің 2026 жылғы құрметті қонағы — Чехия. Чехияның «құрметті қонақ» мәртебесін алуына сол елдегі үкіметтік емес ұйымдар — әдеби агенттіктер мен баспагерлер бірлестігі ерекше еңбек сіңіріпті. Келер жылы чех жұртының әдеби мұрасы күллі әлем назарына айрықша насихатталады. Міне, бұл — жеңіс, жетістік. Біз алдағы жақын жылдары дәл осы халықаралық кітап көрмесінің құрметті қонағы болуға, өз мұрамызды мол насихаттау мүмкіндігіне жетуге ұмтылғанымыз жөн.

Түйгеніміз — жасанды интеллект мүмкіндіктерін интеграциялай отырып, еліміздің толық библиографиялық цифрлық каталогын әзірлеу, тәуір туындыларды экранизациялау мен маркетинг жұмысын ілгерілету, кітаптарды әлеуметтік желі арқылы насихаттау, қазақстандық авторлардың еңбегін шетел тілдеріне аудару жұмысын жүйелеу және тақырыптық шеңберімізді кеңейту. Осындай ой түйуге, тәжірибе жинауға, әсіресе делегация құрамындағы саланың жас қызметкерлеріне кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік берген ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне разышылық білдіреміз.

Кітап ісі қазақ руханиятының тіреуші саласы болса, демек, оның бойына қан жүгірту, кәсібилік деңгейін арттыру, жаһандық тенденцияларға бейімдеу — парыз әрі аманат.

**Әділ ҚОЙТАНОВ,**

ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры

# СЫННАН ӨТКЕН, СЫРЫН ТӨККЕН

Олар да біздей ауылдан арман қуып келіп, білімге бой ұрған студент болды. ҚазМУ қалашығындағы сол баяғы 5-жатақхананы дүбірлетті. Бірде аш, бірде тоқ жүріп, жастық шақтың жалауын желбіретті. Сосын, ізмізден еріп журналист атанып, білек түре басылымдарға қызметке тұрды. Алдымен, жастар газеттерінде жалынды мақалаларымен танылды. Одан республиканың бас басылымында қызмет істеуге қабілетті екенін көрсетіп, аға буын арасына сыналай кірді. Енді, міне, есімдері елге кең танылған тұлғаларға айналды. Бұл анықтаманы Нұртөре Жүсіпке, Бауыржан Омарға, Махат Садыққа, Арман Сқабылға, Амангелді Сейітханға және басқа ондаған «мен атайын, сен тұра тұр» дейтін қаламдас інілерімізге арнауға болады. Соның бірі — Серікқали Мұқашев бауырымыз.



Осы Серікқалимен бірнеше жыл бір ұжымда қызмет істедік. Бұйрабас жігіт әу баста сыпайылығымен, таза киініп, түзу жүретінімен көзге түсті. Шерхан Мұртаза бас редакторы болған дәуірден бастап, республиканың шынайы көшбастар басылымына айналған «Егемен Қазақстан» газетіндегі мүйізі қарағайдай тұлғалар қатарға енді қосылған жас журналиске сын көзімен қарағаны хақ. Бірақ сол кездің өзінде бұл жігіт бірқатар қоғамдық жүкті көтере келгенін біреу білсе, біреу білмеген.

Біз өзіміз Серікқалиды бірден әріптес деп таныдық. Өйткені оған дейін студент жастардың серігі болған «Өркен» газетінен өткір макалаларын оқып жүретінбіз. Белгілі қоғам қайраткері, екі-үш дүркін ақпарат министрі болған Алтынбек Сәрсенбайұлы марқұм осы «Өркен»-«Горизонт» газетін басқарған бірер жылда республикалық биікке көтеріп, бір кездегі «Лениншіл жас» сынды жастар арасындағы сүйікті басылымға айналдырды. Сол «Өркеннің» сүйекті макалаларының авторы — Серікқали Мұқашев.

Серікқалидың елеулі еңбегінің бірі — бүкіл қазақ оқырмандарына алғаш рет Лондон университетінде тағылымдамадан өтіп келген социолог-зерттеуші Марат Тәжинді таныстырғаны, осы «Өркен» газеті арқылы. Кейін Тәжин тәуелсіз елдегі ең қабырғалы қайраткердің бірі болды. Үлкен қызметтерге қол жеткізді. Соның бәрінің бастауында Серікқалидың мақаласы тұрғаны ғажап!

Мына кітапқа топтастырылған макалалардың бір бөлігі өткен ғасырдың сонау тоқсаныншы жылдарының басында жазылып, қазір тарих төрінде қалған «Өркен» апталығында жарияланғанымен, құндылығы әлі жоғалмағанына таңғаламыз. Сол сияқты енді ғана «Егемен Қазақстан» атанған газетте көтерген тақырыптары ширек ғасырдан соң да жұртшылықты толғандырады екен. Мұны әсіресе Байқоңыр ғарыш айлағына қатысты мақалаларынан байқалдық. Жалпы, казактілді журналистер арасында ол жылдары Байқоңырға барып, бұл күрделі кешенмен егжей-тегжейлі танысып, ішкі-қырындысын актуарға қабілеті жеткендер бірін-саран. Бұл орайда Серікқалиды «жұлдызды журналист» деуге болады. Ол тіпті сол тұста болашақты болжап, қазақ ұлтынан шығатын екінші ғарышкер Талғат Мұсабаев болмағын тап басып айтып еді. Беріде Талғат бір емес, ұмытпасақ, үш мәрте ғарыш кеңістігін шарлады. Екі елдің де батыры атанды.

Сонау тоқсаныншы жылдар басында жас та болса жігерлі тілші Мұқашевтің жер тағдырына орай толғаған бірнеше мақаласының әлі де өзекті екендігіне таңғалмасқа болмайды. Біздің ғарыш, жер, экология және басқа тақырыптарда бауырымызбен қатар қалам тербегеніміз есте.

Әсіресе Кенес Одағы армиясында әлім-жеттікке тап болған, негізсіз қысым мен қудалау көрген қазақ солдаттары туралы жарыса жазғанбыз. Ол «Өркен»-«Горизонтта», біз «Егемен Қазақстан» газетінде. Нәтижесінде, бірнеше солдатты соттан аман алып қалдық, Қазақстанда қызмет етуге ауыстырдық. Сол додаға толы күндердің дүбірі мына кітаптан қайта естіледі. Біз Москва, Курск бағытына жол шегіп, қазақ солдаттарының соңындағы іздеушісіне айналсақ, Серікқали бауырымыз сонау Қиыр Шығыстан бір-ақ шыққан. Новокузнецк, Благовещенск қалалары арқылы Хабаровскіге жеткен. Онымен шектелмей, Сахалин түбегінің оңтүстік түбіне жетеді. Алып елдің ең алыстағы нүктесі. Былайша айтқанда,

жердің шегі. Сондағы әскери бөлімге, одан әскери прокуратураға барып жүріп, ақыры жазықсыз істі болып жатқан қазақ жауынгері Ерлан Илиясовты босатып алады.

Мақалада Орталықты пір тұтқан орыс ұлтты офицерлердің оспадарлығы айнадағыдай анық көрсетілген: «Ерланды босатып алған күннің ертеніне полк командирінің шақыруымен штабқа бардым. Ойлағаны іске аспай, уысындағыны шығарып алып опық жеген подполковник, енді менен елге барған соң газетке жазатын материалдың сұлбасын жасап берудімі талап етті. Апырым-ау, неге? Өйтпеге хакысы бар ма? Егер істегені адал, айтқаны ақиқат болса, өз сөзінен өзі неге қорқады? Тіпті жол қағазыма белгі соқпай, алып қойып, пендешілік қысым да көрсетпекші болды. Сондай ұсақтыққа барған подполковник дүбірлеген қолды басқарып отырғанына таңғалдым», — деп аяқтайды автор мақаласын. Кейінгі оқиғалар осы ұсақтыққа салынған офицерлердің үлкен мақсаттан қалай айырылып қалғанын айғақтаған.

Серікқалидың бұл кітабынан артта қалған жылдардың басқа да картиналары көз алдымызға келеді. Жекешелендірудің жыры біраз беттерде тұр. Бүкіл елді зәредеп қылған рәкет атты пәленің қандай екенін «Қасқырға айналғандар» атты мақаласында суреттейді. Тіпті тақырыбының өзін қалай дәл тауып қойған!

Ал жалақы беруге қаржысы жоқ ұжымның қалай қой таратқаны туралы мақаласы оқыған адамның ішек-сілесін қатырады. Тура кинодағыдай комедиялық көріністі автор сөзбен-ақ жеткізеді. «...бір ағайымыз көз алдымызда аяқты нәпакасынан айырылып қала жаздамасы бар ма. Өткендегіше Гогольдің бойына шығып, өзуне темекісін, қолтығына пәпексін, бұғына қойын қысып тұрып, такси ұстамақ болған ғой. Көзі қанталаған бәле, бырылдап өткен мәшиненен үрікті ме, ытқып ала жөнелгені. Жүгенсіз мәстек мінгендей ағамыз ауып барып, аяқтары көкті, шүйдесі жерді тіреп, шалқасынан шарқ етті. Өлді-ау дедік! Жок, өлмеді. Шатқаяқтап тұрып, шәпкісін киіп жатыр». Ар жағында қойды қалай қуғандары, жабылып жүріп қалай ұстағандары туралы кітаптың өзіннен оқу керек.

Сол жылдары Алматының қалдық суы құйылатын Сорбұлақ өзекті тақырып еді. Шетелге қыран құстарды сатағындар туралы алғаш дабыл қаққанының бірі — Серікқали бауырымыз. Құс сатқан не, арғымақтардың бағын байлаған адамдар туралы атакты мақаласын аттап өтуге болмас. «Қолды болған сәйгүліктер» атты мақаласы кезінде үлкен министрлікті дүрбелеңге түсірген. Жыл бойы дауға айналған. Ақыры автор көтерген ақиқат түбегейлі анықталып, тілші тағы бір түйінді мақала жазды. Бірақ қарсы жақ та қарап қалмасы белгілі. Олар авторды қайткенде де аттан аударып тастауды көздеді. Иә, тура осы мақалада шындықты айтқаны Серікқалидың біраз жүйке талшықтарының желінуіне, алғаш шашының ағаруына себеп болды. Бұл да Нұри Мұфтах, Қажытай Илиясов, Жұматай Сабыржанұлы сынды талай ағасының басынан өткен кеп еді. Ол сыннан өтпесен, елдің сені мойындауы қиын.

Сөз соңында Серікқали Мұқашевтің тегеурінді топтың өкілі екенін айта кетелік. Онымен бірге оқығандар қазіргі қазақ журналистикасында атой салып жүр. Ғабит Мүсіреп, Ермахан Шайхы, Нұржан Қуантайұлы сынды талантты қаламгерлер бүкіл қазақ еліне танымал. Ал бұл кітаптан сол жігіттердің студент кездегі қызықтары оқып, жастық шақ оралып келгендей, бір желпініп қаласын.

**Қайнар ОЛЖАЙ**

(Басы 13-бетте)

Сондай күндердің бірінде мұғалім: «Кенжебекова, көйлек киіп кел, сен қыз екенсің ғой», – дегені. Бітті... Өзім сапсары, толық болатынмын, тұра жүгіріп, сыныптан атып шықтым. Содан домалап жүгіріп отырып, жоғарғы көшедегі үйге жеткенше қара терге малындым. Әлгі сөзді не елге, не үйдегілерге айта алмаймын. Ауылда тұратын бір-екі үлкен әжелеріміз бар еді. Сол кісілер бөлмеге ақырындап кіріп: «Алмаш, айналайын, сенің ақылың бар ғой. Сен деген әкенің ұлға татитын қызы, азаматы болдың. Сен ұл десе – ұл, қыз десе – қызсың. Әкең ауырып жатқанда: «Қолына қамшы ұстайтын ұлым болмады-ау», – дегенін естіп едік. Осы уақытқа дейін көңіліңді қимай келдік, енді қызша киінбесең болмайды, айналайын», – деді. Үлкендердің сөзінен кейін орнымнан тұрдым. Ісініп, жұдырық түйіп, бұртиып тұрғаным. Тіктірген белдемшені әкеліп кигізе бастады. Енді ана юбка маған жараспайды, мен оған келмеймін. Әжелерім мақтап-мақтап, юбканы кигізіп, түймесін бел тұсыма қадады да, кетті. Өмірімдегі ең қатыгез күн сол күн болды.


Енді ол юбкамен мектепке баруым керек қой... Шалбарды шешу деген мийма сыймайды. Юбканы шалбардың сыртынан киіп алам да, етегін бүктеп-бүктеп ішке салып қоям. Мектепке жеткен соң, әлгі белдемшені шығаруға қиналғаным-ай... Расын айтқанда, тұрмысқа шыққанша әрең-әрең үйрендім белдемше киюді», – деген талант иесінің өмірінің бір үзік сәті де бүгін аңыз болып айтылады.

Кендебай Темірбайұлы – сахнада өмірдің өзіндей табиғи кейіпкерлерді сомдайтын сирек талант. Ол үшін сахна – тағдыр. Әрбір рөл – өмірдің жаңа тарауы. Кендебай Темірбайұлының дауысында философиялық салмақ, көзінде сабырлы от бар. Сахнаға шыққанда бір сөз айтпай-ақ, ішкі болмысымен кейіпкердің тағдырын сезіндіре алатын



актёр 70-тен астам алуан түрлі рөлдерде ойнады. Ол М.Әуезовтің «Қаракөзіндегі» – Сырым, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуындағы» – Қозы, Ш.Құсайыновтың «Алдар көесіндегі» – Алдар көсе, Т.Ахтановтың «Күшік күйеуіндегі» – Бекболат, С.Жүнісовтің «Өліарасындағы» – Жуков, Б.Тоғысбаевтың «Ақын Сарасындағы» – Әріп, Ш.Айтматовтың «Жәмиласындағы» – Данияр, «Арманым-Әселімдегі» – Жантай, Р.Сейсенбаевтың «Өзінді тап» қойылымындағы – Әділет,

Т.Қалилахановтың «Алтын бесігіндегі» – Жәпек, А.Вампиловтің «Сүйінші табылдысындағы» – Кудилов, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпанындағы» – Торсан, Ш.Құсайыновтың, А.Кенжебекованың «Абай туралы аңызындағы» – Ербол, Т.Әліпбайдың «О, Атилла, Атилласындағы» – Хильдбранд, «Қанды ғасырындағы» – Бошақан, К.Әбдірахмановтың «Мұнар да, мұнар, мұнар күніндегі» – Махамбет, «Қаракерей Қабанбайындағы» – Ақтанберді жырау, Л.Егембердиевананың «Әріптестеріндегі» – Мықтыбек, «Ғашық жүрегіндегі» – Әуезхан, Қ.Сатыбалдиннің «Аякөз аруындағы» – Шатшөлекей хан, Р.Сейсенбаевтың «Қазақстан тұңғышындағы» – Еремін, М.Әуезовтің «Бәйбіше-Тоқалындағы» – Жендет, Т.Әлімқұлотың «Қош бол, Қараойындағы» – Ықылас тағы басқа кейіпкерлерді сомдауы нағыз театр өнерінің шырқау биігінен көрінді. Ұлт батырлары



– Қабанбай, Барак сұлтан, Жәпекті, акындар – Махамбет, Әріп, Ақтанберді, Нысанбай жырауды, Е.Төлеубайдың «Алаштың Әлиханында» – Әлихан Бөкейхановты, М.Әуезов пен Қ. Мұхамеджановтың «Айман-Шолпан» коме-

диясында Көтібар бейнелерін сахналауы да өнер иесінің толысқан, жан-жақты талант екенін дәлелдейді.

Алмахан Кенжебекова – нәзік те әр әйел образдарының шебері болса, Кендебай Темірбайұлы – сабыр мен рухтың туа біткен кескіні секілді. Алмахан апай жас таланттарға сахнадағы нәзіктікті, әйелдік болмысты, рөлге адалдықты үйретсе, Кендебай аға ер мінез, актерлік мәдениет пен сахналық жауапкершіліктің мектебін көрсетіп жүр.

Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

ҚОҒАМ

## Бітімгершілік мәдениеті – ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ



**Астана қаласында Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен «Әлеуметтік және этносаралық қақтығыстарды реттеудегі медиацияның рөлі» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.**

Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына орай Достық үйінде өткен конференция әлеуметтік және этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен шешудің тиімді тетіктерін анықтауды, медиация институты негізінде диалог мәдениетін дамытуды әрі қоғамдық келісімді нығайтуды басты мақсат тұтты.

«Достық үйінде құрамына этномәдени бірлестіктердің кәсіби және қоғамдық медиаторлары кіретін Этномедиация орталығы жұмыс істейді. Қазақстан халқы ассамблеясының медиаторлары қоғамда тұрақты сенім мен өзара түсіністік ахуалын қалыптастыруға ықпал ете отырып, этносаралық келісімді нығайту, әлеуметтік шиеленістердің алдын алу жолында жүйелі және нәтижелі жұмыс жүргізуде», – деді елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы этномедиация орталығының үйлестірушісі Роза Бекішева бірқатар жүзеге асқан шаруалармен таныстырып.

Жиынға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария және басқа елдердің мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың, сараптамалық қоғамдастық пен ғылыми институттардың өкілдері қатысты.

Конференцияны Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова ашып берді. Ол өз сөзінде қаладағы этносаралық тұрақтылықты сақтау, медиацияны дамыту және қоғамдық келісімді нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, Ассамблеяның қоғамдағы диалог пен өзара түсіністік мәдениетін қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтті.

Спикерлер медиация институтының дамуы, әлеуметтік шиеленістерді бейбіт жолмен шешу тәжірибесі және елдер арасындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Конференция халықаралық деңгейде тәжірибе алмасу алаңы ретінде жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі медиацияның өзектілігін көрсетті.

ҚХА республикалық этномедиация кеңесінің төрағасы Шерзод Пулатов өз баяндамасында медиация құқықтық, мәдени және психологиялық тәсілдерді біріктіретінін және әлеуметтік шиеленісті болдырмауға көмектесетінін жеткізді. «Бүгінде біз медиацияны маңызды бағыттардың бірі ретінде дамытып жатырмыз. Медиация – адамдар арасындағы өзара түсіністікті дамытып, келісімге келуге, жанжалдарды шешуге қатысты дүниелерді үйлестіреді. Негізгі мақсат – медиация және татуластыру рәсімдері институтын дамыту. Татуластыру тәжірибесінің өзі

біздің қоғам үшін жаңалық емес екенін атап өткім келеді. Біздің тарихымызда аға ұрпақ әрқашан бейбіт жолмен шешудің әдістерін қолданды, көршілер, отбасылар немесе қоғамдастық арасында келіспеушіліктер туындаған кезде, бәрі құрметті адамдардың, ақсақалдардың қатысуымен шешілді. Мұндай конференцияларды өткізу біздің дұрыс бағытта келе жатқанымызды дәлелдейді. Мұндай дөңгелек үстелдер тәжірибе алмасуға, жаңа тәсілдерді табуға және қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға мүмкіндік береді», – деді ол.

Ауқымды жиында Қазақстанның этносаралық келісім үлгісі халықаралық деңгейде ерекше атап өтілді. Қазақстан халқы ассамблеясының моделі толеранттылық пен инклюзивті диалог қағидаттарына негізделген, бейбіт өмір сүру мен жанжалдарды болдырмаудың тиімді құралы ретінде бағаланды.

Конференция қорытындысы



бойынша мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерде әлеуметтік және этносаралық жанжалдардың алдын алудың және шешудің негізгі құралы ретінде медиация институтын нығайту; жоғары оқу орындарында медиаторларды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, медиация және бітімгершілік саласындағы тәжірибелер және ғылыми зерттеулермен алмасу үшін тұғырнама құру; қоғамдық медиаторлардың мәртебесін нығайту және олардың жанжалдардың алдын алуға қатысуын кеңейту мақсатында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; онлайн-медиация және қактығыс тәуекелдеріне ерте мониторинг жүргізу үшін цифрлық және инновациялық құралдарды ілгерілету; диалог пен зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ақпараттық-ағарту жұмысын күшейту; жастар мен отбасы институттарын қоғамдық келісімді нығайту және бейбітшілік құндылықтарын ілгерілету процестеріне тартуға жәрдемдесу сынды ұсынымдар қабылданды.

Конференция қатысушыларының пікірінше, Қазақстан тәжірибесі бітімгершілік пен медиацияның жаңа жаһандық тәсілдерін қалыптастыруға негіз бола алады.

# Мақсат ТӘЖ-МҰРАТ

Көрнекті жазушы, эссеист, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мақсат Тәж-Мұрат 66 жасында дүниеден өтті. Ол 1959 жылы қарашада Атырау облысына қарасты Қосшағыл поселкесінде дүниеге келген. 1978 – 1983 жылдар аралығында ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. 1983 – 1990 жылдар аралығында «Білім және еңбек» журналында әдеби қызметкер, «Социалистік Қазақстан» газетінде тілші, «Горизонт» – «Өркен» газетінде редактордың орынбасары, «Жалын» журналының жауапты хатшысы, Қазақстан ЛКЖО ОК жастар бұқаралық ақпарат құралдары секторының меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1990 – 1999 жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінде аспирант, аға оқытушы, доцент болды. 1994 жылы «Ғұмар Қараштың ақындығы» тақырыбында диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми

дәрежесін алды. 2006 – 2007 жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, 2007 – 2009 жылдары «Ана тілі» газетінің бас редакторы, 2009 жылы Астана қаласына ауысып, 2013 жылға дейін «Астана» журналының бас редакторы қызметтерін атқарды.

Мақсат Тәж-Мұрат «Шәңгерей: жасампаздық өмірі», «Батыс Алаш-Орда: биобиблиографиялық сөздік тәжірибесі», «Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы», «Кәбиса жыл: зерттеу, эссе, әдеби толғамдар», «Қаһармандық анатомиясы. Мәншүктің мәлімсіз майданы», «Димаш. Когда жаждут крика» кітаптарының және мерзімді басылымдар бетінде жарияланған көптеген мақаланың авторы.

Қазақ әдебиетінің және қазақ баспасөзінің дамуына зор үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жадында сақталады.

**Қазақстан Жазушылар одағы  
Басқармасының хатшылығы**



## СЫРШЫЛ ЖҮРЕК ТОҚТАПТЫ

1978 жылы ҚазМУ журфагының табалдырығынан бірге аттап едік. Сол кезден білімпаз, дегдарлығы мен беззаттығы анық байқалған, ізденісі мол, өзіне талабы күшті, сөздің майын сығымдап тамызатын сыршыл жүрек тоқтапты!.. Беу, дүние-ай!

Мақсат Ізімұлы өмірден өткенде, егіліп жоқтап еді. Енді сол Мақсаттың артынан Мақсат та кетті... Қайбір жылы Құлынды өлкесіне Қуат Есімханов ағамыз арнайы делегациямен Қыз Қорланның жатқан жеріне зиярат жасатып еді. Жолға да, жорыққа да сақадай-сай Мақсат иығына фотоаппаратын асынып, керемет әсермен оралған... Арагідік «Сэр!» – деп сәлем бастап, күмбір күлкісімен сағаттап сөйлесетін Мақсат бауыр махамбеттер мекеніне көш түзепті. Иманың кәміл болғай, сыралғы дос.

**Нұртөре ЖҮСІП**

## ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАРА НАРЫ

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым, талантты эссеист жазушы, мәдениеттанушы, музыка білгірі Мақсат Тәж-Мұрат ініміз кенеттен қайтыс болыпты деген суық хабарды есіткенде, төбемізден жай түскендей болды. Өйткені бір-бірімізді білгелі, араласқалы өз басым Мақсаттың денсаулығына шағымданып, басы ауырып, балтыры сыздағаны жөнінде ауыз ашқанын көрген жоқ едім. Мүмкін, ауырған кездері болған шығар, табиғатынан кесекті ердің сойындай болып жаратылған ол, басынан өткен барлық қиыншылықтарды қасқайып көтере білетін. Мақсат Тәж-Мұрат бүкіл саналы ғұмырын өткенінде есесі кеткен елінің, асыл халқының руханиятын түгендеуге, соның жыртығын жамауға арнаған тұлға болғанын замандастары көзі тірісінде-ақ мойындаған. Сонда да айта кетейік, қазақ руханиятында Мақсат

атсалыспаған сала жоқ. Бір өзі бір ғылыми зерттеу институтының жұмысын атқарып кеткен осы аяулы жан қазақ Алашорда қозғалысы мен оқу-ағарту саласында жиырмасыншы ғасырдың бастауында тұрған Ғұмар Қараш, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедовтерден бастап, шығыс қыздарынан шыққан қос жұлдыз – Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, атакты әншілер Майра Уәлиқызы, Құрманай Омарова, бүгінгі қазақ өнерінің жарық жұлдызы Димаш Құдайбергеге дейінгі тұлғалардың көркем галереясын жасап берді. Көркем әдебиетте де түрден салды.

Мақсатжан, аяулы інім, сенімен осы бір қоштасу сөзімде басқа не айтарымды білмей отырмын. Қош бол, ардақтым! Рухың пейіштің төрінде шалқысын!

**Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ**

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘДЕБИЕТТІҢ ӨКІЛІ

Қазақ әдебиетінде интеллектуалды шығармалар көп жазыла бермейді. Сирек жазылады және ол әдебиетті іздеп жүріп оқитын өз оқырманы бар. Мақсат Тәж-Мұрат алдыңғы аға буыннан, көзі тірілерден интеллектуалды әдебиетте өнімді еңбек ете бастаған қаламгер еді. Өкінішке қарай, өзі айтып жүрген, өзара сөйлескенімізде «жазып, аяқтап қалдым» деген шығармаларын ұсынып үлгерген жоқ. Оның үстіне, Мақсаттың көп уақыты эссе жанрына кетті. Эссе, өзі қас таланттар ғана жаза алатын, мұңлы, сырлы, терең жанр еді ғой. Міне, осы жанрдың нағыз белді өкілі болатын Мақсат. Мәншүк Мәметовадан бастап, қазақтың бүгінгі ерек таланты Димаш Құдайбергеге дейін жазған эсселері хикаятқа бергісіз. Соның бәрі әлі де жалғасын таба бергенде әдебиетіміздің қоржыны әлі де байи түсер еді. Әдебиетке кештеу араласса да, толысып, керемет шығармаларға қалам тарта бастап еді... Өкінішті... Кімге болса да қаза деген ауыр ғой. Соның ішінде Мақсат секілді нағыз сөз шеберлерінің өмірден өткені жанға тіптен батады. Әдеби ортаның қайғысына ортақпыз. Көрмеген қызығын ұрпағына берсін деп тілейміз.

**Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК**

## РУХЫҢ ӨШПЕСІН!

Өзінің де жасын алпыстан асқасын ажалдың шалғысы өткірленіп, жан-жағыңды шапшаңдата отап жатқандай бойыңды әлдеқандай буалдыр сезім билейді ылғи. Көзкөрген, қатарлас, замандас қой деп жаназасынан қалмауды міндет санағанмен кейде тек осындайды аңдып жүргендей, жұрт кетіп, сен қала берердей қолайсыз күй кешесің. Кетіп жатыр, көп кетіп жатыр. Қимасың да, сыйласың да.

Кеше Самат Ибраим марқұмның жылдық асында әзілін араластыра естелік айтып, жарқылдап тұрған Мақсат Тәж-Мұрат бүгін жоқ.

Жазу машығы бөлек, ой қорытуы, дүниауи көзқарасы тіптен ерек бір қаламгер көшті дүниеден. Орнын тастап кеткен жоқ. Өкініштісі – сол. Танымға, талқыға жетелейтін әдемі эсселер енді жазылмайды. Ол жинаған мол білім өзімен бірге кетті. Жанкешті жазушыға тән еңбекқорлық та, ізденімпаздық та басқаларға мирас болмайды.

Өнер өлмейді, мәтін өлмейді. Ол үшін ең озық әдебиет үлгілері, оның ішінде, нақ осы Мақсаттың мұрасы да зерттелуі, зерделенуі керек. Келешек ұрпақ игілігіне жету керек. Сонда біз оны өлген жоқ дейміз.

Ергелі-кеш бәріміз де баратын бақи ғой, ақиқат солай, ендеше, алдың жарық болсын, ақыретінде қуан, Мәке, рухың өшпесін!

**Болат ЖЕТЕКБАЙ**

## БЕЙМЕЗГІЛ ЖЫЛАТТЫҢ ЖҮРЕКТІ...

Мақсат дос... Қашан да ізденіс үстінде еді. Ғұмыры сапардан сапарға жалғасып жүруші еді. Қаралы хабарға сенгіміз келмейді. Баршамыз фәни жалғанға қонақ екенімізді білсек те қанатымыздың қашан қайырылатыны Аллаға ғана аян. Қаршадайынан білім-теңіздің тереңіне сүнгіді. ҚазМУ-ді бітірген соң ірі қызметтердің жалынан ұстады. Мансап қуып жүре бермей көкейіндегі арманын жүзеге асырды. Докторантураны бітіріп, Ғұмар Қараш шығармашылығы жөнінде кандидаттық диссертациясын қорғады. Журналистикада «шіркін, мен жазсам ғой!» дейтіндей тосын тақырыптарды жеріне жеткізіп, жарқ еткізіп жариялайтын. Эссе жанры оң жамбасынан келді. Ана жылдары «Кәбиса жыл» атты кітабы жас қаламгерлерге үлгі болды. Димаш туралы көсілген кезде, музыка жанрын жан-жақты зерттегеніне таңғалушы едік. Өмірде қатарластарын таң-тамаша қалдырып жүріп, тылсым дүниеге аттанды. Біз студенттік кезді бірге өткіздік. Тимур, Мақсат, Мақсат – төртеуіміз бір пәтерде тұрдық. Оқып жүргенде – «XXI ғасырдың әнші жігіті» деуші едік. Білімділігімен, біліктілігімен, зерделігімен бізден ерекшеленіп тұратын. Кейінгі жылдары шығармашылығы кемеліне келіп, қаламы жүрдек бола түсті... Амал қанша, ажалекен ойламаған жерден кесе-көлденең тұрып ап, тірлік сапарын шектеді... Бақұл бол, қаламдас дос!

**Жомарт ИГМАН**

## ҚАРА ЖЕРГЕ ҚИМАЙТЫН ҚАЙСАР ЕҢ-АУ...

Қайран Мақсат аға...

Жалған дүниені ойда жоқта тәрк еткеніңізді естігенде, сенер-сенбесімді білмедім ғой. Арман-максатыңыз көп еді, жазғаныңыздан жазарыңыз көп екенін жиі айтатынсыз. Бірақ тағдыр оған мұрсат бермепті-ау...

Осыдан он жыл алдын Алматы облысында журналистерге арналған престурда алғаш рет жүзбе-жүз кездесіп, бір дастарқаннан дәм татып, таныс-біліс болсақ та, етене араласып кетуіміз 2021 жылдың басынан басталып еді. Астанаға барған сапарымда марқұм – сізге дос, маған сырлас аға – Мақсат Ізімұлы сіз туралы көп әңгіме айтып, соның әсерімен Алматыға келген бойда өзіңізді Қаскеленнен іздеп тауып сұхбат алып, ол сұхбат бірнеше басылымға көшіріліп басылып, бір шалқып, соны жуып отырғанымыз кеше ғана еді... «Türkistan» газетіне талай материалдарыңызды аттай қалап алып бастырып едім. Кейінгі кезде «Әдебиет» порталының басыбүтін авторы болып, талай ғажап эсселер жариялап, жұрт таласа оқитын авторға айналып едің.

«Прозада күшімді сынап көрсем қайтеді?» деп едіңіз бір-екі жыл бұрын. «Әрине, оған еш кедергі жоқ, көркем әдебиет ешкімнің

меншігі емес, алға» деді өзіңізге тілеулестер. Сөйтіп, өрісі бөлек, тұлғасы өзгеше «Жаңа жыл кешінде» деген әңгіменіз жарияланды. Ол жұрттың көңілінен шықты. Ұзамай, сыныптас досыңыздың әсерлі ғұмыр жолынан алынған қызық тауарихты баяндаған «Он бірінші ауылдың Павлик Морозовы» атты шағын хикаятыңыз кітап болып шығып, оқырмандардың да, әдеби ортаның да назарын аударды, тіпті Жазушылар одағының проза секциясында талқыланып, тәп-тәуір бағасын алды. Шығармаларыңыздың осылай бағалануынан қанаттанып, «бұйырса, алда әлі де талай шығармалар жазамын» деп едіңіз. «Тумақ барда өлмек бар» екенін білсек те, осылай күтпеген жерден кетіп қалады деп ойламадық қой. Жүрегім не басым ауырады деп қандай да бір қауіпті дерт туралы айтпайтынсыз. Сондықтан сізді жүз жасайтындай көретін едік...

Қысқа уақытқа болса да інім деп ізіңе ертіп, сырлас та сыйлас аға болдыңыз, көп өнеге бердіңіз. Бәрі үшін рақмет!

Артыңызда құнды да мол мұра қалды, солар тұрғанда халқыңыз да, тарих та сізді ұмыта қоймас. Рухыңыз пейіште нұрланғай!

**Ахмет ӨМІРЗАК**

## «КӨСЕМСӨЗ КЕМЕҢГЕРІ: ШЕРХАН МҰРТАЗА»

Зерттеуші ғалым Римма Жаксылықбаеваның «Көсемсөз кемегері: Шерхан Мұртаза» атты екі томдық монографиясы өзекті тақырыпқа жазылып отыр. Еңбекте қарымды қаламгер Шерхан Мұртазаның 1956–2000 жылдардағы өмірлік, шығармашылық жолына, қазақ публицистикасына дамытудағы рөліне, баспасөздегі редакторлық-ұйымдастырушылық шеберлігіне, очерктеріндегі тілдік-стильдік, көркемдік әдіс-тәсіліне, публицистикалық туындыларының жанрлық түріне, шығармаларының композициялық-құрылымдық поэтикасына ғылыми тұрғыда баға беріп талданады. Шерағаның қазақ журналистикасына қосқан үлесіне, журналистік, редакторлық, басшылық қызметіне, публицистикалық туындыларының тақырыптық, проблемалық, тілдік, стильдік өзгешеліктеріне баға беріледі.

Автор монографияның соңғы қосымшаларында Шерхан Мұртазаның шығармаларына жазылған рецензияларды, жазушы туралы қаламдас аға, әріптес іні, шәкірттерінің естелігін, қаламгерден алынған сұхбаттарды береді. Сондай-ақ публицистикалық шығармаларының барлық кезеңіне қатысты мақала, очерк, рецензия, эсселерінің библиографиялық тізімін жасайды.

Монография журналистика факультеті студенттеріне, қазақ баспасөзін зерттеушілерге, жас ғалымдар мен журналистік шеберлікке қызығатын барша оқырман қауымға арналған.

Алматы, «Қазақ университеті», 2025

## «КҮЙШІ ЖІГІТ ҚҰМАРЫМ»

Бұл жинақта елімізге белгілі алматылық сазгер, акын, актриса, кестеші, кірнеші Өрікгүл Өтеміс – Жаныстың өмірі, шығармашылығы, ғұмырында терең із қалдырған кезеңдері, еңбек жолын бастаған ортасы жайлы сыр шертіледі. Жан сұлулығы өмірін өрнектеген, жүректің әміріне бағынған ақынның аялы алақанмен тоқылған кестелері, арнау өлеңдері жас аналарға, жеткіншек қыздарымызға үлгі ретінде және көпшілік оқырманға арналады.

Алматы, «Ақ Шағыл» баспасы, 2024



## «ПУБЛИЦИСТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ: ДАРЫН ТАБИҒАТЫ, ЖАЗУ МАШЫҒЫ»

Бұл еңбекте автор Бағдат Сұлтанқызы қаламгер Оралхан Бөкей мен Мұхтар Мағауиннің публицистік шығармашылығындағы дарын табиғаты мен жазу машығындағы ерекшелік сипатын көрсете отырып, еңбек, тәжірибе, шеберлік ұғымының астарын жан-жақты аша түседі.

Еңбектің алғашқы тарауында публицистиканың қайнар бастауы, Алаш баспасөзі, кеңестік дәуір және тәуелсіздік жылдардағы журналистиканың тізгінін ұстаған маркасқа журналистердің тәжірибе, әдісіндегі даралық қолтаңбасы мен тілі, стилі баяндалса, екінші тарауында Оралхан Бөкейдің публицистикасының қайнар бастауы, көркем шығармаларындағы публицистикалық сарын, қандай тақырыптарға бойлап, қандай тақырыптарға қалам тербегені, қайталанбас журналист атануының мәні ашылып, Мұхтар Мағауиннің «Жұлдыз» журналындағы журналистік һәм редакторлық қыры, көркем шығармаларындағы тарихи, деректі публицистикасы зерттеліп, сараланады.


Кітап журналистика факультеті студенттеріне, қазақ баспасөзін зерттеушілерге, жас ғалымдарға, журналистік шеберлікке қызығатын барша оқырман қауымға арналады.

«Арыс» баспасы, 2025

## «ЖЫР ЖАҢБЫР»

Әдебиетке 1985 жылдан екпіндей келіп, проза мен поэзияда қаламын тең тербеген, не тақырыпта жазса да иін қандыра, илеуін жеткізе, қанық ұлттық бояуда жазатын, арғы беттегі қандастарымыздың үлкен әдеби ортасында өзіндік өрісі мен соны соқпағы бар, өз оқырманын тапқан талантты акын, тартымды жазушы М. Баркөлдәлейдің бұл жинағына Қытай топырағында және Атажұртқа сағына жеткеннен бері жазылған, өлең-жыр, толғау-терме, поэма-дастандарының алғашқы шоғыры енгізілді.

«Мерей» баспасы



## «АДАМ - КЕРУЕН, ӨМІР - ЖОЛ»



Бұл ғибратнаме кітапта асыл жар, асқар тау әке, тыл-еңбек ардагері, «Түркісіб-Семей» қоғамдық қорының басшысы, «Құрметті теміржолшы» төс белгісінің иегері, «Семей қаласының құрметті ардагері» абыз ақсақал Максұт Көшжанұлының өнегелі өмір тағылымы, ғибратты іске толы ғұмыр жолы, саналы көкейіне өмір жайлы түйгендерімен ататек шежіресі топтастырылған. Қарт теміржолшының ұзақ сапар, қилы жол тарамдарын саралай оқи отырып, бір адамның тағдыр жолынан қазақ темір жолының тұтас бір дәуірін әспеттеген тұлға шындығы айқын көрінеді. Ғибратнамеде қазақ магистралының метріне айналған темір жол тарланының тарихи-танымдық тағылымдамасы қамтылған. Ұл-қыздары, ұрпақтарына темірқазық болар асыл сөздері арқылы ата-ананың қамқорлығы, мейір, қасиеті дәріптелген.

Кітап темір жолмен тағдыры байланған, ұлттық индустриаландырудың локомотивіне айналған теміржолшы мамандығын қасиеттейтін, ел-жұртын сүйетін оқырман қауымға арналған.

Максұт Қошжан, «Zhardem» РБК, 2025

## «ХАНДЫҚТЫҢ ДӘУРЕНІ»

Максұтқан Баркөл-Дәлейұлының бұл кітабы – біздің заманымыздың 841 жылы Елетміш білген қаған құрған сегіз оғыз хандығы құлағаннан кейін 871 жылы керейлердің көтерілуімен Марғұс бастаған батырлар Керей хандығын құрғаннан бергі, Тұғұрыл ханның, Тайбұға ханның, Сейдақ ханның ұрпақ жалғап 1598 жылға дейін кедіргекті керуенін жыраулық дәстүрдегі поэзиялық өреге көтеріп жырлаған эпостық роман. Қазақ халқының іргесін қаласқан ірі тайпалық хандықтың бірі болған осы керейлердің өсіп-өніп, бүгінгі ұлы бірліктің көк туын асқақтатуға атсалысқан айбынды жырын жалғасты шертеді...

Кітап ұрпақты тарлан тарихқа бойлауға, ұлтты тануға тәрбиелейді.



## «КҮЙ - ТАҒДЫР»

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Талап Қараш бұл кезекті жинағына ел мен жер, уақыт пен кеңістік, адам тағдырына қатысты тыныс-тіршілікті арқау еткен жаңа жырларын топтастырған. Ақын елім, жерім деп соққан жүрек лүпілін, сағынышын, перзенттік махаббатын жып-жылы лирикаға айналдыра білген.

Шайырдың нәзік те сыршыл, мазасыз да жараланғыш ой толғамдары оқырман көңілін бейжай қалдырмасы анық. Жинақ өлеңсүйер қалың оқырманға арналған.


Алматы, «Ел-таным баспа үйі, 2025



## «ДАЛА ДАНАГОЙІ МӨҢКЕ БИ»

Мөңке бидің 350 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған бұл жинаққа тәуелсіздіктің арқасында аты түркі халықтарына тегіс мәлім болған даланың дана философы, ойшыл, бүгінгі танда «Түркі әлемінің Нострадамусы» атанған сәуегей болжампаз, жырау, қоғам қайраткері Мөңке Тілеуұлының (1675–1756) қолда бар мұралары, оған қатысты құнды деректер мен ғылыми мақалалар, Мөңке би шежіресіне қатысты кейбір материалдар еніп отыр. Жинақ тарихшылар мен филологтарға, зиялы оқырман қауымға арналған.

«Жебе» баспа үйі, 2025



## «ӨЛЕҢІМ - ӨМІР ӨРНЕГІМ»

Ақын Жолдас Сармановтың бұл кітабы «Жыр-жүректің жалыны», «Асау арман арыны» және «Сағым жылдар сарыны» деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Әр жылдары жазылған өлеңдеріне туған жер, отан, адал махаббат пен достық, т.б. тақырыптағы өмір өрнектері арқау етілген.

Кітап жыр-сүйер қауымға арналған.  
«Үш Қиян», 2025



Өзірлеген Жүніс ОМАР

Редакторлар кеңесінің төрағасы  
**Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор  
**Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары  
**Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА** Марфуға,  
**ӘБДІҚҰЛЫ** Төлен,  
**БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап,  
**ЕЛУБАЙ** Смағұл,  
**ИРАН-ҒАЙЫП**,  
**КӨПШІ** Әшірбек,  
**ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас,  
**ҚАНАЗ** Молдахмет,  
**ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота,  
**НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ** Бексұлтан,  
**НҰРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай,  
**ОРАЗАЛИН** Нұрлан,  
**СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек,  
**СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан,  
**СМАТАЕВ** Софы,  
**ШАХАНОВ** Мұхтар,  
**ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы  
**Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі:  
**Жүніс ОМАР**

Мәдениет және руханият бөлімі:  
**Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі:  
**Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**

Art-редактор  
**Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі  
**Данияр ҚАБА**

Терімші  
**Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар:  
**Айнаш ӘЛДИБЕК**,  
**Гүлбану ЕРКІН**

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,  
**Ақмола, Солтүстік Қазақстан,**  
**Қарағанды, Ұлытау** облыстары

**Айтбай СӘУЛЕБЕК**,

Алматы облысы

**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ**

Абай облысы

**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ**

Ақтөбе облысы

**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ**

Атырау облысы

**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**

Батыс Қазақстан облысы

**Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН**

Жамбыл облысы

**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ**

Жетісу облысы

**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**

Қостанай облысы

**Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ**

Қызылорда облысы

**Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА**

Маңғыстау облысы

**Сағындық РЗАХМЕТ**

Павлодар облысы

**Серік ЕЛІКБАЙ**

Түркістан облысы

**Айдар СЕЙДӘЗІМ**

Шығыс Қазақстан облысы

**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ**

Шымкент қаласы

**Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ**

Кезекші:

Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:

kazakh\_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:

050009, Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы,

105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галамтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылды. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.